

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім
беру: жағдайы және даму болашағы**

Әдістемелік ұсынымдар

**Дополнительное образование детей в Республике
Казахстан: состояние и перспективы развития**

Методические рекомендации

Астана, 2015

«Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму болашағы» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015., - 226 бет.

«Дополнительное образование детей в Республике Казахстан: состояние и перспективы развития» (методические рекомендации) - Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, Астана, 2015 г., 226 с.

Әдістемелік ұсынымдарда Қазақстан республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесін талдау, оның ағымдағы жағдайы, ұйымның бағыттары мен түрлері, заңнамалық, нормативтік құқықтық, материалдық-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз етілуі ұсынылады.

Формалды емес білім берудегі балалардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру бойынша шетелдік тәжірибе берілген. Балаларға қосымша білім беру жүйесін тиімді дамыту, сондай-ақ қысқы және ұзақ мерзімді даму болашағы бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген. Қазақстан республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмі және балалардың техникалық шығармашылығын дамытуда тұжырымдамалық тәсілдер ұсынылуда.

Оқушыларды бейіналды дайындау және бейінді оқытуды іске асыруда жалпы орта, кәсіби-техникалық, жоғары және балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің кіріктіру рөлі қарастырылған.

Әдістемелік ұсынымдар балаларға қосымша білім беру үдерісін іске асыратын білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлерге арналған.

В методических рекомендациях представлен анализ системы дополнительного образования детей в Республике Казахстан, его текущее состояние, направления и виды организаций, законодательное, нормативное правовое, материально-техническое и методологическое обеспечение системы.

Описан зарубежный опыт по организации внеурочного времени детей в неформальном образовании, представлены методические рекомендации по эффективному развитию системы дополнительного образования детей, также краткосрочные и долгосрочные перспективы развития, концептуальные подходы к развитию детско-юношеского туризма и технического творчества детей в Республике Казахстан.

Рассмотрена роль интеграции деятельности организаций общего среднего, профессионально-технического, высшего и дополнительного образования детей в реализации предпрофильной подготовки и профильного обучения школьников.

Методические рекомендации адресованы широкому кругу педагогических работников организаций образования, осуществляющих образовательный процесс дополнительного образования детей.

*Рекомендовано к печати методическим советом Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования
(Протокол № 2 от 26. 06.2015 г.)*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2015

Мазмұны

1.	Кіріспе	4
2.	Қазақстан Республикасында қосымша білімнің даму тарихы	7
3.	Қазақстан Республикасындағы қосымша білім беру жүйесінің заманауи жағдайы	16
4	Формалды емес білім беру саласында балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша шетелдік тәжірибе	34
4.1.	Қазақстан Республикасында қосымша білім беру жүйесінің даму болашағы	42
4.2.	Туризм – өскелең ұрпақтың мазмұнды демалуын және бос уақытын ұйымдастырудың тиімді тәсілі	48
4.3.	Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығы – тұлғаның креативті ойлау қабілетін дамыту жағдайы	59
4.4	Қосымша білім жүйесіндегі адамгершілік-патриоттық тәрбие	75
5.	Қосымша білім жүйесінде балалардың көркем эстетикалық тәрбиесін ұйымдастыру	86
6.	Қорытынды	110
7.	Қолданылған әдебиет	113

Содержание

1.	Введение	115
2.	История развития дополнительного образования в Республике Казахстан	118
3.	Современное состояние системы дополнительного образования в Республике Казахстан	127
4.	Зарубежный опыт по организации внеурочного времени детей в неформальном образовании	146
4.1.	Перспективы развития системы дополнительного образования в Республике Казахстан	154
4.2.	Туризм – эффективная форма организации содержательного отдыха и занятости молодого поколения	160
4.3.	Научно-техническое творчество детей как условие развития креативного мышления личности	172
4.4	Нравственно-патриотическое воспитание в системе дополнительного образования	188
5.	Организация художественно-эстетического воспитания детей в системе дополнительного образования	199
6.	Заключение	225
7.	Использованная литература	228

Кіріспе

Бүгінде адамның білімділігі арнайы білімдерімен емес, отандық және әлемдік мәдениеттің дәстүрлеріне, қоғамда белсенді әлеуметтік бейімделуіне және өз бетінше өмірлік таңдауға, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті заманауи құндылықтар жүйесінде бағдарланатын тұлға ретінде оның жан-жақты дамуымен айқындалады.

Мектептегі білім беру процесі белгілі бір білімге, білік пен дағдыға үйретуге ғана бағытталып қоймай, сонымен қатар баланың жан-жақты дамуына, оның шығармашылық мүмкіндіктерін, қабілеттерін және бастамашылдық, өз бетінше әрекеттенушілік, фантазия, өзіндік ерекшелік сияқты, яғни адамның жеке даралығына қатысты барлық қасиеттерін ашып көрсетуге де бағытталуы тиіс. Адамның білімділігі деңгейіне қойылатын барлық осы талаптар базалық біліммен ғана қанағаттандырылуы мүмкін еместігін практика көрсетіп отыр: формалды емес қосымша білімге базалық білім әлі де мұқтаж. Егер қазіргі заманғы мектеп өсіп келе жатқан ұрпаққа жаңа білім беру сапасын шын мәнінде қамтамасыз еткісі келсе, ол өз қызметінің толық білім беру қағидатына негізделетін өзге функционалдық моделін құруға тиіс. Функционалдық модель жалпы білім беру мектебінде балаларға базалық (жалпы) және қосымша білім беруге тең құқылы, бірін-бірі толықтыратын құрамдауыштарға айналуы және осылайша біртұтас білім беру кеңістігін құруы тиіс екендігін білдіреді. Біртұтас – яғни, интеграцияланған, кешенді, баланың сұраныстары мен қызығушылықтарының көптігі жағдайында оны толыққанды дамыту үшін мүмкіндік туғызатын білім беру.

Жалпы алғанда негізгі және қосымша білім беру әуел бастан бір-бірінсіз болмауы тиіс, өйткені жеке-жеке алғанда олар біржақты және толыққанды болмайды. Қажеттіліктері мен қабілеттерінің алуан түрлілігі жағдайында әрбір бала өз алдына жеке тұлға болса, оған білім беру де баланың сұраныстары мен қызығушылықтарының көптігінде оны толыққанды дамытуды қамтамасыз ететін кешенді болуға міндетті.

Қосымша білім беру өз әлеуетін толық көлемде іске асыруы үшін бүкіл педагогикалық жүйенің жұмысы нақты әрі жолға қойылған болуы қажет. Сондықтан педагогтерге – мектептегі пәндік білім берумен байланысты педагогтер мен балаларға қосымша білім берумен кәсіби айналысатын педагогтердің бір-бірінің проблемаларын білгендері және түсінгендері маңызды. Олардың бір-біріне көмек көрсетуі мен бірлесіп ойластырылған іс-қимылдары жеке мектеп деңгейінде, сол сияқты тұтас бір қала, өңір, ел деңгейінде бірыңғай білім беру кеңістігін құруға негіз болады.

Өскелең ұрпақты өндіріске және елдің мәдени өміріне қатысуға дайындау стратегиясын ескере отырып, жеке-топтық білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы балаларды өзінің кәсіби және әлеуметтік қызметін саналы түрде құруға дайындауға бағытталған жалпы орта білім берудің бір бөлігі балаларға қосымша білім беру болып табылады.

Қосымша білім беру бүгінде үздіксіз білім беру жүйесінің өзекті әрі толыққанды және қажетті құрамдауышы болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары балалардың сұраныстарына неғұрлым жақынырақ және жаңа білім беру қажеттіліктеріне икемді түрде ден қояды.

Бұл проблемаға қатысты көзқарас көрнекі ғалым А.Г. Асмоловтың мақаласында баяндалған, онда мәдениетте ұрпақтар арасындағы байланыстың үш түрі бар делінген. Бұл білім ата-бабалар дәстүрі арқылы берілетін дәстүрлі мәдениеттердегі байланыс. Екінші түрі – ұрпақтар тәжірибесі «баладан ересек адамның айтуы арқылы» беріледі. Мұндай білім берудің басты түрі – мектептеріміздің басым бөлігіне тән монолог. Өзге де байланыс түрі бар – ол балалар субмәдениеті мен ересектер мәдениеті арқылы беріледі. Ересек адам (педагог) мен балалардың бірлескен шығармашылығы, олардың әріптестігі қатынастардың ерекше спектрін туғызады, белгілі бір білім беру ерекшелігін ұсынады. Бұл тұрғыдан қосымша білім берудің бірегей рөлі айқын көрінеді (5).

ЮНЕСКО-ның анықтауы бойынша бала өз қалауына және қажеттіліктеріне сәйкес таңдайтын баланың мәдениеттегі жеке дамуымен байланысты формалды емес білім беру саласы "балаларға қосымша білім беру" деген терминмен сипатталады.

Бала тартылған кез келген қызметтің құрылымына қосымша білім беру енгізіледі, ол стандартталған қызмет түрлерінің алдында, олардан кейін де болуы мүмкін.

Құрылымдық түрде қосымша білім беру жалпы орта білім беру жүйесімен, сондай-ақ білім беру-мәдени демалыс саласымен үйлесіп, аталған жүйелерді жақындастырады және толықтырады.

Қазіргі заманғы қосымша білім беру – бұл белгіленген салаларды түрліше толықтыратын вариативті білім беру:

- 1) пәндік білімді кеңейту;
- 2) жаңа құрамдауыштарды қосу;
- 3) жеке тұлғаны жаңа білім беру, еңбек ету және тілдесу құралдарымен жарақтандыра отырып, оның білімін ұлғайту;
- 4) өзін толығырақ көрсетуге мүмкіндік бере отырып, білім беру қызметінің әждемесін күшейту.

Білім беру жүйесінде «орналасқан орны бойынша» балаларға қосымша білім беру мәдениет пен ғылымның мектеп бағдарламаларында берілмеген салаларын зерделеуді қоса алғанда, мемлекеттік білім беру стандартынан тыс орналасқан.

Қосымша білім берудің негізгі мақсаты – балалардың тұрақты өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени және білімдік жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қосымша білім беру бүгінде үздіксіз білім беру жүйесінің өзекті әрі толыққанды және қажетті құрамдауышы болып табылады.

Үздіксіз білім беру жүйесінде балаларға қосымша білім беру балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және оларды дамытуға, балалардың зияткерлік, адамгершілік, тәндік жетілудегі жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ олардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған.

Қосымша білім берудің жоғарыда көрсетілген міндеттерін орындау үшін:

1) жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарында балаларға қосымша білім берудің нормативтік қаржыландырылуын енгізу арқылы білім алушылардың қосымша білім алуларына қолжетімділік пен тең мүмкіндіктердің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету;

2) заманауи инфрақұрылым құру және балаларға қосымша білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын нығайту;

3) балаларға қосымша білім беру жүйесінің ведомствоаралық сипатын, қосымша білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуде мүдделі органдар мен ұйымдардың күш-жігерін үйлестіруді қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасында қосымша білімнің даму тарихы

Қазақстан Республикасындағы қосымша білім беру жүйесі 1990-шы жылдардың басында мектептен тыс жұмыстан пайда болды.

XX ғасырдың 90-шы жылдарының басына дейін кеңестік білім беру жүйесінде Қазақстандағы балаларға қосымша білім беру және тәрбиелеу саласының маңызы зор болды. Балалардың басым бөлігі осы процеске тартылған болатын. Бұл екі факторға негізделді: бірінші – тегін қосымша білім беру, екінші – мамандандырылған ұйымдардың көп таралуы.

Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы жылдар мектепке дейінгі тәрбиемен қатар жалпы халықты ағарту жүйесіне қосылған мектептен тыс білім берудің өркендеу кезі болды.

1917 жылғы қарашада Халықтық ағарту Комиссариатында мектептен тыс білім беру бөлімі құрылды. Бұл кезеңде мектептен тыс мекемелерді ұйымдастырушылық-мемлекеттік басқару құрылымы қалыптастырылады. Мектептен тыс білім беру елдің жалпы халықтық ағарту жүйесіне енгізілді.

1918 жылғы 25-28 тамызда Мәскеуде өткен Бірінші Бүкілресейлік ағарту жөніндегі съезд мектептен тыс білім берудің дамуына, мектептен тыс мекемелер бөліміне ерекше серпін берді.

1918 жылдан бастап әртүрлі шығармашылық бағыттармен мемлекеттік мектептен тыс тәрбие мен оқыту жүйесі құрыла бастады.

1918 жылғы маусымда жас табиғат әуесқойларының биологиялық станциясы ашылды. Станция елдегі жас натуралистер жұмысының ұйымдастырушылық және нұсқамалық-әдістемелік орталығы болды.

Қысқа мерзім ішінде жас техниктер станцияларының, техникалық шығармашылық орталықтарының, тұрғылықты жердегі клубтардың, білім беретін мекемелерде техникалық үйірмелердің үлкен желісі құрылды. Мектептерде оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығымен (ОҒТШ) тығыз байланысты еңбекке баулу және политехникалық оқыту ұйымдастырылды.

1919 жылғы маусымда I Бүкілресейлік мектептен тыс білім беру съезі өткізілді. Мектептен тыс мекемелердің қызметі жас натуралистер мен ауыл шаруашылық тәжірибешілерінің орталық станцияларында, жас техниктер станцияларында, балалар спорт мектептерінде, балалар парктерінде, мәдениет үйлерінде басталған. Ол балалардың білім салаларының біріне қызығушылығын қанағаттандыруға, мектеп оқушыларының бос уақытын ұйымдастыруға, сабақтарды тандаған кезде көмек көрсетуге, қоғамдық жұмысқа қатысу дағдыларына үйретуге, шығармашылық және танымдық қызығушылықтарды дамытуға бағытталған болатын.

Е.Н. Медынскийдің, А.С. Макаренконың, А.П. Пинкевичтің, З.И. Равкиннің және В.Н. Сорокин-Росинскийдің еңбектері мектептен тыс білім беру жүйесін біртіндеп дамыту негізін қалаған. Мектептен тыс білім беру теориясын әзірлеуде профессор Е.Н. Медынскийдің 1923 жылы шыққан «Мектептен тыс білім беру энциклопедиясы» ерекше құндылық болып табылады.

Егер 1920-шы жылдары мектептен тыс білім беру жүйесі іздестіру және қалыптасу сатысында болса, 1930-шы жылдары ол мектептен тыс тәрбие мен мектептен тыс жұмыс жүйесі ретінде ғылыми негізделген өз атауына ие болғанын атап өткен жөн.

Мектептен тыс білім беруді, мектептен тыс жұмысты дамыту жағдайы ХХ ғасырдың 20-30-

шы жылдары аса жарқын оқиғалар мен қайшылықтарға толы болды. Мектептен тыс білім беру жөніндегі ғылыми-педагогикалық және әдістемелік материалдар тұрақты жарияланған ондаған журналдар басып шығарылды, балаларды

қызығушылықтарына қарай белсенді шығармашылық

қызметке тартуға ықпал ететін, бос уақытты мағыналы өткізуге және кәсіби шеберлік негіздерін алуға көмектесетін жаңа ұйымдастыру жүйелері құрылды. Мұндай жүйе түрлерінің көп болуының өзі таң қалдырады: балалар демалыс лагерьлері, мектеп-клубтар, тәжірибелік станциялар, кітап оқитын үйшіктер, еңбек коммуналары, балалар театрлары мен кітапханалары, ғылыми және экскурсиялық станциялар, туристік және өлкетану орталықтары, спорт клубтары.

Спорттық-техникалық тұрғыдан микролитражды автомобильдер, микромотороллерлер, катерлер, аэрошаналар және басқаларын конструкциялау және құру басым болып отыр. Ауыл мектептерінде оқу-тәжірибелік учаскелерге (микротракторлар, мотосоқалар, қопсытқыштар және т.с.с.) арналған шағын ауылшаруашылық техникасы жасалады. КСРО-да техникалық балалар шығармашылығын ұйымдастыру 20-шы жылдардың басына тиесілі.

1923 жылы Әуе флотының Достар қоғамы жанынан балалар авиамоделінің жаппай дамуына бастау болған Әуе флотының жас достар секциясы құрылған. 1924 жылы Мәскеуде алғаш рет авиамоделист мектеп оқушыларының жарыстары өткізілді, Тулада елде алғаш рет техникалық балалар шығармашылығының губерниялық



көрмесі ашылды. 1926 жылы Мәскеуде алғашқы балалар техникалық станциясы - техникалық балалар шығармашылығының мамандандырылған нұсқаулық-әдістемелік және кеңес беру орталығы ашылды.

1920-1930-шы жылдардың соңында балалар техникалық станциялары елдің көптеген қалаларында ұйымдастырылды.

1923 жылғы 29 сәуірде Мәскеудің Хамовнический ауданында «Еңбек коммунасы» балалар клубының базасында елдегі алғашқы Пионерлер үйі ашылды.

1925 жылғы қарашада мектептен тыс жұмыс орталығына айналған Бүкілодақтық «Артек» пионер лагерінің туы салтанатты түрде көтерілді.

РФСРО Халық комиссарлары кеңесі 1932 жылғы 26 желтоқсанда «1933 жылы балалар арасында мектептен тыс жұмыс жүргізу іс-шаралары туралы» қаулы қабылдағаннан кейін балалардың жаңа мектептен тыс мекемелерін ашу, оның ішінде пионерлер мен мектеп оқушыларының үйлері мен сарайларын ашу бой алды.

1933 - 34 оқу жылынан бастап Мәскеуде оқушылардың қысқы каникулы ұйымдасқан түрде өткізіле бастады. 1935-36 оқу жылының қысында қалада бірінші балалар өнер фестивалі өтті, оның барысында мектеп оқушыларының театрларға, киноға және мұражайларға тегін баруы ұйымдастырылды.

1930-шы жылдардың соңында - 1940-шы жылдардың басында қатаң әскери қарсы тұру жағдайында елдің бүкіл өмірінің милитаризациялануына, екінші әлемдік соғыстың басталуына байланысты елдің қорғаныс мәселелеріне айтарлықтай көңіл бөлінді. Қалалық және бүкілодақтық атыстан, парашюттен секіруден қорғаныс жарыстарына жүздеген мәскеулік оқушылар қатысты. Бұл жарыстарда жас мәскеуліктер елде бірінші орын алып (1940), әскери ойындардың бірінші қатысушылары болды. 1940 жылдың соңына қарай мектептен тыс мекемелер желісінде халыққа білім беру жүйесінде 1846 мекеме болды.

1938 жылы Кеңес одағының мектеп оқушылары авиамоделизмнен бірқатар әлемдік рекорд көрсетті. 1939 жылы КСРО жас техниктерінің жұмысы Нью-Йоркте өткен Дүниежүзілік көрмеде, 1941 жылы - Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде көрсетілді.

1940-шы жылдардың айрықша жағдайында мектептен тыс мекемелер қызметі госпитальдарға шефтік етуге, дәрілік шөптер жинауға, әскери кәсіпорындардың тапсырыстарын орындауға, әскери істі меңгеруге бағытталған болатын.

Соғыс жылдары кәсіби-мамандарды дайындау мен дамытуда мектептен тыс мекемелердің маңызын айқын көрсетті.

Ұлы Отан соғысының 1941-45 жылдары жас техниктер ауылшаруашылық машиналары мен жабдықтарын жөндеу мен жасауға, госпитальдар радиофикациясына қатысты; жас техниктердің көптеген станциялары әскери тапсырыстарды орындау шеберханаларын ұйымдастырды.

1940-шы жылдардың соңында - 1950-шы жылдардың басында техникалық балалар шығармашылығында ауыл шаруашылығын механизациялау мен электрлеу мәселелеріне көп көңіл бөлінді. 50-шы жылдардың соңында - 60-шы жылдардың басында мектептер мен мектептен тыс мекемелерде оқушылардың жаңа аспаптар мен модельдер, түрлі техникалық құрылғылар жасау бойынша шығармашылық жұмысы кеңінен дамыды.

1957 жылға қарай КСРО-да 2153 пионерлер сарайы мен үйі салынды. 1980-ші жылдардың соңына қарай КСРО-да 3800-ден астам пионерлер сарайы мен үйі жұмыс істеді.

1940 жылға қарай КСРО-да ағарту, мәдениет, жол қатынастары, өзен және теңіз флоты министрліктерінің, кәсіподақтардың, Осоавиахимнің, ерікті спорт қоғамдары мен басқа да ұйымдар мен ведомстволардың қарамағында 1846 мектептен тыс мекеме болды. Соғыстан кейінгі уақытта мектептен тыс тәрбие жүйесін қалыптастыру және дамыту қарқынды жүрді. Пионерлер үйлері мен Пионерлер сарайларының, Жас туристер мен техниктер станцияларының, қала сыртындағы пионер лагерлерінің, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің саны өсті.

Соғыстан кейінгі кезеңде балалармен жұмыс істеу нысандары мен әдістері мектептің тәрбиелеу міндеттерімен және даму перспективаларымен айқындалды. Бұл кезеңде мектептен тыс жұмыс барлық деңгейдегі халыққа білім беру органдарының назарында болды.

Соғыстан кейінгі жылдары мектептердегі комсомол және пионер ұйымдары оқу-тәрбие жұмыстарына: мектеп оқушыларының жақсы білім алуына қол жеткізу үшін мектепке және мұғалімге көмектесуге, тәртіпті нығайтып, оқушыларды қоғамдық пайдалы жұмысқа тартуға көп көңіл бөле бастады.

1947 жылғы наурызда БЛКЖО ОК «Пионер ұйымының жұмысын жақсарту туралы» қаулы қабылдады. 1950-ші жылдары Мәскеу қалалық білім басқармасының бастамасы бойынша жоғары сынып оқушыларына арналған шатырлы туристік лагерьлер желісі кеңінен ашылды. Бұл оқушылардың шығармашылық демалысына негізделген тәрбие жұмысының сәтті нысандарының бірі болды.

1950-60-шы жылдары мектептен тыс мекемелер желісінің өсуі жалғасты. Халыққа бүкіл білім беру тарихында қысқа мерзім ішінде мектептен тыс балалар мекемелерінің тармақталған және жоғары

дамыған инфрақұрылымы құрылды.

Идеологиялық сипатына қарамастан, пионерлер мен комсомолдардың соғыстан кейінгі мектептегі өмірі алуан түрлі және аса қызықты істерге толы болды. Балалар жорықтарға шығып, туған өлкелерімен танысты, көптеген үйірмелердің жұмысына қатысты, көркемөнерпаздықпен, спортпен және т.с.с. айналысты.

Мұның бәрі кадрлармен жұмысты реттеуді, педагог қызметкерлердің құқықтық мәртебесін және осы мекемелердің түрлерін айқындауды талап етті. «Мектептен тыс мекемелердің желісін реттеу, үлгілік штаттарын енгізу және қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын белгілеу туралы» КСРО Министрлер кеңесінің (1952 жылғы сәуір) қаулысымен мектептен тыс мекемелердің бірыңғай номенклатурасы белгіленіп, олардың қызметкерлерінің құқықтық жағдайы айқындалып, одан әрі даму жолдары белгіленді. Мектептен тыс мекемелердің әдістемелік орталықтар ретінде рөлі күшейіп, мектеппен және қоғаммен байланысы нығаяды, мектептен тыс мекемелердің педогоикалық ұжымдары өзін-өзі басқаруды дамытумен де үйлесімді толықтырылатын жеке-тұлғалық дара тіл табуды тәрбие жұмыстарында барынша пайдаланады.

1953 жылы РФСРО ағарту министрлігі өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі мектептен тыс мекемелер туралы бірыңғай ережелерді: жұмыстың мазмұнын, нысандары мен әдістерін бекітеді.

Пионер дружиналары мен отрядтарының жұмыстарына мектептен тыс балалар мекемелері, ең алдымен, пионерлер үйлері үлкен көмек көрсетті. Мәскеу мектептеріндегі пионерлік және комсомолдық жұмыс БЛКЖО ОК-ға бағытталды.

Кеңес одағының білім беру жүйесіндегі мектептен тыс жұмыстың қағидаттары:

қызығушылықтары бойынша балалардың ерікті бірлестігі негізінде сабақтардың жаппай өткізілуі мен қолжетімділігі;

олардың бастамалары мен өз бетінше шығармашылық танытуларын дамыту;

қызметтің қоғамдық пайдалы бағыты;

мектептен тыс жұмыс нысандарының алуан түрлілігі;

балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру.

Халыққа білім берудің ресми тұжырымдамасына сәйкес, мектеп қабырғасынан сауатты ғана емес, жан-жақты дамыған әрі маркстік-лениндік дүниетанымы мықты балалар шығулары тиіс болатын. Барлық мектептерде пионервожатыйдың, мектептен тыс жұмысты ұйымдастырушының немесе тәрбие жұмысы жөніндегі оқу ісін меңгерушінің басшылығымен октябрат жұлдызшалары, пионер дружиналары және комсомол ұйымдары жұмыс істеді. Сонымен бірге

мектептің қоғамдық ұйымдарына идеологиялық жүктеме ғана беріліп қоймай, сонымен қатар олар маңызды мәдени-білімдік рөл атқарды, бұдан басқа, жатақханада тұру ережелеріне, ұжымда еңбек ету мен өзін-өзі ұстауға үйретті.

Мектептердің барлығында дерлік көптеген үйірмелер: жас техниктердің, жас натуралистердің, әдеби, музыкалық, театр үйірмелері ашылды; саяси клубтар, интернационалдық достық клубтары (ИДК) құрылды.

1970-ші жылдарға қарай мектептен тыс мекемелер жұмысының мазмұны мен нысаны сақталды. Балалардың қандай да бір білім саласындағы шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін, балалардың қызығушылықтарын саралауды ескере отырып, мамандандырылған мектептен тыс балалар мекемелерінің ауқымды желісі қалыптасып, бұқаралық үлкен спорттық жұмыс жүргізіледі.

Мәдениет министрлігінің мекемелері сабақтан тыс уақытта балалармен мазмұнды жұмыс жүргізді. Барлық мектептен тыс мекемелердің педагогикалық қызметі балалар әдебиетін насихаттауды, балалар оқуына басшылық етуді қамтыды.

Балалар мен жасөспірімдер арасында олардың жасы мен қызығушылықтарын ескере отырып, мәдениет және демалыс парктері, мамандандырылған балалар парктері үлкен мәдени-ағарту және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жүргізеді.

Клубтардың, жас техниктер станциялары мен үйлерінің желісі өседі. Мысалға, Жол қатынастары министрлігінің жүйесінде ғана 1975 жылы 500 астам мектептен тыс мекеме жұмыс істейді. Өзен және теңіз флоты министрлігінің мекемелері, басқа да бірқатар ведомстволар балалармен үлкен жұмыс жүргізеді.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің бос уақыттағы балалар-жасөспірімдер қызметінің бейініне қарай материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру жауапкершілігін арттыру үрдісі күшейді. Бұл функцияны олар, әдетте, мектептен тыс мекемелердің алуан түрлі желісін құру мен дамыту арқылы іске асырған.

Бұл жылдары мектептен тыс мекемелерге мемлекеттік бюджеттен ассигнованиялар тұрақты ұлғайып, мектептермен, отбасымен, жұртшылықпен белсенді жұмыс жүргізетін мектептен тыс балалар мекемелерінің тармақталған желісі құрылды. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамытатын жаңа жұмыс түрлері пайда болады, білімге, ғылымға деген саналы көзқарас қалыптаса бастайды. Техникалық клубтар мен үйірмелер кеңінен қанат жая бастайды, олардың жұмысына радиоэлектроника, автоматика, телемеханика, биохимия, генетика, космонавтика кіреді.

Бұл кезеңде техникалық шығармашылық, туристік-өлкетану, эстетикалық бағыттағы, дене шынықтыру-спорттық, табиғаттану бағытындағы үйірмелер қарқынды дамыды. Оқушылардың бейінді клубтары, ғылыми қоғамдары, пионерлер театрлары, ансамбльдер пайда бола бастайды.

Білім беру процесінің үздіксіздігін ұйымдастыруда мектептен тыс мекемелер үлкен рөл атқарады. Балалар демалысын педагогикалық тұрғыдан орынды ұйымдастыруға ұмтылу олардың қызығушылықтарына қарай көптеген клубтар, балалар алаңдарын, тұрғылықты жерлерінде мектеп оқушысының бөлмелерін ашуға, алуан түрлі отрядтарда балалармен жұмысты ұйымдастыруға ықпал етті.

Балаларға білім беру процесінің үздіксіздігі жазғы жұмыс түрлерінен де көрініс табады: бұқаралық іс-шаралар, байқау конкурстары, клубтар, бейіндік, туристік және спорт лагерьлері және т.с.с. ұйымдастырылады.

Осылайша, 1970-80-ші жылдар социумның құрамдас бөлігі болып табылатын мектептен тыс мекемелердің шарықтап даму кезеңіне айналды. Дәл осы уақытта жұмыстың мазмұнында басты бағыттар айқындалып, тәрбие жұмысының нақты айқындалған міндеттерін, мазмұны мен түрлерін қамтыған, әлемде аналогтары болмаған балалармен жұмыс істеудің бірегей жүйесі қалыптасты. Негізгі қызмет түрлерінің мазмұнын балалардың жеке және жас ерекшеліктеріне бағыттап, балалар мен жастардың бос уақыттағы жұмысын ұйымдастырудың өзіндік «индустриясы» қалыптастырылды.

Осылайша, КСРО-да мектептен тыс мекемелерді құру және оларды дамыту тарихы бірнеше кезеңдерден тұрды.

Бірінші кезеңде (1918-1939 жж.) мемлекеттік мектептен тыс мекемелердің негізгі түрлерінің: жас натуралистер, техниктер мен туристер станциялары, балалардың көркемсурет студиясы, пионерлер үйлері мен сарайлары, балалар теміржолдары, балалар спорт мектептерінің қалыптасуы орын алды.

Екінші кезеңнің барысында (1939-1960 жж.) мектептен тыс мекемелер жүйесінің нормативтік құқықтық базасы әзірленді.

Үшінші кезең (1960-1984 жж.) мекемелер санының айтарлықтай өсуімен және жаңа даму бағыттарын іздестірудің басталуымен сипатталды. Төртінші кезең барысында (1984-1992 жж.) мектептен тыс мекемелердің қосымша білім беру мекемелеріне ауысуының алғышарттары қалыптасты.

1990-шы жылдардың соңында мектептен тыс мекемелер социумның негізгі тәрбиелік институттарының біріне айналады, педагогикалық білімді тарату, тұрғылықты жері бойынша неғұрлым белсенді тәрбиелік әсері бар түрлерді насихаттау, дұрыс тәрбие алмаған балалармен жұмысты дараландыру үшін мектептен тыс мекемелердің әдістемелік рөлі күшейеді. Бұдан басқа, социумдағы бүкіл тәрбие жұмысын үйлестіруде олардың рөлдері күшейеді.

1989-1990 жж. кезең мекемелердің әлеуметтік-педагогикалық қызметін басқаруды және оның қаржы-экономикалық негізін жетілдіру жолдарын жаңа сапалы ғылыми-практикалық іздестірумен сипатталады. Мектептен тыс мекемелерді одан әрі дамыту мақсатында оларға өмірлік маңызы бар мәселелерді: қызметтің мазмұндық түрлерін таңдауды, құрылым мен штат кестесін белгілеуді, еңбекақы төлеу мәселелерін шешу үшін көбірек қаржылық және шаруашылық дербестік беру талап етілетіні айқын көрінді.

Мектептен тыс мекемелер жұмысының бұл проблемалық жақтары әсіресе ел экономикасын реформалау және 80-90-шы жылдардың ортасында елдің нарықтық қатынастарға көшуі жағдайында шиеленісе түсті.

Қазақстанның мектептен тыс мекемелерінің тарихынан

Бірінші мектептен тыс мекемелер Қазақстанда 1919 жылы пайда болды. Олардың желісі 80-ші жылдардың екінші жартысына дейін белсенді түрде қалыптасты.

1964-1965 оқу жылы. Көкшетау облысында білімнің әртүрлі салалары бойынша 80-нен астам оқушылар клубы жұмыс істейді. Шығыс Қазақстан облысында, Алматыда, Қарағандыда балалар алаңдары мен аула клубтары кеңінен дамыды. Теміртау мен Жезқазған жас теңізшілер клубтары республикадан тыс жерлерде танымал бола бастады. Теміртауда эстетикалық тәрбие үйірмелерімен оқушылардың 80% қамтылып, мектептерде хорлар, би үйірмелері ашылды.

Мектептерде балалардың облыстық және республикалық техникалық және көркем шығармашылығының көрмелері, мектептік, аудандық, қалалық көркемөнерпаздар байқаулары, оқушылардың өнер қызметкерлерімен кездесулері өткізіледі. Ән, пляска ансамбльдері, қуыршақ театрлары, хореографиялық топтар, драма студиялары және т.с.с. құрылды.

Мектеп ұжымдарында 77633 спортшы-разрядшы дайындалды. Мектептердегі спорт базасы нығая түседі. Мектептерде 2958 типтік және қосалқы спорт залдары, 8305 волейбол және баскетбол алаңдары, 2200 футбол алаңдары, 1219 гимнастика қалашықтары, 3098 кешенді спорт алаңдары және басқа да спорт ғимараттары болған.

1965-1966 оқу жылы. Мектептен тыс спорт жұмысының барлық түрімен 1 млн. 43 мың 394 мектеп оқушысы қамтылды. 65 спорт мектебінде 25 255 оқушы өз шеберліктерін шыңдады. Жыл сайын жазғы кезеңде спорттық-еңбек ету және дене шынықтыру-сауықтыру комсомол жастар лагерьлері ашылады. Соңғы жылдары өлкетану-туристік жұмыс айтарлықтай дамиды. 1965 жылы «әскери жорықтарға» қатысушылардың 6 мыңнан астам экспедициялық отряды жұмыс істеді.

1967 жыл. Балаларға коммунистік тәрбие беруде балалардың мектептен тыс мекемелері мектепке барынша көмек көрсетеді. Республикада 207 пионерлер үйі, 21 жас техниктер станциясы, 17 жас натуралистер станциясы, 16 жас туристер станциясы болған.

5 363 мектепте миллионға жуық оқушы айналысқан дене шынықтыру ұжымдары құрылды.

1970 жыл. 366 мыңнан астам оқушы ЕҚД және ЕҚДБ төсбелгілеріне нормативтік разрядтар орындады. Республикада 288 балалар-жасөспірімдер спорт мектептері жұмыс істейді. 1953 жылы құрылған ең жоғары спорт шеберлігінің Орталық балалар спорт мектебінің өзі ғана соңғы екі жылда 20 спорт шеберін, 33 шеберге кандидатты, ересектер арасынан I разрядты 130 спортшыны, II разрядты 230 спортшыны және жасөспірімдер разрядының 1 100 спортшысын дайындады.

1972 жыл. Республикада 250 пионерлер үйлері мен сарайлары, 39 жас техниктер станциялары, 24 жас натуралистер станциялары, 301 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, 18 жас туристер станциялары, 151 балалар саз мектебі болған. Бір Көкшетау облысының өзінде алуан түрлі білім салалары бойынша 80-нен астам оқушылар клубтары жұмыс істейді. Алматы мен Целиноградта тамаша балалар теміржолдары, Теміртау мен Жезқазғанда — Орта Азия республикаларында аса танымал жас теңізшілер клубтары болды.

Кеңестік саяси жүйе құлдырап, нарықтық экономикаға көшкеннен кейін басқа қоғамдық институттар сияқты білім беру жүйесі де өзгерістің қажеттілігін сезінді.

Қосымша білім беру жүйесінің дамуына мынадай факторлар ықпал етті:

құндылық бағдарларын ауыстыру, білім беру қызметі саласындағы шектеулерден бас тарту;

қаржыландыру қысқарып, осыған орай мектептен тыс мекемелер саны азайды, материалдық-техникалық база күрт нашарлап кетті.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында мектептен тыс тәрбиенің балаларға қосымша білім беру жүйесіне ауысуы Қазақстанның демократиялық және құқықтық мемлекетке, нарықтық экономикаға ауысу міндеттерімен байланысты. Бұл ауысу процесінде

жеке адам мен қоғам үшін формалды емес білім берудің алуан түрлерінің, бірінші кезекте, қосымша білім берудің маңызы артты, оның негізгі мақсаты – балалардың үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік мәдени және білімдік жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Отандық білім беру жүйесін сақтау мен дамытуда «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы зор рөл атқарды. Мектептен тыс жұмысты реформалау және оны қосымша білім беру жүйесіне айналдыру үшін жаңа термин енгізіліп, оған құқықтық негіздеме берілді.

«Балаларға қосымша білім беру» деген термин бала өзінің қалауы мен қажеттілігіне қарай таңдайтын баланың мәдениеттегі жеке дара дамуымен байланысты формалды емес білім беру саласын сипаттайды.

Осылайша, елде қосымша білім беру жүйесі пайда болып, ол сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстың мұрагері болды. Мәртебесінің өзгеруіне байланысты оған жүйенің қызметін ұйымдастыруда көптеген басқа да түбегейлі өзгерістер талап етілді. 90-шы жылдар түбегейлі қайта құру, қайшылықтарды шешу кезеңіне айналды.

Өзінің алдындағы жүйеден басты айырмашылығы – білім беру ұйымдарының типтері мен түрлері сияқты қосымша білім берудің де нақты білім беру бағдарламалары бойынша жүргізілетіндігінде.

Қазақстан Республикасындағы қосымша білім беру жүйесінің заманауи жағдайы

Қазіргі уақытта балаларға қосымша білім беру жүйесі көптеген қиындықтарға қарамастан, даму сатысында. Сонымен қатар қоғамда да өмірдің рухани негіздерін қалыпқа келтіру, өз халқының мәдениетін сақтау және оны молайту қажеттігін түсіну артып келеді. Өмірдегі және кәсіптік қызметтегі психологиялық, жеке тұлғалық фактордың рөлі артып, тұрақты түрде өз білімі мен шығармашылығын жетілдірудің маңыздылығын сезіну орнығып келеді. Бұл міндеттерді шешу көбіне бүкіл білім беру жүйесін ізгілендірудің маңызды факторы болып табылатын қосымша білім берудің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға байланысты.

Қазақстанда қосымша білім беру жүйесін дамыту қажеттігі, оның жаңа сападағы жағдайға көшуі мынадай бірқатар жағдайлармен айқындалды:

біріншіден, қоғам санасында түбегейлі өзгерістер орын алды – адамға, ең алдымен, маман ретінде қарау жеке адамға мәдени-тарихи даму педагогикасы тұрғысынан қарауға орын беріп отыр;

екіншіден, дамыған елдердің техногендік өркениеттен

антропогендікке ауысу үрдісі күшейіп келеді;

үшіншіден, балалар мен ата-аналар мәдени-білімдік, ақпараттық, демалыс уақытындағы қызмет көрсетулерді үлкен сұраныспен пайдаланады.

Нәтижесінде жеке адам мен қоғам үшін формалды емес білім берудің алуан түрлерінің маңызы артып келеді. Қосымша білім берудің негізгі мақсаты – балалардың үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік мәдени және білімдік жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Балаларға қосымша білім берудің педагогикалық әлеуеті зор:

ол жеке тұлғаны дамыту уәждемесін қалыптастырудың мықты құралы болады;

қосымша білім беру процестерінде әрбір бала үшін табысты болу жағдайын қалыптастыруға мүмкіндіктер мол, бұл оның бойында жеке тұлғаға тән жақсы қасиеттерді тәрбиелеп, нығайтуға оң ықпалын тигізеді;

алуан түрлі қызмет түрлерін меңгеруге негізделген қосымша білім беру жеке тұлғаның мәдени тұрғыдан өзін-өзі көрсету кеңістігін кеңейтеді, оны шығармашылыққа ынталандырады;

қосымша білім беру саласында бала мен ересек адамның жеке тұлғалық қызығушылықтарының ортақтығы негізінде ізгілік құндылық бағдарларын қалыптастыру процесі қарқынды әрі мақсатты бағытта жүреді;

қосымша білім беру бағдарламалары, баланың таяу арадағы даму аймағына айнала отырып, оның «мәдени дарындылығын» тәрбиелеуге жәрдемдеседі;

қосымша білім беру, өзіндік ерекшелігіне қарай, бос уақытты ұйымдастыру түрлерінің (демалыс, сауықтар, мерекелер, өз білімін көтеру, шығармашылық) білім беру қызметінің алуан түрімен өзара үйлестіруге ұмтылады, нәтижесінде, балалардың уақытты бос өткізбеу проблемасын шешу арқылы девианттық мінез-құлық кеңістігін азайтады.

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру көп деңгейлі әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде:

жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының желісін, балалардың қоғамдық бірлестіктерін;

балаларға қосымша білім берудің білімдік оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде білім алу процесіне қатысушыларды: қосымша білім беру педагогтерін, балаларды, ата-аналарды, әлеуметтік бизнес-әріптестерді, әдіскерлерді, басқарушы кадрларды;

балаларға қосымша білім берудің сабақтас білімдік оқу бағдарламаларының жиынтығын;

білім беру ұйымдарын, балаларға қосымша білім беру

педагогтерін даярлау және қайта даярлау, біліктілігін арттыру жөніндегі ғылыми ұйымдарды;

ҚР-да балаларға білім беруді басқару жөніндегі жергілікті атқарушы органдарды қамтиды.

Жүйе әртүрлі бағдарламалық, әдістемелік материалдарға, нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып қосымша білім беру ұйымдарында, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беру ұйымдарында іске асырылады және оны білім беруді басқару жөніндегі уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар регламенттейді.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін белсенді субъектілер ретінде педагогтер мен білім алушылар маңызды құрамдауыштары болып табылатын ашық жүйені білдіретін біртұтас педагогикалық процесс ретінде қарастырған жөн.

Балаларға қосымша білім беру — тек шығармашылық процесс, сондықтан ол баланы өз жолын табуға бағыттауы тиіс.

Балаларға қосымша білім беру барлық типтегі білім беру ұйымдарының тәрбие беру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Балаларға қосымша білім беру жүйесі баланың, отбасының, қоғамның, мемлекеттің мүдделері үшін «уақыт талабына» тез арада және дәл ден қоя алады.

Ауылдық жердегі балалардың әлеуметтік мәдени сұраныстарын қамтамасыз етуде қосымша білім берудің маңызы ерекше.



Балаларға қосымша білім беру өңірдің түйінді әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге ықпал етеді. Балаларға қосымша білім беру мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдарында іске асырылады, балалардың қызметі олардың әлеуетінің айырмашылығына және білім беру салаларының (бір бейінді немесе көп бейінді) қамтылуына қарай сараланған қызығушылықтары бойынша жастары бірдей немесе жастары әртүрлі бірлестіктерде ұйымдастырылады.

Балаларға қосымша білім беру сан қырлы, бағдары да алуан түрлі, неғұрлым вариативті. Оның құндылығы – жалпы орта білім берудің вариативті құрамдас бөлігін ұлғайтып, балаларға өз-өзін кәсіптік айқындауға көмектесетіндігінде, базалық құрамдауышта алынған білімдерін іске асыруға ықпал ететіндігінде.

Қазіргі уақытта балаларға қосымша білім беруде өткеннің

жаңғырығы бар екендігіне қарамастан, оның мүлдем жаңа қырлары да пайда болып отыр. Балаларға мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының біртұтас желісі ашылып, сансыз көп қосымша білім беру қызметтері пайда болды. Білім беру және педагогика сияқты консервативті сала үшін балаларға қосымша білім беру ерекше икемділікке ие болып отыр. Балаларға қосымша білім беру педагогикалық құбылыс ретінде мынадай бірқатар қасиеттерге ие:

білім берудің жеке тұлғалық бағдары;

бейінділігі;

практикалық бағыты;

ұтқырлығы;

көп функционалдығы;

түрлі деңгейлігі;

осындай жүйеде жұмыс істейтін педагог еркіндігінің салдары ретінде білімдік мазмұны, түрлері, әдістерінің аса көптігі;

сұраныстың керекті шарты ретінде білім беру әдістемелерін дараландыру;

білім алушылардың қызметін жандандыру арқылы оқытудың тәрбиелік функциясын іске асыру;

оқу материалының мазмұны арқылы бағдарлау функциясын іске асыру.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің, білім берудің қазіргі кезеңде қалыптасқан даму үрдістерін ескере отырып, білім беру мазмұнының айтарлықтай саралануын қамтамасыз ететін басымдықтары қатарында:

жаңа қызмет бағыттарын жүзеге асыру (ақпараттық, жобалық технологиялар, дизайн, кәсіпшілдік, журналистика);

бағдарламалардың жас ауқымының кеңеюі (мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепалды дайындық, жоғары сынып оқушыларына арналған ұйымдардың желілік өзара әрекет етуі жағдайындағы бейіндік оқыту);

жеке білімдік бағдарды таңдау құқығын, қызмет бағытын, педагогті, білім беру бағдарламаларын таңдау еркіндігін қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары спектрінің кеңеюі;

түрлі деңгейдегі бағдарламалардың (жалпы мәдени, тереңдетілген, кәсіптік деңгейге дейінгі) кеңінен енгізілуі;

өзінің әлеуеттік мүмкіндіктерін толыққанды дамыту үшін баланың сабақтан бос уақытты мақсатты түрле ерікті пайдалануына жағдай жасау.

Бүгінде балаларға қосымша білім беру – балалардың әлеуметтік институттарының бірі, ол балаларға, оларды оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға арналып құрылды және сол үшін жұмыс істейді. **Бұл**

әлеуметтік талап етіліп отырған сала, онда балалардың өздері мен олардың ата- аналары, сондай-ақ қоғам мен мемлекет білім беру қызметтерінің тапсырыс берушілері мен тұтынушылары болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру елдің түйінді әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге ықпал етеді. Ол өмір сүру сапасына ықпал ете алады, өйткені балалар мен жасөспірімдерді салуатты өмір салтын ұстануға баулиды, жеке шығармашылық әлеуетін ашады, қоғамдық маңызы бар нәтижеге қол жеткізуге ынталандырады.

Білім берудің бұл түрі өскелең ұрпақтың бейімділіктерін, қабілеттері мен қызығушылықтарын, азаматтық және адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өмірлік және кәсіптік өзін-өзі айқындауға ықпал етеді.

Қосымша білім беру жүйесі шешетін міндеттердің арасында қадағалаусыз қалудың, нашақорлық пен алкогольизм құқық бұзушылықтарының алдын алу бар.

Балаларға қосымша білім беру түрлі типтегі мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мәдениет, дене шынықтыру және спорт мекемелерінде, қоғамдық бірлестіктерде және т.с.с. іске асырылады. Балалардың қызметі қызығушылықтары бойынша жастары бірдей немесе жастары әртүрлі бірлестіктерде, балалар әлеуетінің айырмашылығына және білім беру салаларының (бір бейінді немесе көп бейінді) қамтылуына қарай сараланған, жиынтығында балаларға қосымша білім беру ұйымдарының желісін құрайтын балаларға қосымша білім беру ұйымдарында ұйымдастырылады.

Балаларға қосымша білім берудің мазмұны баланы рекреативтік-сауықтыру тұрғысынан дамытуды; жаңа әлеуметтік тәжірибені ұйымдастыру мен қалыптастыруды; жеке дара дамуда балаларға психологиялық-педагогикалық көмек пен қолдау жасалатынын көрсетеді.

Қосымша білім беру ұйымдарында білім берудің қатаң стандарттарының болмауы және баланың академиялық үлгеріміне қарамай, сабаққа келуіне педагогтің мүдделі болуы сияқты объективтік фактор қосымша білім беруді ұйымдастырудың мынадай ерекшеліктерін көрсетеді:

- балалар бірлестіктері жұмысының креативтілігі;
- тәрбие процесінің саралануы (түрлі деңгейлілік, мамандану, балаларды ортақ қызығушылықтарына қарай біріктіру мүмкіндігі);
- білім беру мазмұнын меңгерту кезінде дараландыру (кеңістіктің уақытын, қарқынын және ұйымдастырылуын реттеу); баланың өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі таныту процестеріне жүгінушілік;

педагог пен тәрбиеленушілер арасындағы жеке тұлғалық қатынастардың шынайы сұхбаттық сипаты.

Қазіргі заманғы балаларға қосымша білім беру жүйесі екі негізгі блоктан: білімдік және мәдени-демалыс блоктарынан тұрады.

Егер бұрын мәдени-демалыс жұмысына басты көңіл бөлінсе, бүгінгі күні мектептегі білім беру шеңберінде іске асырыла бермейтін салаларда балалардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты білім беру қызметінің ауқымы кеңіп келеді.

Мұндай үрдіс жалпы орта білім мен қосымша білім берудің біріктірілуіне ықпал ететін жетекші фактор болып табылады.

Қосымша білім беру жүйесінің ұйымдарындағы білім берудің мазмұны түрлі бағыттардың, алуан түрлі қызмет функцияларының (оқыту, тәрбиелеу, дамыту, сауықтыру, әлеуметтік қолдау көрсету, оңалту және басқа да) және т.с.с. интеграциясының нұсқалары арқылы қамтамасыз етіледі.

Білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын жетілдіру:

балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерінің кешенін шешуге бағытталған түрлі деңгейдегі кешенді білім беру бағдарламаларын жасау;

балаларға білім беру бірлестіктері түрлерінің (мектептер, балалардың ғылыми-зерттеу қызметінің құрылымы) түрлі деңгейдегі кешенді модельдерін қалыптастыру, дамыту;

талап етілетін жаңа білім салаларын – экономика, құқық, менеджмент, шет тілдері, компьютерлік технологиялар және басқаларын енгізу;

түрлі деңгейдегі мазмұнды іске асыру, оның ішінде балалардың зерттеу қызметін дамыту;

балалардың әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз ету;

салауатты өмір салтын тәрбиелеу; баланың жеке тұлғасын шығармашылық дамыту,

балалар шығармашылығына қолдау көрсету;

қосымша білім беру бағдарламалары шеңберінде балалардың жеке білімдік бағдарларын әзірлеу;

жұмысты ұйымдастырудың жаңа режимін енгізу (кешкі уақытта, демалыс күндері);

балаларға қосымша білім беруді сертификаттау;

балалар мен педагогтердің шығармашылық жетістіктерін анықтау және бағалау жүйесін әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі жағдайда балаларға қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қаралады, оны егжей-

тегжейлі ойластырылған және тексерілген талаптар негізінде ұйымдастыру талантты және дарынды балаларға қолдау көрсетуді және оларды дамытуды қамтамасыз ете отырып, балалықтың дағдарысын еңсеруге мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша білім берудің мазмұнын заманауи талаптар мен инновациялық процестерді ескере отырып өзгерту, бұл бағыттың әлеуметтік бейімдеу функцияларын жетілдіру аса қажет болып отыр. Балалар мен жастар шығармашылығы ұғымының жаңа технологиялар әлемінде өзгерулерін сезіну инновациялық әдістемелерді белсенді түрде енгізуді, заманауи жабдықты пайдалануды, оқытудың жаңа түрлерін іздестіруді, заманауи технологиялар орталықтары ретінде ресурстық қосымша білім беру орталықтарының ролін кеңейтуді талап етеді.

Қосымша білім беру ұйымдарының білім беру процесі балаларға функционалдық сауаттылықты меңгеруге көмектесетін бағдарламалармен жарақтандырылуға тиіс. Әрбір балаға білім алу саласын, бағдарламалар бейінін, олардың меңгеру уақытын, алуан түрлі қызығушылықтарды қанағаттандыратын көптеген қызмет түрлерін еркін таңдауды ұсыну қажет. Білім беру процесінің қызметтік-жеке тұлғалық сипаты, кәсіптік бағдар, барлық іс-шаралардың әлеуметтік-мәдени бағытталуы – балаларға қосымша білім беру ұйымдарының ерекшеліктері.

Қосымша білім беру балалардың мемлекеттік жалпы білім беру стандартынан тыс меңгеретін мазмұнды қамтиды.

Оның жаңартылуы бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі:

лингвистикалық, компьютерлік, туристік және т.с.с. бүгінгі күні өзекті бағыттар енгізілуде;

қосымша білім беру ұйымдары ауылдың, қаланың, облыстың проблемаларына көңіл бөледі, бұл өлкетану сияқты бағытты дамытудан көрінеді;

педагогика, психология, логика сияқты педагогикалық бағыттағы пәндер білім беру мазмұнындағы жаңа пәндерге айналды;

ресурстық орталықтар сияқты негізгі және қосымша білім беру ынтымақтастығының жаңа түрлері іздестірілуде.

Мысалы, мектеп жасына дейінгі оқушыларға қосымша білім беру ұйымдарының пайда болуы жаңа мазмұнды талап етеді. Балалар мен жоғары сынып оқушылары үшін білім берудің жаңартылған мазмұны қажет. Бұл көшбасшылық қасиеттерді дамыту, белсенді өмірлік ұстаным жөніндегі қызмет, әлеуметтік сынақтар мен әлеуметтік шынығуға мүмкіндік беру, кәсіптік және өмірлік өзін-өзі айқындау болуы мүмкін. Денсаулықтары нашар балалар және бір жағынан мүмкіндігі шектеулі балалар мен екінші жағынан дарынды балалар

балаларға қосымша білім беру жүйесінің көңіл бөлуін талап етеді.

Білім берудің жаңа мазмұны балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту сияқты барлық үш құрамдас бөлігінде балалардың аталған санаттары үшін қосымша білім беру бағдарламаларын жасауды талап етіп отыр. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мазмұнын жаңарту олардың қызметіне ата-аналардың да қатысуын талап етеді.

Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұндық негізі бұл проблемалар қосымша білім берудің нақты бағыты бойынша қызмет негіздерін мектеп оқушыларының меңгерулерін талап ететін жағдайда жасөспірімдердің жеке тұлғалық маңызы бар проблемаларын айқындаулары тиіс.

Қазақстандық білім беру жүйесінің жетістіктері мен оның жаңа сапалы деңгейге көшу процесінде туындаған проблемаларын ескере отырып, балаларға қосымша білім беру ұйымдары іске асырылатын білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды, олардың сапасын арттыру жұмысын жалғастыруды, қосымша білім беру үшін әзірленетін оқу-әдістемелік кешендердің оқу бағдарламаларының сараптамасын қамтамасыз етулері қажет. Түрлі деңгейдегі бағдарламаларды, білім берудің 12 жылдық моделіне көшуді ескере отырып, қосымша білім беру қызметінің жаңа бағыттағы бағдарламаларын енгізу талап етіледі.

Қосымша білім берудегі қазір қалыптасып отырған жағдай білім беру бағдарламаларының алуан түрлі болуын талап етеді. Бағдарламалар – бұл білім алушылардың белгілі бір білім деңгейіне қол жеткізу жолы, педагогтің өз кәсіби мәдениетін жетілдіруге дайындығының көрсеткіші, және сонымен қатар балаларға қосымша білім берудің мазмұнын жаңарту шарты болып табылады.

Жеке білімдік траекторияларды, өмірлік және кәсіптік өзін-өзі айқындауды, басты құзыреттіліктерді қалыптастыруды, түрлі санаттағы балалардың, оның ішінде дарынды балалардың, денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың жан-жақтылық қабілеттерін дамытуды іске асыру үшін жағдайды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы білім берудің маңызды құрамдас бөлігі балаларға қосымша білім беру жүйесі болып табылады.

Балаларға қосымша (мектептен тыс) білім берудің негізгі міндеті – әрбір баланың әлеуетін барынша іске асыру, оның лайықты өмірлік перспективасын қалыптастыру, тәрбиеленуі мен әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасау.

Бұл міндетті іске асыру үшін республикада барлық жағдай жасалған.

Қазақстан Республикасының жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында оқушының, педагогтер мен ата-аналардың қажеттіліктеріне бағдарланған, нақты әлеуметтік-педагогикалық


жағдайды ескеретін тәрбие беру жүйелері құрылып, ойдағыдай жұмыс істеп жатыр, бұл жеке тұлғаға тәрбиелік әсер ету мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күнгі басым мәселе – қосымша білім беру жүйесін дамыту, оның қызметін жетілдіру мәселесі.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім беру, тәрбиелеу, әлеуметтік функциялар орындалады, балалардың өмір сүру салтының әлеуметтік-педагогикалық модельдері әзірленіп, енгізіледі, балаларды дамыту, бейімдеу және әлеуметтендіру бағдарламалары іске асырылады.

Жалпы білім беру мектептері, сол сияқты мектептен тыс ұйымдар желісі: Сарайлар, Үйлер, Орталықтар, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының кешендері, студиялары, жас техниктер, туристер, натуралистердің станциялары мен базалары, балалар музыка, спорт мектептері, өнер мектептері, қызығушылықтарына қарай клубтар, спорттық, сауықтыру, туристік лагерьлер және басқалары балалар мен жасөспірімдердің қосымша білім алу құқықтарын қамтамасыз етеді.

(анықтама ретінде: мектеп оқушыларының сарайлары – 198 (2012 - 189); жас туристер станциялары – 35 (2012 -26); жас техниктер станциялары – 25 (2012 - 21); жас натуралистер станциялары – 19 (2012 – 18); саз мектептері – 200 (2012 – 206); көркемөнер мектептері – 30 (2012 – 30); өнер мектептері – 127 (2012 – 110); аула клубтары (ЗТ) – 51 (2012 –31); сауықтыру лагерьлері – 148 (2012 – 11); оның ішінде жыл бойғы лагерьлер (ЗТ) – 7 (2012 – 5).




Балалар ғылыми-техникалық, көркемдік-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында саналы түрде мамандық таңдау тәжірибесін меңгереді.


Балаларға қосымша білім беру жүйесінің даму жетістігі ұйымдастырушылық, кадрлық, ғылыми, бағдарламалық-әдістемелік, материалдық-техникалық сипаттағы бірқатар міндеттердің шешілуіне байланысты.


Бүгінгі күнгі басты міндеттердің бірі – бұл балалардың қосымша білім берумен қамтылуын ұлғайту.

Соңғы 3 жылда қосымша білім беру ұйымдарының санын 192 бірлікке ұлғайту сияқты оң үрдіс байқалып отыр.



Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде қосымша білім берумен барлығы 1590724 мектеп оқушысы (60,5%): 833 қосымша білім беру ұйымында (2012 ж. – 641 бірл.) 620 мыңнан астам бала (23,9 %) (2012 ж. – 22,9%); 59 мың мектептер үйірмелерінде - 961 мыңнан астам (36,6%) (2012 – 35,1%) қамтылған.





Жекеменшік қосымша білім беру ұйымдарының саны 68 бірлікке ұлғайды. 833 ұйымнан 106 – жеке (2013 – 38), олардағы балалар саны – 55654 (6979), бұл жалпы мектеп оқушыларының санының 2,1 %. (Анықтама ретінде: оқушылар сарайлары - 8; көркемөнер мектептері мен өнер мектептері – 26, сауықтыру лагерьлері – 72).

Мектеп оқушыларының қосымша білім берумен қамтылуы Батыс Қазақстан облысында - 59,9 %, Қостанай облысында – 47,1 %, Шығыс Қазақстан облысында – 44,4%, Ақтөбе облысында – 34,6 %, Павлодар облысында – 34 % құрады.

Ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуда оң өзгерістер бар.

1. Типтік үй-жайларда орналасқан ұйымдардың саны 138 бірлікке ұлғайды (2014 ж. – 321, 2012- 163).

2. Күрделі жөндеуді талап ететін ұйымдар саны 70 бірлікке азайды (2014 ж. – 109 бірл., 2012 - 179).

3. Апаттық жағдайдағы ұйымдардың саны 20 бірлікке азайды (2014 ж. – 2 бірл., 2012 ж. – 22 бірл.).

4. Мектептен тыс ұйымдардың материалдық жарақтандырылуы 64,8 % құрайды (2012 ж. - 60%, ауылда – 52,0%).

Қосымша білім беру ұйымдарын жергілікті бюджеттерден қаржыландыру 2014 жылы шамамен 24 млрд. теңгені құрады. Бір балаға жылына жұмсалатын шығын орташа есеппен – 40 мың теңге (Ресейде – 10 мың рубль, Беларусьта – 5 мың рубльге дейін).

Оқушылардың сабақтан тыс уақытта іспен шұғылдануларын ұйымдастырумен 90 мыңнан астам маман айналысады, олардың 18 мыңнан астамы балаларға қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, 52 мыңға жуығы мектеп үйірмелерінің жетекшілері және 21 мыңы мектептердегі спорт секцияларының жетекшілері.

Бұдан басқа, жалпы білім беру мектептерінде оқушылардың сабақтан тыс уақытта іспен шұғылдануын ұйымдастыру мәселелерімен 25 854 маман айналысады, олардың 7668-і директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, 4900-і аға вожатыйлар, 3888-і әлеуметтік педагогтер, 7723-і психолог, 1753-і мектеп инспекторлары.

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесін бағдарламалық-әдістемелік дамыту құралдарымен, ұйымдастыру-мазмұндық және ақпараттық қамтамасыз етумен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі - РҚБОӨО) айналысады.

РҚБОӨО балаларға қосымша білім беру жүйесінің бағдарламалық-әдістемелік мазмұнын республикалық деңгейде қамтамасыз етеді, балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық іс-шараларды, балаларға қосымша білім беру жүйесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастырады және өткізеді.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы **2013-2014 және 2014-2015 оқу жылдарында** балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында:

11 үлгілік білім беру бағдарламасын, музыка, көркемөнер мектептеріне және өнер мектептеріне арналған 8 оқу-әдістемелік құрал, 33 әдістемелік ұсыным, 4 педагогтерге арналған бағдарламалар мен сценарийлер жинағын шығарды;

«Экоәлем» және «Темірқазық» танымдық балалар журналдарының 30 нөмірін, педагогтерге арналған «Қосымша білім және тәрбие» журналын шығарды;

1670 қосымша білім беру педагогінің ең үздік тәжірибелері зерделеніп, жалпыланды. Әдістемелік әдебиеттер шығарған кезде үздік материалдар пайдаланылып, журналдарға, РҚБОӨО сайтына орналастырылды. Бағдарламалардың сапасын жақсарту мақсатында жыл сайын қосымша білім беру педагогтері арасында «Әдістемелік вернисаж» конкурсы ұйымдастырылады, оның қорытындысы бойынша үздік авторлық бағдарламалар анықталады. Үздік материалдар авторлық бағдарламалар жинақтарына, әдістемелік ұсынымдарға енгізіледі, журналдарда жарияланады;

14 жас театр артистерінің республикалық конкурсы, жас натуралистер, экологтар мен туристер слеті, техникалық шығармашылық және өнертапқыштық жарыстары өткізілді, оларға 3411 бала қатысты, 595 жеңімпаз атанды (облыстық деңгейде 38 900 бала, аудандық деңгейде – 493 200 бала қатысты).

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының 2835 басшысы мен педагогтеріне арналып 46 біліктілік арттыру курстары (72 сағаттан) ұйымдастырылды.

Білім беру мен ғылымның әртүрлі салаларында шығармашылықпен әуестенетін www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтының (порталының) жұмысы жандандырылды.

www.ziyatker.kz порталында 40 қашықтықтық интернет-конкурс ұйымдастырылып өткізілді, оларға 7800 астам бала қатысты, 1597 бала жеңімпаз атанды. Жас натуралистер, туристер, техниктер мен өнертапқыштар, музыкашылар, суретшілер, коллекционерлер және т.с.с. электрондық клубтары құрылды.

Республикалық іс-шаралардың 42 жеңімпазы Францияда, Түркияда, Ресейде, Украина мен Түрікменстанда өткен халықаралық фестивальдерге, конкурстар мен жарыстарға жолданды. Олардың 17-і жүлделі орынға ие болды.

Қазіргі уақытта балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын және балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту балаларға қосымша білім беру жүйесі ұйымдарындағы балалардың әлеуметтік тәрбиесіндегі инновациялық бағыттар болып табылады. Бұл бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық шығармашылық пен балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері әзірленіп бекітілді (ҚР БҒМ-ның 2015 жылғы 10.02-дағы № 60 бұйрығы).

Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін дамыту жөніндегі 2015-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді (БҒМ-ның 10.02.2015 ж. № 61, ҰЭМ-ның 16.02.2015 ж. № 100, Қаржыминінің 11.02.2015 ж. № 85 бірлескен бұйрықтары).

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» «Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы мектеп оқушыларының жалпы санынан қосымша білім берумен қамтылған балалардың үлесі» нысаналы индикаторы 2020 жылы - 70 % дейін (2014 жылы – 60,5%) және «Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, оның ішінде техникалық және туристік-өлкетану бағыттары бойынша саны» көрсеткіші 2020 жылы – 900 (2014 жылы – 833) енгізілген.

Сонымен бірге, балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту көп жағдайда белсенді қызметке, **жергілікті атқарушы органдардың** қаржыландыруына байланысты. Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары

жұмысының бағыты балалардың, ата-аналар мен қоғамның мүдделерін ескере отырып өңірдің қажеттіліктеріне байланысты болады.

Мәселен, **Батыс Қазақстан облысының білім беру жүйесінде** балаларға қосымша білім беру жан-жақты әрі сан қырынан ұсынылған және ол өңірдің бірыңғай білім беру кеңістігінің құрамдас бөлігі ретінде қаралады.

80 балаларға қосымша білім беру ұйымында түрлі ведомстволық бағыныстағы (білім беру, мәдениет, спорт) 6 - 17 жас аралығындағы 75 215 (84%) бала айналысады.

Батыс Қазақстан облысының білім беруді басқару органдарына ведомстволық бағыныстағы 57 мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында 53107 бала, спорт және мәдениет жүйесінің 23 қосымша білім беру ұйымдарында 22000 астам бала айналысады.

Облыстың балаларға қосымша білім беру ұйымдары желісі мына бағыттарда берілген:

көркемдік бағыт – 23 (5538 бала қамтылды); экологиялық-биологиялық – 1 (522 бала); туристік-өлкетану – 14 (10888 бала); техникалық – 2 (995 бала).

Батыс Қазақстан облысының балаларға қосымша білім беру жүйесіне тән ерекшеліктер:

білім беру процесіне құзыреттілікке бағдарланған тәсілді енгізу;

түрлі деңгейлердің (ата-аналардың, ұйымдардың, жергілікті өзін-өзі басқарудың) әлеуметтік тапсырыстарын іске асыру;

жалпы және қосымша білім беру интеграциясының маңызды жүйесі;

балаларға қосымша білім беру бірлестіктерінде мектеп оқушыларының көп жұмыстануы;

барлық типтегі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіби конкурстарды жүйелі өткізу;

Батыс Қазақстан облысының балаларға қосымша білім беру жүйесінің негізгі жетістіктеріне мынадай позицияларды жатқызуға болады:

балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басым бөлігі білім беру, әлеуметтік және басқа да функцияларды орындайтындықтан, өз аумақтарында әлеуметтік-мәдени және ұйымдастыру-әдістемелік орталықтар болып табылады;

балаларға қосымша білім беру жүйесінде білім алушыларды қамтудың тұрақты оң серпіні мен білім берудің осы түріне қажеттілікті дәлелдейтін жұмыстанушылықтың жоғары пайызы (мектеп оқушыларының жалпы санынан 80%);

балаларға қосымша білім беру, әдетте, білім алушылар үшін тегін болып қалып отыр;

қосымша білім беру ұйымдарының қызмет көрсетулерін көбіне 10 мен 14 жас аралығындағы жасөспірімдер пайдаланады. Бұл жастағы балалар оларға қосымша білім беру ұйымдарындағы жалпы балалар санының 50% құрайды, бұл, күмәнсіз оң фактор болып табылады.

балаларға қосымша білім беру ұйымдары жыл бойы жұмыс істейді, олар каникул кездерінде, демалыс пен мереке күндері балалардың бос уақытын ұйымдастырушылар болып табылады; олар ай сайын 250 әлеуметтік бағдарланған іс-шаралар өткізеді, бұл маңызды тәрбие ресурсы болып табылады.

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы жыл сайын дарынды оқушыларды анықтау мен ынталандыруға ықпал ететін 20-ға жуық облыстық конкурстық іс-шара өткізеді.

Қарағанды облысының білім беру жүйесінде балаларға қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдар желісі 56 ұйымнан тұрады, олардың 6-уы жеке ұйым (Қарағанды, Теміртау қалаларында).

Қосымша білім беру ұйымдарының жалпы санынан: 4 оқушылар сарайы, 1 оқушылар үйі, 1 жас техниктер станциясы, 7 балалар-жасөспірімдер орталықтары, 1 жас натуралистер станциясы, 18 музыка мектебі, 16 өнер мектебі, 3 көркемөнер мектептері, 5 балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталықтары мен үйлері. Қосымша білім беру ұйымдарының 67,8% облыс қалаларында орналасқан.

Барлық типтегі мектептен тыс ұйымдардың балалар мен жасөспірімдерді қамтуы 1-11 сынып оқушыларының жалпы санынан 74 119 адамды немесе 42,3 % құрайды (2013 жылы – 68 340 немесе 39,8%).

Білім беру желісінің қосымша білім беру ұйымдары балалардың 23% немесе 40309 баланы қамтып отыр (2013 жылы - 26%, 44 609 бала).

Мемлекеттік мектептен тыс ұйымдарда көркемдік-эстетикалық, сәндік-қолданбалы, техникалық, экологиялық, туристік-өлкетану, қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, лингвистикалық бағыттар бойынша үйірмелер саны 1 272 құрайды (2013 жылы - 772).

Балаларды қамтудың ұлғаюына музыка мектептерінің өнер мектептері болып қайта ұйымдастырылуы оң ықпалын тигізді. Мәселен, Бұқар жырау ауданындағы 4 музыка мектебінің 2-уі өнер мектебіне қайта бейінделді, осыған орай қамту 300 оқушыға ұлғайды.

Дене шынықтыру және спорт басқармасының балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде спорт секцияларымен қамтылған мектеп оқушыларының үлесі білім алушылардың жалпы санынан 28 204 адамды немесе 16,1 % құрайды (2013 жылы – 27 737 адам немесе 16,2%).

Облыста 450 баланы қамтыған 1 техниктер станциясы (Саран қ.), 607 баланы қамтыған 1 жас натуралистер станциясы (Қарағанды қ.) жұмыс істейді. Қарағанды қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер сарайында, Балқаш қаласының Оқушылар сарайында, Осакаров ауданының Мектеп оқушыларына қосымша білім беру орталығында, Шахтинск қаласындағы Балалар-жасөспірімдер орталығында техникалық бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді.

Қарағанды Балалар мен жасөспірімдер сарайында туристік-экскурсиялық «Самал» орталығы құрылды.

2018 жылы Ақтоғай ауданында жергілікті бюджет есебінен жас техниктер станцияларын, облыстың жалпы білім беру мектептерінің базасында – техникалық бағытта 14 үйірме ашу жоспарланып отыр. Теміртау қаласының «Әлем» балалар-жасөспірімдер орталығында «Ерекше жұмыстың балалары» жобасы шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балалар үшін «Радуга» клубы құрылды. Қарағанды қаласындағы № 1 өнер мектебі көзі нашар көретін балаларға арналған интернат пен Тәттімбет атындағы өнер колледжімен бірлесіп негізгі жалпы, қосымша және кәсіби музыкалық білім беру сабақтастығының тәжірибелік-сараптамалық бағдарламасын іске асыруда.

Қосымша білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігі өңірлік ресурстық қосымша білім беру орталықтарын құру мен дамытуға алып келді. Өңірлік ресурстық қосымша білім беру орталықтарының қызметі тиімді білім беру нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ақпараттық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және оқу-зертханалық ресурстарға ұжым болып қол жеткізуді ұйымдастыруды білдіреді.

Қосымша білім берудің өңірлік ресурстық қосымша білім беру орталықтарын құруға мынадай факторлар ықпал етті:

ата-аналарының өз баласын оқитын жеріне жеткізуге мүмкіндіктері болмайтындықтан, балалардың басым бөлігі көбіне музыка мектептері мен өнер мектептеріне бара алмайды. Сондықтан өз баласын жалпы білім беру мектебіне жіберу қауіпсіздеу, онда ол білім алып қана қоймай, өнердің алуан түрін игеруге де мүмкіндігі болады, бұл оның шығармашылық дамуын, эстетикалық тәрбие алуын қамтамасыз етеді;

бұдан басқа, бейінді оқытудың енгізілуімен сипатталатын 12-жылдық білім беруге көшкен кезде әрбір білім алушы өзінің білімдік бағдарын қалыптастыру мүмкіндігіне ие болады.

Музыка мектептері мен өнер мектептерінің бағдарламалары негізінен 7-жылдық оқытуға есептелген. Сондықтан мәдениет және

өнер саласында кәсіби бағдарланған жоғары сынып оқушыларының колледждер мен ЖОО түсуге дайындалуға мүмкіндіктері болмайды.

Мына ұйымдар:

өңірдің 12 білім беру ұйымын біріктіретін Қарағанды қаласының «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» КМҚК;

Қарағанды қаласының 14 жалпы білім беру мектебін біріктірген №2 Балалар өнер мектебі Қарағанды облысының Өңірлік ресурстық қосымша білім беру орталығының тірек ұйымдарына айналды.

Аталған ресурстық қосымша білім беру орталықтары тірек өнер мектебінің ресурстарын пайдалана отырып, оған кіретін білім беру ұйымдарының базасында балалардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес барлық балаларды көркем-эстетикалық дамыту жағдайын қамтамасыз ету үшін құрылған.

Ресурстық орталықтың білім беру кеңістігінде әрбір жалпы білім беру мектебі секциялар, үйірмелер қызметін қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін орындай отырып білім беру процесін дербес жүзеге асырады, білім алушыларға сабақтар өткізу үшін үй-жайлар береді. Өнер мектебі білім беру қызметтерін ұйымдастыруға жауапты болады, педагогтер мен оқу қаражатын береді.

Бұл ретте заңдылық сақталады, яғни әрбір мектептің әкімшілік және экономикалық дербестілігі сақталады. **Басқа сөзбен айтқанда, дербес мектеп болып қала отырып ресурстық орталық жағдайларында балаларды тәрбиелеуге және шығармашылық дамытуға бағытталған мектептен тыс, сыныптан тыс жұмыстар саласындағы ресурстарды біріктіреді.**

Ресурстық орталықтар қосымша, жалпы орта және кәсіби білім беру ұйымдарымен әлеуметтік әріптестік негізінде бейіналды, бейінді және кәсіби білімге дейінгі оқыту бағдарламаларын іске асырады.

Ресурстық орталықтың білім беру қызметінің ерекшелігі жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың ең көп санын қосымша білім берумен қамтуға мүмкіндік берді, ол тәрбиелеу процесінің тиімділігін арттырады, олардың сабақтан тыс уақытында жұмыспен айналысуын қамтамасыз етеді.

Әрбір мектепте Ресурстық орталықтың білім беру әлеуетін пайдалана отырып өзінің педагогикалық міндеттерін шешу мүмкіндігі бар. Бірінші кезекте, бұл мемлекеттік тапсырысты орындау – білім алушыларды қосымша білім берумен қамтуды ұлғайту. Екіншіден – балалардың құқық бұзушылықтары мен қылмыстары тәуекелдерін төмендету, себебі өнер ғана адамды адамгершілік рухани тәрбиелеудің, толеранттылыққа, азаматтылыққа тәрбиелеудің, адамның жағымды эмоциялық саласын тәрбиелеудің пәрменді құралы болып табылады.

Бұдан басқа, әлеуметтік әріптестіктерге – жоғары және орта кәсіптік оқу орындарына, мәдениет орталықтарына белсенді назар аударылады.

Осылайша, Ресурстық орталықтың педагогикалық мақсаты тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу, шығармашылық дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау, білім беру жүйесіне қойылатын әлеуметтік тапсырыстар мен мемлекеттік талаптарды іске асыруды қамтамасыз ете отырып білім алушылардың табиғи мүмкіндіктерін, бейімділігі мен қызығушылықтарын ескере отырып өнер және мәдениет саласында кәсіби өзіндік айқындалу болып табылады.

Ресурстық орталықтың негізгі міндеттеріне мыналар:

Педагогтер мен олардың әлеуметтік әріптестерінің күш-жігерін аумақтық кіріктіру арқылы баланы тұлғалық шығармашылыққа дамытуға бағдарланған білім беру тиімділігін арттыру;

әрбір балаға оның қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен қабілетін, негізге ала отырып өзін-өзі дамыту және өзін дара тұлға ретінде көрсете алу мүмкіндіктерін беру;

бейінді оқытуға бейіналды дайындау жүйесін ұйымдастыруға жәрдемдесу;

білім алушыларды қазақ және басқа халықтардың өнер, музыка, салт-дәстүрлерінің тарихын зерделеу негізінде әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу;

білім беру ұйымдарының әлеуметтік әріптестермен өзара байланыстарын күшейту арқылы балалардың демалыс қызметін ұйымдастыру жатады.

Қарағанды облысының білім беру ұйымының тәжірибесі ресурстық орталық ретінде қажетті және жеткілікті жағдайлары (кадрлық, материалдық-техникалық, қаржылық-экономикалық) бар кез келген білім беру ұйымдары бола алатындығын көрсетеді. Ресурстық орталықтардың саны білім алушылардың санына, олардың қажеттіліктеріне, әлеуметтік тапсырысқа байланысты болуы мүмкін.

Осы модельдің артықшылығы сабақтан тыс қызметті ұйымдастыруға арналған шығынды азайту, білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін барынша есепке алуды қамтамасыз ету болып табылады. Ресурстық орталықтарды құру – республиканың қосымша білім беру жүйесінің қажетті желілік элементі, білім алушының негізгі оқу, тұру орнына және материалдық әл-ауқатына тәуелсіз тұлғалығын қалыптастыратын шығармашылық және эстетикалық әлеуетін дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ететін қосымша білім берудің тиімді нысаны.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.

Балаларға пайдалы оқуды және өзін-өзі дамытуды қамтамасыз ететін мәдени-білім беру, дамыту бағдарламаларын таңдау мүмкіндіктерін беретін сала ретінде балаларға қосымша білім беруді жүйелі дамыту сапалы жаңартылған іргетас жағдайында – нормативтік құқық базада ғана мүмкін болады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің қызметі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен регламенттелген:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1, 4, 5, 6, 11, 14, 23, 28, 37, 51, 52, 63, 65-баптар).

«2011-2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» ҚР Премьер-Министрінің өкімі (2011 жылғы 28 маусымдағы 2011 № 86-р);

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (2012 жылғы 25 маусымдағы №832 ҚРҰҚ);

Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары (2012 жылғы 29 маусымдағы №873 ҚРҰҚ) құнды идеологиялық құрылғылар кешенін, салауатты өмір салтын және отбасылық саламаттылықты насихаттауды қамтиды.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары (2013 жылғы 17 мамырдағы №499 ҚРҰҚ);

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 14.06.2013 ж. № 228 бұйрығы).

Формалды емес білім беру саласында балалардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша шетелдік тәжірибе

Қазақстанда балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңғырту шет елдердің оң тәжірибесін есепке алуды талап етеді.

Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі (БХСЖ) ЮНЕСКО формалды, формалды емес және информалды білім беру бағдарламаларын қамтиды.

Формалды білім беру мемлекеттік және жеке меншік білім беру ұйымдары қатысқан кезде институционалдандырылған, мақсатқа бағытталған, жоспарланған болып айқындалады. Формалды емес білім беру формалды білім беруге қосымша және/немесе баламалы болып

табылады, әлеуметтік және мәдени дамуға бағытталған өмірлік және еңбек дағдыларын дамыту бойынша бағдарламаларды қамтиды.

Информалды білім беру отбасындағы, жұмыс орнындағы, тұрғылықты жері бойынша және күнделікті өмірдегі оқу қызметін қамтуы мүмкін, оның бағытын отбасы немесе социум дербес айқындайды.

Бүгінгі таңда ақпараттың жаңа арналары мен көздерінің пайда болуы жағдайында мектептер білім, дағды және мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға монополияны жұмсайды.



Формалды білім беру шегінен шығу, басқа

әлеуметтік институттардың мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Көптеген елдердегі мектептер монополистен білім беруді үйлестірушіге және әлеуметтендірушіге ауысуда.

Мұндай қызметтің жетістігі қосымша білім беру саласының дамуына байланысты болады.

Жоғары технологиялық экономика білімдерін, даралығын, креативтілігін қолдану құндылықтарын арттыруды талап етеді. Бұл өзгерістер әуестікке, көшіруге және тыңдауға бағдарланған білім берудегі дәстүрлі тәсілдердің тепе-теңдіксіз жағдайларын тудырады.

PISA халықаралық зерттеулер мектеп бітірушілердің жеке басында және оқу шегінен шығатын әлеуметтік маңызды жағдайларда алған білімдері мен дағдыларын қолдану қабілеттерін бағалайды.

Білім алушылардың білім беру жетістіктері бейінінде білімін қолдана алуы және танымал алгоритмдерді қолдануы жоғары деңгейдегі зияткерлік дағдылармен салыстырғанда басымдыққа ие.

Халықаралық зерттеулер мектептен кейін және каникул уақытында барлық білім түрлерін қолдау балаларды психологиялық және әлеуметтік дамыту үшін аса маңызды екендігін растайды.

Күрделі өзгерістер орын алып отырған барынша жаһанданған қоғамда, сондай-ақ заманауи әлемде бос уақыттың өсіп келе жатқан рөлі белгілі бір қажеттіліктерді талап етеді. Европалық Одақ күннен күнге кеңейуде, Шығыс Еуропа елдері батыс экономикасының моделіне көшуде, қоғамның құнды бағдары интернационалдандыру себебінен өз тұрақтылығын жоғалтуда, халықаралық қатынастар өте қолжетімді және т.б. жағдайлар орын алып отыр. Білім беру жүйесі осы әлеуметтік және саяси өзгерістерден тыс қалып қоя алмайды.

Мұндай жағдайларда балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын өткізу ерекше мәнмен толықтырылады. Көптеген елдерде балалар мен жастарға өзінің бос уақытын тиімді пайдалануына мүмкіндік беретін арнайы саясат бар. Оларға мектептен тыс уақыттарда арнайы ұйымдар ұсынатын арнайы бағдарланған қызметпен айналыса отырып арнайы ұйымдарда өткізу ұсынылады. Бұл қызықты және демалыс, сонымен қатар баланы дамытуға бағытталған белгілі бір қызмет түрі болуы мүмкін. Балалармен жұмыс істейтін кәсібилер педагогтер немесе оқытушылар деп аталады және көптеген жағдайларда бейінді жоғары білім болады. Көптеген елдерде педагогиканың осы бөлімі жеке мамандық ретінде оқытылады. Ал балалардың жағымды демалыс атмосферасында өзінің таланты мен құзыретін дамытуға мүмкіндігі болады.

Әртүрлі елдерде мектептен тыс бос уақыттарда ұсынылатын қызметті нақтылау үшін әртүрлі терминдер қолданылады. «Қосымша білім беру» термині «формалды емес білім беру» (ФЕБ), «мектептен тыс білім беру», «бос уақытты өткізу бағдарламалары» және т.б. терминіне ауыстырылуы мүмкін. Еуропа және Еуропалық Одақ Кеңесінде мақсатқа бағытталған демалыс қызметі «формалды емес білім беру» терминімен білдіріледі.



Жастардың өміріндегі білім берудің шамамен 70% формалды емес немесе ресми емес білім беру жағдайларда: отбасында, құрбы-құрдастар топтарында, жастар ұйымдарында, бос уақытты өткізу топтарында өтеді. Білім беру уақытының шамамен 30% формалды оқытумен айналысады. Білім берудің қосымша немесе «формалды емес білім беру» формалды білім беруге қарама қайшылықта ұсынылады. Балалар мен жастар үшін формалды емес білім беру барынша тартымды. Формалды емес білім беру формалды білім беруге қарағанда барынша икемді және жаңашыл нысан болып табылады, ол формалды емес білім берудің балаларға қатысты қоғамның үнемі өзгеріп отыратын сұраныстарына барынша жедел ден қоюға қабілеттілігімен түсіндіріледі.

ЮНЕСКО сыныптамасына сәйкес формалды емес білім беруге (non-formal education) оқыту нәтижелері үнемі тиісті құжаттамалармен растала бермейтін білім берудің ұйымдастырылған және дәстүрден тыс жүйесін жүргізетін оқу бағдарламалары мен курстары жатқызылады.

Сөзсіз, барлық айырмашылықтарды түсіндіру үшін бір термин жеткіліксіз, бірақ бұл сөз көп мәнге ие. Кейде бұл «бос уақытты өткізу бағдарламасы», кейде бұл мектептен кейінгі білім беру, қосымша мектептегі білім беру, формалды, диплом алуды болжамайтын білім беру, қызығушылықтар бойынша мектептер, формалды емес білім беру, сыныптан тыс білім беру, оқу жоспарынан тыс білім беру, мектептен тыс білім беру және тіпті мектептік емес білім беру деп аталады. Формалды емес білім беру мен оның нұсқалары білім берудің жалпыға ортақ қабылданған стандарттарына жауап бермейді: барлығы сыныптан тыс, мектептен тыс өтеді және білім берудің түпкілікті мақсатында диплом немесе сертификат жасамай дамыту үшін мүмкіндіктер бере отырып «қосымша» білім береді.

Көптеген еуропа елдерінде ФЕБ белсенді саясаты дамуда, ал ұйымдастыру нысаны мен жүйесі сол немесе өзге елдің мәдени және тарихи ерекшеліктеріне негізделген.

Әрбір еуропа елінде ФЕБ жүйесі мен оған кірмейтін ұйымдар қоғамда әртүрлі орындарға ие. Көптеген ФЕБ жеке меншік сипатқа ие. Осы жеке меншік бастамалардың мақсаттары ішінара мемлекеттік немесе ішінара мемлекеттік ұйымдар ұстанатын мақсаттардан айырмашылығы бар. Жеке меншік ұйымдардың қызметі көптеген жағдайларда пайда алуға бағытталған. ФЕБ-те бос уақытты өткізу бұл жерде ақша табу мүмкіндігі ретінде қаралады.

Қазіргі уақытта формалды емес білім беру бизнестің елеулі саласы болып отырған елдердің саны өсіп келе жатыр. Балалар мен жастар өздерінің бос уақыттарын қалаған мәнде өткізу мүмкіндіктеріне ақы төлейді.

Бүгінгі таңда Еуропаның барлық дерлік елдерінде формалды емес білім беру ұйымдарының ондаған мыңы бар.

Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде үкімет формалды білім беру ұйымдарымен қатар балалар даму үшін қосымша мүмкіндіктер алатын формалды емес білім беру ұйымдары мемлекеттің міндеттері болып табылатындығы туралы пікірді ұстанады.

Финляндияда және Литвада ФЕБ арқылы әртүрлі құзыреттерді сатып алу үрдісін дамыту байқалады.

Финляндияда ФЕБ мектеп қабырғасынан тыс, бос уақытта, көп жағдайда мемлекеттік емес ұйымдарда (бұдан әрі – МЕҰ) және қоғамдық қызметтің басқа түрлері шеңберінде өткізілетін оқуға жатады. Финляндияда ФЕБ формалды білім беру арқылы алатын білімге қарағанда баламалы немесе сыни болып табылатын білім көзі болып табылады.

Финляндияның министрліктері мен муниципалитеттері балалармен және жастармен қоғамдық жұмыстарды үйлестіреді және

қаржыландырады. Мәдениет, спорт саласында берілетін қызметтер және жастармен жұмыстар салыстырмалы түрде қымбат емес: мүшелік жарнасы 5 евро немесе тегін.

Европада ФЕБ формалды білім берудің орнын толтыру ретінде қаралмайды. ФЕБ-тің тиімді дамыған жүйесі роман (Италия, Испания, Португалия, Франция) елдеріне тән, алайда ФЕБ бұрынғы социалистік елдерге барынша тән.

Соңғы жылдары формалды емес білім беру жүйесін дамытуда дамыған шетелдерде бірқатар үрдістер байқалды:

білім беру кеңістігін реформалау, ізгілендіру, гуманитарландыру, көп нұсқалылық және үздіксіздік, ғылымилық, мәдениеттілік, әртараптандырушылық, тартымдылық, технологиялық, жеделділік және қозғалыстылық, кіріктірілуі, камтамасыз етілуі, болжамдау қағидағтарына сәйкес орын алып жатқан үздіксіз процесс болды;

балалардың бос уақытын, демалыс қызметін өткізуді ұйымдастыруға қоғамның назары күшеюде;

балаларға ФЕБ жүйесі мемлекет пен қоғамның арнайы саясатының объектісі немесе құрамдауышы болып отыр.

Балаларға ФЕБ құзыреттілікті (тұлғалық, әлеуметтік, білім, азаматтық, шығармашылық) қалыптастыруға; көшбасшы дағдыларын алуға, әлеуметтік рөлдерді қабылдауға, өзін-өзін тануға, командамен жұмыс істеуге, дауларды шешуге, сондай-ақ тілдерді зерделеуге бағытталған. Балалар үйренген дағдылар, сапа мінез-құлық сипаттарында, құнды бағдарларында, орнығуында (сыйлау, жауапкершілік, толеранттық, эмпатия, өзін-өзі құрметтеу, агрессивті емес мінез-құлық және т.б.) көрініс табуы тиіс. Еуропа Одағы мен Еуропалық Одақ зерттеулеріне сәйкес жақын болашақта осы үрдістің өсуі күтіледі:

балаларға ФЕБ жүйесінде оның коммерциялығы нақты белгіленген;

нарық стратегиясын, инвестициялау ұтымдылын, пайдалылығын басшылыққа ала отырып жеке меншік науқандар саны өсуде;

балаларға мемлекеттің басқарушылық рөлдері мен ФЕБ қатынасының өзгеруіне алып келетін азаматтар құрған жеке меншік ұйымдардың пайдасына мемлекеттің әсер етуін тарату күшеюде;

кадрлық әлеуетті – әдіснамалық, әдістемелік, практикалық, кәсіби қызметтің қолданбалы құрамдауышын сапалы дайындауға барынша көп назар аударылуда;

балаларға ФЕБ ұстауға балалардың тууын төмендетумен (еуропа елдерінде) туындаған өсіп келе жатқан дара тұлғалылық («Мен», «барлығы», «қазір», «көңілді») маңызды әсер етеді және бұл күрделі моралдық екі ұштылықты тудырады;

қоғамның проблемалы бөлігіне (5-10% бала) бағдарланған қорғаншылық жүйесі елеулі дамуда. Үкімет тарапынан барлық дерлік қаржылық көмек күрделі проблемасы бар балалар мен жастарға бағытталады. Мұндай қорғаншылық тұжырымдама үстемдікке ие (батыс Еуропа негізінде).

Федералдық мемлекеттік білім беру стандартын енгізу бойынша жұмыс тәжірибесінен Ресей Федерациясында сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру

Қазіргі уақытта Ресей мектептерінде Федералдық мемлекеттік білім беру стандарты талаптарын іске асыру тетігін сипаттайтын басты құжат болып табылатын бастауыш жалпы білім беру бағдарламасы іске асырылады. Федералдық мемлекеттік білім беру стандарты контексінде оқу қызметі сабақта және сабақтан тыс болып бөлінеді. Білім алушыларға сабақтан тыс қызмет сыныптық-сабақтан өзгеше сабақтарда пәндік салалар бойынша оқу жоспары шеңберінде іске асырылады.



2012 жылғы 1 қыркүйектен бастап және 2013 жылы бірқатар білім беру ұйымдары негізгі жалпы білім берудің федералдық мемлекеттік білім беру стандартын іске асыруды бастады (Ресей Білім және ғылым министрлігінің «Негізгі жалпы білім берудің федералдық мемлекеттік білім беру стандартын бекіту туралы» 17.12.2010 жылғы № 1897 бұйрығы және Ресей Федерациясының субъектілерге білім беру министрлігі бұйрықтары негізінде).

Сабақтан тыс қызмет бірқатар өте маңызды міндеттерді шешуге:
баланың мектепке қолайлы бейімделуін қамтамасыз етуге;
білім алушылардың оқу жүктемесін оңтайландыруға;
баланы дамыту үшін жағдайларды жақсартуға;
білім алушылардың жас ерекшеліктері мен дара ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Сабақтан тыс қызмет экскурсия, үйірмелер, секциялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, диспуттар, мектептегі ғылыми қоғам, олимпиадалар, жарыстар, іздеу және ғылыми зерттеулер, қоғамдық пайдалы практикалар және басқалар сияқты тұлғаны дамыту бағыттары (рухани-адамгершілік, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, әлеуметтік, жалпы зияткерлік, жалпы мәдениеттілік) бойынша ұйымдастырылады.

Оқу пәндері, курстар бағдарламалары мазмұнының жекелеген аспектілерін бекіту және практикалық пайдалану үшін сабақтан тыс қызметті пайдаланудағы басымдықтардың бары белгілі.

Сабақтан тыс қызмет мыналар:

Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқу жоспары, атап айтқанда, оқу процесінің қатысушылары қалыптастыратын бөлік арқылы (сабақтан ерекшеленетін нысандарды өткізілетін қосымша білім беру модульдері, арнайы курстар, мектептегі ғылыми қоғам, оқу ғылыми зерттеулер, практикумдар және т.б.);

қосымша білім беру бағдарламалары (қосымша білім берудің мектепшілік жүйесі);

балаларға қосымша білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламалары, сондай-ақ мәдениет және спорт ұйымдары;

ұзартылған күн топтарының қызметін ұйымдастыру;

сынып жетекшілігі (экскурсиялар, диспуттар, дөңгелек үстелдер, жарыстар, қоғамдық пайдалы практикалар және т.б.);

білім беру қызметкерлерінің лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының лауазымдық міндеттемелеріне сәйкес өзге педагогикалық қызметкерлердің (ұйымдастырушы педагогтің, әлеуметтік педагогтің, психолог педагогтің, аға вожатыйдың) жұмысы;

жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу, енгізу бойынша, оның ішінде өңірлік ерекшеліктерді ескеретін инновациялық (эксперименталды) қызмет арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы базалық модельге сүйене отырып сабақтан тыс қызметтің ұйымдастырушылық модельдерінің бірнеше негізгі түрлері ұсынылуы мүмкін:

қосымша білім беру моделі;

«толық күн мектебі» моделі;

оңтайландырылған модель;

инновациялық-білім беру моделі.

Қосымша білім беру моделі. Сабақтан тыс қызмет балаларға қосымша білім берумен, балалардың шығармашылық қызығушылықтарын дамыту үшін жағдайлар жасау және оларды көркем, техникалық, туристік, экологиялық-биологиялық, спорттық және басқа да қызметке қосу бөлігінде тығыз байланысты. Осы модель балалардың аумақтық, әлеуметтік және академиялық ұтқырлыққа дайындығын қамтамасыз етуге бағдарланған. Модельдің артықшылығы қызығушылықтары бойынша балалар бірлестіктері бағыттарының спектрі, баланың өзіндік айқындалу және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктері, сабақтан тыс қызметті жүзеге асыруға білікті мамандарды тарту негізінде, сондай-ақ балаға қосымша білім беруге тән білім беру процесін ұйымдастырудың практикалық бағдарланған

және қызметтік негізіне сәйкес балаға кең таңдау ұсыну болып табылады.

«Толық күн мектебі» моделі. «Толық күн мектебі» моделінің негізі ұзартылған күн топтары тәрбиешілерінің басымдықпен сабақтан тыс қызметті іске асыруы болып табылады. Осы модельдің басымдығы: күні бойы тамақтандыруды қоса алғанда білім беру процесін табысты іске асыру үшін жағдайлар кешенін жасау, ұзартылған күн топтарын қаржыландырудың қалыптасқан практикасы болып табылады.

Оңтайландырылған модель. Жалпы орта білім беруді ұйымдастырудың барлық ішкі ресурстарды оңтайландыру негізінде сабақтан тыс қызмет моделі оны іске асыруға осы ұйымның барлық педагогикалық қызметкерлерінің (мұғалімдер, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагог, психолог педагог, логопед оқытушы, тәрбиеші, аға вожатый және т.б.) қатысуын болжайды.

Оңтайландырылған модельдің артықшылығы сабақтан тыс қызметке қаржылық шығыстарды азайтудан, жалпы орта білім беру ұйымдарында бірыңғай білім беру және әдістемелік кеңістік құрудан және оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің мазмұнды және ұйымдастырушылық бірлікте болуынан тұрады.

Инновациялық-білім беру моделі. Инновациялық-білім беру моделі жалпы орта білім беру ұйымдарында болатын инновациялық алаң (эксперименталды, пилоттық, енгізу) қызметіне сүйенеді. Осы модель шеңберінде жаңа білім беру бағдарламаларын, оның ішінде өңірлік ерекшеліктерді ескеретін бағдарламаларды әзірлеуден, сынақтан өткізуден, енгізуден өтеді. Инновациялық-білім беру моделі жалпы орта білім беру ұйымдарының колледждермен, жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдармен тығыз өзара іс-қимылды болжайды.

Осы модельдің артықшылығы сабақтан тыс қызмет бағдарламалары мазмұнының және (немесе) әдістемелік құралдарының жоғары өзектілігі, оларды іске асыруда ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу, қалыптастыратын тәжірибенің бірегейлігі болып табылады.

Сабақтан тыс қызметті іске асыруда ұйымдастырушылық, ақпараттық, нормативтік және ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету маңызды рөл атқарады.

Мысалы, ғылыми-техникалық шығармашылық үшін ресурстық орталықтарды құру, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде ашық білім беру кеңістігіне әртүрлі үлгідегі жалпы орта білім беру ұйымдарының желілік өзара іс-қимылын және білім алушылардың дара ерекшеліктері мен қажеттіліктерін барынша есепке алуды қамтамасыз ету түрлерін кіріктіру.

Балаларға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылын жобалау шеңберінде әрқайсысы жалпы орта білім беру ұйымдарының нақты қалыптасып отырған жұмыс істеу жағдайлары негізінде таңдалатын (қажет болған жағдайда түзетілетін) ықтимал модельдердің тұтас кешенін қамтитын өзара іс-қимылдың нұсқалық моделін ұсынуға болады.

Бірінші құрамдауыш ретінде «тораптық модель» болуы мүмкін, онда балаларға қосымша білім беру ұйымы (ҚБҰ) ҚБҰ-да «жиналатын» бірнеше жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін бар материалдық-техникалық базаны пайдаланады.

Екінші құрамдауыштың нұсқалық модель өзара іс-қимыл ұйымына дәстүрлі тәсіл болып табылады, онда жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары қызығушылықтары және т.б. бойынша осы ұйым базасында жұмыс істейтін балаларға қосымша білім беру ұйымдарының үйірмелеріне, секцияларына, клубтарына барады.

Осы модельді одан әрі дамыту білім алушылар саны көп болған жағдайда жалпы орта білім беру ұйымдары базасында ҚБҰ тиісті филиал ашуға алып келеді.

Өзара іс-қимылдың үшінші құрамдауыштың нұсқалық моделі – балаларға қосымша білім беру ұйымдары базасында тағылымдамадан өту алаңын пайдалану моделі. Мұндай жағдайда ҚБҰ – жалпы орта білім беру жүйесінің педагогтеріне арналған өзіндік ұйымдастырушылық біліктілікті арттыру үшін әдістемелік орталық және базалық ұйым.

Қазақстан Республикасында қосымша білім беру жүйесінің даму болашағы

Жаһандану жеке, нақты адам – білім беру жүйесінің түлегі шығатын дүниежүзілік еңбек нарығын қалыптастырады. Ол өзінің меншік *білімін, құзыреттілігін және адами қасиетін* тікелей таратушы болып табылады. Егер түлек бәсекеге қабілетті болса, онда ол ынтымақтасу жетістіктерге ғана жетелейтін кез келген жұмыс берушімен жұмыс істей алады. Білім беру қажеттіліктерін және өзіндік даму ерекшелігі бар әрбір тұлғаның, әрбір қоғамның, әрбір аумақтың қабілеттерін есепке алу бүгінгі таңдағы проблема болып отыр.

Мемлекет қоғам мен адамды саналы түрде қолдамайынша жаһандану дәуірінде елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алмайды. Әрбір балаға қолжетімді қосымша білім беру ғана балаға заманауи кәсіптің кең алаңында өзін табуға мүмкіндік береді. Мемлекет жағдайлар жасауы қажет, себебі балаларға қосымша білім беру

ұйымдарында ғана өз қабілеттерін дамытуға әрбір баланың құқығын іске асыруға болады және іске асыруы тиіс. Мемлекет пен ата-анаға балаларға қосымша білім беру ұйымдары қозғамның, оның *менталитетінің сапалық әлеуетін өзгерту үшін ерте жастан мәселелерді шешуі қажет.*

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының заманауи нәтижелілігі *білім алушылардың құзыреттілігімен* айқындалады. Бұл бала оқу кезінде берілетін ақпаратты ғана біліп қоймай, сонымен қатар *адамдармен және мәдениетпен және өркендеумен қатынастар құруды үйренуге* құқылы дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз

функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдениет, саяси және экономикалық қызметке белсенді қатысуға, сондай-ақ өмір бойы үйренуге ықпал ететін базалық факторлардың бірі болатынын білдіреді. Бұл ретте *функционалдық сауаттылықты* дамытудың нәтижесі жастарға алған білімдерін практикалық



жағдайда тиімді қолдануға және әлеуметтік бейімделу процесінде табысты пайдалануға мүмкіндік беретін білім алушылардың шешуші құзыреттілік жүйесін иеленуі болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің мазмұны адамға негізделген және кез келген адам салауатты және шығармашылық өсуге қабілетті екендігін және осы әлеуетті іске асырудағы барлық келеңсіздіктерді егер адам өз өміріне жауапкершілікті өзіне қабылдау мүмкіндігіне ие болса жеңуге болатынын растайтын теориялар, идеялар және тұжырымдамалар негізінде айқындалады.

Балаларға қосымша білім беруді жаңғырту балаларға қосымша білім беру жүйесін тұрақты дамытудың шарттары мен тетіктерін құруды, оның заманауи сапасын, қолжетімділігі мен тиімділігін қамтамасыз етуді, жалпы білім беру мектептері базасында қосымша білім беруді дамытуды, озық дәстүрлі мектептен тыс білім беру мен қосымша білім беру негізінде жалпы және қосымша білім беруді кіріктіруді болжайды.

Бүгінгі таңда қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін көптеген міндеттерді шешу талап етіледі:

балаларға қосымша білім берудің мазмұнын жетілдіру;

қосымша білім беру ұйымдарының желілерін сақтау және дамыту;

білім беру қызметінің жаңа мазмұнымен және әдістерімен, икемділігі мен нұсқалылығымен сипатталатын балаларға қосымша білім берудің инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

педагогикалық практикада балаларға қосымша білім берудің озық тәжірибесін анықтау және біліктілікті арттырудың әртүрлі нысандары арқылы оларды тарату;

кадрлық құрамды сақтау және нығайту, заманауи талаптарды ескере отырып оның кәсіби деңгейін арттыру.

Осы міндеттерді шешу балаларға жалпы және қосымша білім беруді кіріктіру процесінің тиімділігін арттыру үшін аса маңызды, себебі бұл мыналарды қамтамасыз етуге:

1) осы ұйымдардың қызметінде бірыңғай тәсілдерді, талаптарды қалыптастыруға;

2) балаларға қосымша білім беру мәселелері бойынша мектеп пен педагогикалық қызметкерлердің жедел хабардар болу деңгейін арттыруға;

3) мектептен тыс білім берудің озық үрдісін, бағдарламалық-әдістемелік әлеуетті, қосымша білім беру мектептерінің балаларға қосымша білім беру жұмыстарының нысандары мен әдістерін барлық жерде пайдалануға мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің ұйымдастырылған құрылысы тұтынушылар сұраныстарының және мемлекеттік тапсырыстың өзгеруіне сәйкес қызмет пен оқыту бағдарламаларының бағыттарын жедел ауыстыру қажеттілігін ескеруі қажет:

- балаларды өмірдің өзгеріп отырған жағдайларына әлеуметтік бейімдеу;
- балаларды табысты әлеуметтендіру;
- дербес азаматтылыққа, адамгершілік таңдауға, жеке шығармашылық өзін-өзі жетілдіруге дайындығын қалыптастыру;
- саналы түрде өмірлік өзіндік айқындалу және кәсіп таңдауға әлеуметтік жауапкершілік тудыру.

Қызметтің мазмұны мен әдістері үнемі қадағалауды және түзетуді талап етеді. Адами капиталды жандандыру және дамыту жүйесінде балаларға қосымша білім беру орындарының ерекшеліктері осындай.

Білім беру ұйымдарының икемділігі мен ұтқырлығы, білім беру қызметтері нарығында оның тұрақтылығы және адами әлеуетті қалыптастыруда мемлекеттік стратегияны басшылыққа алу балалар белсенділігінің әртүрлі салаларында білім беру бағдарламаларының кең спекторын ұсынатын көп бейінді ұйымдар жағдайын мүмкін болады.

Бірыңғай әкімшілік, қаржылық және мазмұндық басқаруда жекелеген тақырыптық құрылымдарды біріктіретін ірі Балаларға қосымша білім беру орталығын қалыптастыру қажет. Көптеген елді мекендерде тұтынушылар мен жергілікті қоғамның сұраныстарын қамтамасыз ететін бағдарламалар жиынтығымен көп бейінді Орталықтар филиалдарын құру орынды. Филиалдардың қызметі қажет болған жағдайда Орталықтың ресурстары мен педагогикалық персоналдарын пайдалана отырып Орталықтың ұйымдастырушылық және әдістемелік сүйемелдеуімен қамтамасыз етіледі.

Арнайы үй-жайлар болмаған жағдайда қосымша білім беру бағдарламалары жалпы білім беру мектебінде оның персоналдарын тарта отырып орналастырылуы мүмкін. Мұндай практика мектеп ресурстарын күннің екінші жартысында пайдалануға, қосымша білім беру бағдарламасына негізгі білім беру бағдарламасын орындауға бірқатар тақырыптар мен қызметтерді беруге мүмкіндік бере отырып бірқатар артықшылықтарға ие.

Ұсынылып отырған ұйым арнайы дайындалған басқару персоналын, нормативтік жан басына қаржыландыру жағдайындағы қызметті қамтамасыз ететін қаржы құрылымдары қызметкерлерін және қосымша білім беру ұйымдарының дәстүрлі емес ұйымдастыру құрылымын талап етеді.

Балаларға қосымша білім берудің қажеттілігі бейіндік және кәсіби бағдарды жетілдіру қажеттілігіне байланысты 12 жылдық мектепте бейінді оқытуды енгізумен байланысты күннен күнге өсіп келеді.

12 жылдық мектепте музыкалық, көркем мектептер мен өнер мектептері көркем-эстетикалық бағыт бойынша бейінді ресурстық орталықтар бойынша өзіне рөл ала алады.

Жас техниктер, натуралистер және туристер станциясының ресурстары білім алушылардың тәжірибелік-эксперименталды, жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру үшін бейінді мектепте пайдаланылуы мүмкін.

Мектептен тыс білім беру ұйымдарының қолданыстағы объектілерін жаңғыртуды және жаңа объектілерін енгізуді, материалдық-техникалық жарактандыруды талап етеді. Осы мәселе Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жобада көзделген.

Балаларды *әлеуметтік тәрбиелеу* үшін қосымша білім берудің, балаларға жалпы және қосымша білім беруді кіріктіру процесін дамытудың маңыздылығын ескере отырып нақты социум балаларына жалпы және қосымша білім беруді кіріктіру процесін ақпараттық-

әдістемелік сүйемелдеудің қалыптастырылған және нақты әрекет ететін бірыңғай ақпараттық-әдістемелік кеңістік моделін әзірлеу аса маңызға ие.

Балаларға қосымша білім беруді сапалы жаңарту заманауи талаптарға және қоғамның даму қарқынына сәйкес келетін жағдайлар жасау кезінде ғана мүмкін.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес балаларға қосымша білім беру бағдарламалары қосымша білім беру ұйымдарында ғана іске асырылмайды, сонымен қатар сабақтан тыс қызмет арқылы жалпы орта білім беру ұйымдарында да іске асырылады.



Мектепте балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту бойынша кешенді шаралар қабылдау қажеттілігі келді.

Мектепте балаларға қосымша білім беруді дамыта отырып мемлекеттік-қоғамдық басқарудың нормативтік құқықтық базасын, қоғамдық сараптау тетігін әзірлеу, балаларға қосымша білім берудің мектептік жүйесінің жай-күйіне қоғамдық мониторинг жасау және дамыту, мектепте қосымша білім беруді ақпараттық-талдамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету қажет.

Республикада мектептік қосымша білім беруді дамыту мынадай нәтижелерге:

тегін және қол жетімді мемлекеттік кепілдікті, балаларға қосымша білім берудің озық дәстүрін сақтауға;

балаларға қосымша білім беруді дамытуға ықпал ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге;

техникалық шығармашылықты, спорттың техникалық түрлерін, балалар туризмін дамытуды ынталандыратын жағдайлар жасауға;

мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға, балаларға қосымша білім берудің ресурстық орталықтарын жақсартуға;

балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдауға бағытталған балаларға қосымша білім берудің кіріктірілген бағдарламасын енгізуге;

балаларға қосымша білім беруде инновациялық қозғалысты дамытуға жәрдемдесуге;

балаларға негізгі және қосымша білім берудің бірыңғай білім беру кеңістігін құруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың қысқа мерзімді даму болашағы

1) Балаларды қосымша білім берумен қамтуды ұлғайту және оның желілерін дамытуға қатысты 2011-2020 жылдарға арналған БДМБ индикаторлары мен көрсеткіштерін іске асыру;

2) 12 жылдық мектептердің бастауыш білім беруін Мемлекеттік білім беру Базистік оқу жоспарының элективтік курстарының оқу жүктемелерін СҚЖН-ға сәйкес келтіру;

3) Ұтымды бюджеттік жоспарлау және желілерді жобалау үшін қосымша білім беру жүйесінде балаларды статистикалық есепке алу жүйесін жетілдіру;

4) Балалардың ҚББ бағдарламаларына қатысу құқығын қолдаудың қаржылық-экономикалық тетіктерін әзірлеу, техникалық, туристік, экологиялық және басқа да бағыттар бойынша қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету;

5) Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін сапалы үйлестіруді қамтамасыз ету;

6) Жалпы орта, кәсіби-техникалық, жоғары және қосымша білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылына ықпал ететін кіріктірілген тәсілдерді әзірлеу;

7) Инновациялық қызметті, ақпараттық технологияларды дамытуға бағытталған жаңа буын бағдарламаларын әзірлеу;

8) балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға дайын кәсіби құзыретті педагогикалық қызметкерлерді дайындау. Педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждерде Педагогикалық қызметкерлерді дайындау жөніндегі үлгі жоспарға «Балаларға қосымша білім беру педагогикасы» тәртібін енгізу;

9) біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын жаңарту;

10) балаларға қосымша білім берудің заманауи жүйесі проблемаларына терең қолданбалы зерттеулер жүргізу, қосымша білім беру сапасын, білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттіктерін бағалаудың өлшеуіштері мен критерийлерін әзірлеу;

11) конкурстар, семинарлар, қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және өткізу арқылы қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

12) мектептерде мектеп оқытушылары мен ҚББ педагогтерінің тарта отырып қызығушылықтары бойынша үйірмелер ашу үшін қосымша білім берудің ресурстық орталықтарын құру.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың ұзақ мерзімді даму болашағы

1. Жүйенің және мазмұнын жаңартудың заңнамалық және нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
2. Қосымша білім беру ұйымдарының желісін кеңейту және білім алушыларды қосымша білім берумен қамтуды арттыру;
3. Қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және оларды қаржыландыруды ұлғайту;
4. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтердің біліктілігін арттыру, қосымша білім беру жүйесінің сапасын қамтамасыз ету.

Туризм – өскелең ұрпақтың мазмұнды демалуын және бос уақытын ұйымдастырудың тиімді тәсілі

Туристік өлкетану бейініндегі қосымша білім беруді ұйымдастыру білім алушыларды өздерінің ерекшеліктеріне байланысты уәжді қызмет мүмкіндіктерін туғызатын шығармашылық дамытуды шешуде нақты мүмкіндіктері бар. Ол бос уақытты белсенді және шығармашылық пайдалануға ықпал етеді, ортақ қызығушылықтар, рухани құндылықтар негізінде қарым-қатынас ортасын қалыптастыру үшін мүмкіндіктер тудырады, білім алушыларға өздерінің дара танымдық, эстетикалық, шығармашылық сұраныстарын және зерттеу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді, мектептегі бір жақты бейінді оқытуды жоюды, таңдау еркіндігін береді, ол тұлғаның үйлесімді және шығармашылық дамуына ықпал етеді.

Білім алушыларға тұлға ретінде қарым-қатынас жасаудың маңызы әрбір тұлғаның бірегейлігі мен қайталанбайтындығын тану, оның абыройын құрметтеу, тұлғаға сенім білдіру, оның жеке мақсаттарын, сұраныстары мен қызығушылықтарын есепке алу, білім алушының табыстары мен жетістіктерін, проблемаларын жан жақты талдау негізінде оны барынша шығармашылық дамыту үшін жағдайлар



жасау болып табылады. Туризмде баланы ұжымда тәрбиелеу және ұжым арқылы тәрбиелеу қатар жүреді.

Білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, сауықтыру және кәсіби бағдарлау бойынша туристік өлкетану қызметінің нәтижелілігі балаларға қосымша білім беру жүйесінің бөлігі болып табыла отырып белгілі бір міндеттерді орындаған кезде ғана қол жеткізуге болады. Бұл:

балаларды белсенді қоғамдық пайдалы қызметке тарта отырып оларға өзін-өзі басқару және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларына баулуға қабілетті қоғамдық демократиялық институт;

білім алушылардың тарихи және азаматтық танымын қалыптастырудың қажетті құралы, патриотизмге тәрбиелеу;

балалардың шығармашылық қабілеттерін іске асыру құралы, оларды ғылыми-кәсіптік қызметке баулу (зерттеу, педагогикалық, мұражайтану және т.б.);

балалар, педагогтер, ата-аналардың нәтижелі бірлескен шығармашылық қызметті жүзеге асыратын ашық жүйе.

Туристік-өлкетану бейініндегі қосымша білім беру ұйымдарында білім беру бағдарламалары вариациялығымен және шығармашылық бағытымен ерекшеленеді, педагог пен білім алушының бірлескен қызметінің бағдарланған моделі, баланың әлеуметтік мәдени құндылықтарды игеру және өзінің шығармашылық әлеуетін дамыту қабілетін нысаналы қалыптастыру құралы болып табылады.

Республикада туристік-өлкетанушылық білім беру қызметін 35 станция мен жас турист-өлкетанушылар орталығы жүзеге асырады, онда 19084 оқушы білім алады. Туристік-өлкетану үйірмелерінде және бірлескен жалпы білім беру мектептерінің - 35844 оқушысы, балалар шығармашылық сарайларында, орталықтарында 7 жастан 17 жасқа дейінгі жастағы 12192 оқушы айналысады.

Жалпы туристік-өлкетану бағытында 67120 бала қамтылған, ол оқушылардың жалпы санының 2,6%-ын құрайды (2004 ж. - 1,6%).

Соңғы он жылда туристік-өлкетану бағытын дамытудың оң динамикасы байқалады (2004 ж. — 9 станция — 5033 баланы қамтыған, 2014 ж. — 35 станция - 19 084 баланы қамтыған).

Республикалық және облыстық жарыстар, туристік-өлкетану бағытындағы слеттер мен конкурстар өткізіледі. Мұндай іс-шараларды өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытуға, тұрақты қызығушылығы мен ерте кәсіби біліктілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстанның бағдарлаушылар мен құзға шығушылары Азия, Еуропа, әлемдік кубоктарының және біріншіліктерінің чемпиондары мен жүлдегерлері.

800 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер «Атамекен», «Болашақ», «Жас Ұрпақ», «Шұғыла», «Туған елге тағзым» және т.б. білім алушылар әртүрлі туристік-өлкетанудың қозғалыстары бағдарламаларын іске асыруға қатысады.

«Менің Отаным - Қазақстан» атты мектеп оқушыларының туристік-өлкетану экспедициялары шеңберінде жыл сайын мындаған туристер мен олардың тәлімгерлері қатысатын әртүрлі маршруттар бойынша жаяу, шаңғы, су, велосипедпен жүру, экспедициялар мен экскурсиялар өткізіледі. Спорттық, өлкетану, сауықтыру туризмі, экология, геология саласында әртүрлі жарыстар, турнирлер, слеттар мен өзге де акциялар өткізіледі.

Жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерден бастап біздің Отанымыздың елордасы – Астана қаласына және елдің басқа өңірлеріне дейін «Туған өлкенің көз тартарлық жерлерінен – Қазақстанның көрнекті жерлеріне» атты мектеп оқушыларының экскурсиясы ұйымдастырылады.

Республикада жыл сайын 1300 жоғары бейінді, киіз үйде, палаталық лагерьлер ұйымдастырылады, онда 140 мыңнан астам балалар туристік дағдылар алады және сауықтырылады.



Республиканың білім беру ұйымдарында 7668 тәрбиелеу жұмыстары жөніндегі директорлардың орынбасарлары, 18402 қосымша білім беру педагогтері, оның ішінде 851 туристік-өлкетану бағытының педагогі жұмыс істейді.

Қосымша білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мамандардың орташа жасы бүгінгі таңда 40 жас, оның ішінде олардың 46% – ер адамдар.

1960 жылы құрылған Батыс Қазақстан облыстық Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы қазіргі уақытқа дейін осы салада Қазақстанда қосымша білім беретін озық ұйымдардың бірі. Олардың ішінде республиканың 35 туризм орталығының 14 – Батыс Қазақстан облысында.

Орталықта Мәскеу халықаралық балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану академиясының қазақстандық бөлімі, «Балаларды дамыту академиясы», «Этюд» бейнелеу студиясы жұмыс істейді. Орталық базасында республикалық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралар өткізу дәстүрге айналды.

«Жайық - Орал» мектеп оқушыларының су экспедициясы ерекше танымалдыққа ие болды. Өткен уақыт ішінде ол үгіттеу-насихаттау акциясынан өзінің жүйесімен және құрылымымен кешенді туристік-экологиялық экспедицияға айналды, Батыс Қазақстанның, Оралға жақын жатқан аумақтың және оның алқабында орналасқан Ресейдің басқа өңірлері жастарының елеулі санын біріктіретін экологиялық қозғалыстың қуатты негізі болды.

Осы іс-шара бағдарламасына «Орал маңының шағын өзендері» экологиялық-өлкетану экспедициялары, «Таза ауыл» («Чистое село»), «Орал маңының жасыл желкені», «Турист, өз ағашыңды отырғыз» атты акциялар, бердинг бойынша жарыстар (спорттық орнитология) және «БҚО табиғат ескерткіштері» экологиялық экспедициялар кіреді.

«Каспий өңірінде туризмді дамыту» жыл сайынғы халықаралық форум өткізу шеңберінде Маңғыстау облысы мен Байқоңыр әкімшілігі арасында балалар туризмін дамыту туралы ақпаратпен алмасу дәстүрге айналууда.

Павлодар облысының «Экотуризм және өлкетану» облыстық орталығы базасында «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедиция жобасы табысты іске асырылууда. Осы орталықтың оқу процесі өлкетану жұмысында, сондай-ақ туристік-спорттық дағдыларда жоғары жеке және командалық нәтижелерге бағдарланған.

Соңғы он жылда туристік бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары санының 26 бірлікке ұлғайып отырғанына қарамастан Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында мұндай ұйымдардың жоқтығы байқалады.

20 орталық қосалқы үй-жайларда орналасқан. Ұйымдардың **50%-дан** астамы күрделі жөндеуді талап етеді.

Балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесі заманауи жабдықтар мен мұқамалдарға, оқу нұсқаулықтарына, сапалы Интернет байланысты қамтамасыз етуде компьютер техникаларына тапшылық көріп отыр. Республиканың өнерпаздық туризмінің барлық бірлестіктері бойынша туристік жабдықтармен жарактандырылуы шамамен 15%-ды құрайды.

Балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесін дамытуды тежейтін басқа маңызды проблема – жеткіліксіз бюджеттік қаржыландыру. Қазақстанда барлығы 833 қосымша білім беру ұйымдарының әртүрлі түрлері бар. Олардың ішінде 35 – балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымы. Оларды қаржыландыру 2014 жылы қосымша білім беру ұйымдарын жергілікті бюджеттен жалпы қаржыландырудан небәрі 3,2% (753,2 млн. теңге) құрады, оның өзінде ақша қаражатының жартысы жалақыны құрайды.

Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру жүйесін нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіруді қажет етеді. Қолда

бар құқықтық базаның жеткіліксіздігі және қарама қайшылығы жүйенің әлеуметтік мәртебесін толық көлемде қамтамасыз етпейді, оны сақтауға және қорғауға кепілдік бермейді, оны дамыту мүмкіндіктерін шектейді.

Балалар-жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру қызметіне орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға бағдарланған ұзақ мерзімді бағдарламаларды әзірлеуде және іске асыруда жеткіліксіз назар аударылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар топтарымен туристік-өлкетану қызметі бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілмейді.

Туристік-өлкетану бағытының технологияларын меңгерген педагогтер, мамандар біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі орын алып отыр. Іске асырылып жатқан кәсіби дайындау және қайта даярлау бағдарламалары осы санат мамандарының қызметі бағыттарының ерекшелігін нашар көрсетеді. Соңғы 3 жылда педагогтердің **30,8%** ғана туристік-өлкетану бағытының бейіні бойынша өз біліктілігінің деңгейін арттыра алды.

Балалар туристік ұйымдарының ведомстволық тиесілігі әртүрлі, ортақ міндеттерді шешуге және бірыңғай талаптар әзірлеуге мүмкіндік бермейді, осылайша, жастардың республикалық іс-шараларға қатысуын күрделендіреді, себебі бір ұйым білім беру ведомствосында болса, ал басқа дене шынықтыру, туризм және спорт ведомствосында орналасқан.

Мемлекеттің балалар мен жасөспірімдердің физикалық және адамгершілігін дамытудағы қажеттіліктерін, өз халқының рухани мәдениетіне араласуын, елінің тарихи өткенін зерделеуін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге бағытталған мақсаты мен міндеттері балалар-жасөспірімдер туризмін ратикалды жетілдірмейінше шешілмейді. Осыған байланысты, туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беруді дамытудың жаңа тәсілдері мен ұйымдастырылған нысанын айқындаудағы қажеттілік ерекше мәнге ие.

Тұлғаны патриоттық тәрбиелеуге, жан-жақты дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға, балалар-жасөспірімдер туризмінің ашық ақпараттық, білім беру, әлеуметтік кеңістігін құру үшін стратегиялық бағыттарды айқындауға, еңбек дағдыларына, қоғамдық қызметке, іздеу және зерттеу жұмыстарына, кәсіби бағдарлануға, әлеуметтік бейімделуге баулуға бағытталған педагогикалық ұйымдастырылған қызметтің кешенді оқу-тәрбиелеу жүйесі ретінде балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі ҚР БҒМ 2015 жылғы 10 ақпандағы № 60 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға қойылатын тұжырымдамалық тәсілдерді бекітті.

Қойылған мақсаттарды іске асыру мынадай міндеттерді шешуді

болжайды.

1. Туризммен және өлкетанумен айналысуға, демалуға және бос уақытын ұйымдастыруға балалар мен жастардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау.

2. Жеке және заңды тұлғалардың ата-аналармен (балалардың заңды өкілдерімен) қоғамдық өзара қатынастарды реттеу.

3. Заманауи талаптарда балалармен және жастармен жұмыстардың бағыттарын, нысандарын және әдістерін айқындау.

4. Өсіп келе жатқан буынды балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесіне тарту тетіктерін айқындау.

5. Балалар және жасөспірімдер туризмін дамыту үшін жағдайлар жасау. Ұйымдастыру қауіпсіздігін, сапасын және мектеп оқушыларымен туристік-өлкетану іс-шараларын өткізетін педагогикалық тиімділік деңгейін арттыру. Қосымша білім беру бағдарламаларының қолжетімділігін арттыру, оның ішінде балалардың ерекше санаттары үшін бағдарламалардың қолжетімділігін арттыру.

6. Тұрғылықты орнына, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан балалар-жасөспірімдер туризмі бағдарламаларына қатысуға балалардың құқықтарын қаржылай қолдау тетіктерін құру.

7. Өз жұмысында туристік-өлкетану қызметінің нысандарын пайдаланатын ұйымдар желісін кешенді дамыту.

8. Балаларды туристік-өлкетану бейініндегі қосымша білім беру қызметтерімен қамтуды ұлғайту.

9. Білім алушылардың әртүрлі контингенттері бар балалар ұжымының, оның ішінде физикалық мүмкіндіктері шектеулі балалардың, балалар үйлері мен мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің әртүрлі деңгейдегі туристік-өлкетану іс-шараларына қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

10. Білім беру бағдарламалары мен технологиялардың мазмұнын жаңарту арқылы балалар-жасөспірімдер туризмі сапасын арттыру.

11. Балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесінің педагогикалық қызметкерлердің (басшыларды қоса алғанда) және басқа да қызметкерлерді тарту, кадрлық құрамды дайындау біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін жаңғырту.

12. Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының өзара іс-қимылының тиімді ведомствоаралық жүйесін қалыптастыру, балалармен және жастармен жемісті ынтымақтасу және олардың қажеттіліктерін үйлесімді қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау.

Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру балалар мен жасөспірімдердің өзгеріп отырған әлемде тұлғалық және кәсіби өзіндік айқындалуын, сондай-ақ әлеуметтік өмірді ұйымдастырудың жаңа

нысандарын жасауға қосылуын қамтамасыз ететін заманауи технологияларды игеруіне негізделуі тиіс.

Осыны ескере отырып мынадай басымды бағыттарды дамыту қажет.

1. Мемлекеттің, бизнестің, азаматтық қоғам институттарының, отбасының әлеуметтік әріптестігі; ведомствоаралық және деңгейаралық кооперация, ресурстарды республикада туристік-өлкетану бағытын дамыту шарттары ретінде шоғырландыру және кіріктіру.

2. Балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру. Мамандандырылған үй-жайлармен және жабдықтармен жарақтандырылған туристік-өлкетану бағытындағы ресурстық орталықтарды құру.

3. Заманауи талаптарға, туристік-өлкетану бейінінің жаңа бағыттарын ашуға жауап беретін жаңа бағдарламаларды әзірлеу арқылы туристік-өлкетану қызметінің мазмұнын жаңарту.

4. Балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуды ақпараттық-уәжді қамтамасыз ету. Республикада туризмге және өлкетануға қызығатын және онымен айналысатын балалар, жастар, жұртшылық қоғамдастығын қалыптастырудың бірыңғай ақпараттық кеңістігінің жұмыс істеуі.

5. Туристік-өлкетану бағытындағы педагогикалық кадрларды дайындау және қайта даярлау, біліктілігін арттырудың мақсатқа бағдарланған және жоспарлы жүйесі.

Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту міндеттерін шешу үшін осы процеске жастардың көптеген санын тартуға ғана қабілетті емес, сонымен қатар жастардың іске асырылмаған резервтері мен мүмкіндіктерін іздеуді өзектілендіруге қабілетті жаңа импульс талап етіледі.

Балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың мақсаттарын, міндеттерін іске асыруда маңызды құралдардың бірі қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тетіктер болуы тиіс.

1. Қазақстан Республикасында туристік-өлкетану қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.

Балалар туристік-өлкетану қызметін нормативтік құқықтық және әдістемелік сүйемелдеуді құру үшін мынадай құжаттар әзірлеу қажет:

1.1. Қазақстан Республикасы аумағында білім алушылармен туристік саяхаттар, экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық.

1.2. Туристік саяхаттар мен спорттық бағдарларға өтуге арналған нормативтер.

1.3. Білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

1.4. Туристік база қызметі туралы әдістемелік ұсынымдар, палаталық, туристік лагерьде жазғы демалысты өткізу.

1.5. Мектеп туризмі нұсқаушысының қызметі туралы әдістемелік ұсынымдар.

1.6. Мектептік туристік жарыстарда төрелік өткізу туралы әдістемелік ұсынымдар.

1.7. Қоғамдық туристік кадрлар дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

1.8. Туристік саймандар мен мүкамалдарды сақтау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

2. Білім беру, дене тәрбиесі, спорт және туризм, туристік бағыттағы жастар және қоғамдық ұйымдарының басқару органдары арасындағы, орталықта және жергілікті жерлерде мемлекеттік билік органдары арасындағы құзыреттіліктің аражігін ажырату қағидатында балалар және жасөспірімдер туризмі жүйесін басқаруды жетілдіру.

3. Бюджет қаражатын бөлу ашықтығы, оларды пайдалану тиімділігі, оның ішінде ресурстарды балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың басым бағыттарына шоғырландыру есебінен пайдалану тиімділігі.

4. Нақты экономика секторын мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесін тиімді басқаруды құру үшін тарту тетіктерін жасау.

5. Балалар-жасөспірімдер бейініндегі қосымша білім беру ұйымдарына ғылым, мәдениет және спорт кәсіпорындарының, ұйымдарының «басшылық ету» жүйесін жаңғырту.

6. Туристік-өлкетану бейінінің кіріктірілген (немесе кешенді) ұйымдарын құру базасында білім беру, мәдениет, спорт және басқа салалардың ресурстарын кіріктіру және кооперациясы.

7. Әртүрлі деңгейдегі ұйымдардың желілік өзара іс-қимыл модельдерін және балалар-жасөспірімдер туризмі ұйымдарының қызметтерін көрсетуде ведомстволық тиістілігін әзірлеу және енгізу.

8. Туристік-өлкетану бейініндегі қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар үшін жалдау ақысының мөлшерлемесін төмендету.

9. Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру ұйымдарының ғимараттарын күрделі жөндеу және реконструкциялау, оқу жабдықтарымен, мүкамалдармен, көмекші құралдармен, компьютерлік техникалармен және жоғары жылдамдықты интернет байланысымен жарақтандыру.

10. Туристік-өлкетану қызметін дамыту үшін қажетті ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-педагогикалық, ақпараттық жағдайлармен қамтамасыз ету.

11. Туристік-өлкетану бейініндегі бағдарламалар спектрін кеңейтуді ынталандыру құралдарын енгізу, озық тәжірибелерді анықтау және тарату (гранттар, конкурстар, тағылымдамадан өту алаңдары).

12. Мәдени-білім беру және әлеуметтік-педагогикалық жобалау және білім беру процесінің құзыретті моделі контексінде туристік-өлкетану іс-шараларының мазмұнын жаңарту.

13. Туристік-өлкетану бағытындағы бағдарламалардың сапасы, ұйымдар, білім беру нәтижелері туралы толық және объективті ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету.

14. Туристік менеджмент саласында білім алушылар жұмысының туристік-өлкетану нысанының бейіндік бағдарланған мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану.

15. Туристік және өлкетану педагогикалық кадрларын қолдау, дайындау және қайта даярлау жүйесін нығайту үшін мектеп оқушыларымен туристік-өлкетану жұмысы бойынша өңірлерде ресурстық орталықтар құру.

16. Білім беру ұйымдарының тәрбиелеу жұмыстарының жоспарына, спорттық-сауықтыру бағдарламаларына бейінді туристік лагерьлерді қоса отырып балалардың белсенді жазғы және каникулдағы демалысы мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында білім беру мекемелеріне балалар-жасөспірімдер және спорттық-сауықтыру туризмін белсенді енгізе отырып балалар-жасөспірімдер және спорттық-сауықтыру туризмі инфрақұрылымын дамыту. Облыстық деңгейден аудандық деңгейге дейін туристік-өлкетану бейіні ұйымдары желілерін қалпына келтіру және кеңейту:

16.1. Туристік-өлкетану қызметі саласындағы бірыңғай саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға, балалар мен жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеуге, саяхаттар, экскурсиялар ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысатын ұйымдастырушылық-әдістемелік орталықтар болып табылатын *балалар және жасөспірімдер туризмі, өлкетану орталықтары, жас туристер станциялары, экскурсиялар.*

16.2. Балалар туристік-өлкетану бірлестіктерінің жұмысын ұйымдастыратын білім беру мекемелерінде туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін *балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы үйлерінің (сарайларының) туризм және өлкетану бөлімдері.*

16.3. Тұрғылықты жері бойынша туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ететін *туристік клубтар мен тұрғылықты жері бойынша клубтар.*

16.4. Балалармен, жасөспірімдермен және онда келетін қыздармен туристік-өлкетану жұмысын жүзеге асыратын *туристік базалар, туристік лагерьлер*.

16.5. *Балалар туристік қоғамдық ұйымдар*.

17. Үздіксіз туристік-өлкетану білім беру жүйесін (балабақша – мектеп – қосымша білім беру – КТМ – ЖОО) кезең-кезеңімен іске асыру үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасау.

18. “Менің Отаным - Қазақстан” (жарыстар, саяхаттар және т.б.) экспедициялық жасақтардың республикалық слеты жобаларын іске асыруға балалар мен жастарды кеңінен тартуды қамтамасыз ету.

19. Туристік көп сатылы сайыс бойынша жыл сайынғы республикалық қысқы және жазғы спартакиадалар өткізуді қамтамасыз ету.

20. Әлеуметтік-бағдарланған ретінде қосымша білім беру саласын дамыту: мемлекет пен қоғамның ерекше назарын талап ететін балалар (әлеуметтік тәуекел топтарының балалары, денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалар) тобына бағдарланған туристік-өлкетану бағдарламаларын қолдау.

21. Қосымша білім беру спектрін кеңейтуді ынталандыру құралдарын енгізу, озық практикаларды анықтау және тарату.

22. Қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі қоғамдық және педагогикалық туристік кадрларды дайындау жүйесін әзірлеу және енгізу.

23. Маршруттар, туристік-өлкетану бағдарламалары, туристік-өлкетану ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтер туралы республикалық деректер банкін құру.

24. Балалар-жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру қызметінің сапасы мен нәтижелілігін бағалау критерийлерін әзірлеу.

25. Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша өңірлік жоспарларды әзірлеу.

Кадрлық әлеуеттің жай-күйі көп жағдайда педагогтердің балалармен табысты жұмысы үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ олардың біліктілігін арттырудың тиімді жүйесіне байланысты болады. Осыған байланысты туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру жүйесінде кадрлық әлеуеті жай-күйін жақсартуға ықтимал тәсілдерді іздестіру және енгізу қажеттілігі белгілі.

Қызметтің осы бағытының кадрлық әлеуетін дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың мазмұны мыналарды болжайды.

1. Тұрақты өсіп келе жатқан білім беру стандартына деген талаптарға сәйкес немесе педагогикалық ғылым мен практикалар

саласындағы бейімделген жетістіктер негізінде педагогтердің теориялық және практикалық білімдерін жаңарту.

2. Балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесінің педагогикалық кадрларын дайындау, біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың жаңартылған бағдарламаларын әзірлеу.

3. Жұмыс практикасына педагогикалық қызметкерлермен өзара іс-қимылдың жаңа нысандары мен әдістерін, технологияларын, сондай-ақ бірлескен қызмет тәсілдерін енгізу, туристік-өлкетану қызметі педагогтерінің кәсіби шеберлігінің өсуі үшін жағдайлар жасау.

4. Кадрлық әлеуеттің сапалық және сандық өзгеруін көрсететін жүйелерді әзірлеу.

5. Озық тәжірибе мен практикаларды тираждауға, авторлық және жеке білім беру бағдарламаларын, балалар-жасөспірімдер туризмі әдістері мен технологияларын сынау және тираждауға арналған алаңдар жұмысын ұйымдастыру.

6. Қосымша білім беру педагогінің престижін арттыру. Инновациялық қызметті материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін дамыту, жетістіктерді қоғамдық тану, жетістік жағдайларын және т.б. құру.

Тұжырымдамалық тәсілдерді табысты іске асыру ұйымдастырушылық, бағдарламалық-әдістемелік, кадрлық, ғылыми, материалдық-техникалық сипаттағы көптеген міндеттерді шешеді және мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Балалар мен жастардың арасында жаппай туристік-өлкетану қызметін дамытудың тиімді жүйесі құрылатын болады, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, бизнес, азаматтық қоғам институттарының, отбасының ведомствоаралық ынтымақтастығы жанданады.

Сапалы үздіксіз туристік-өлкетану білімін алу үшін жағдайлар жасалатын болады.

Жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулықты сақтау технологиялары енгізілетін болады.

Туристік бағытты ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің тиісті жүйесі қосымша білім беру педагогтерінің жұмыс сапасы деңгейін арттырады.

Туристік бағыттағы қоғамдық және педагогикалық кадрларды дайындау жүйесі әзірленеді және енгізілетін болады.

Балалар-жасөспірім туризмі ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету жақсартылатын болады, балалардың каникул уақытында және демалыс күндері жыл бойы демалысын ұйымдастыру үшін қаланың сыртында туристік база ашылады.

Балаларды спорт пен туризмнің жаппай түрлеріне тарту пайызы ұлғаяды. Жасөспірімдерді оқудан бос уақытында жұмыспен қамту ұлғаяды.

Білім алушылардың туған өлкесін практикалық тануы, тарихи және мәдениет ескерткіштерімен, қоршаған ортамен танысуы арқылы экологиялық мәдениеті арттырылады.

Жыл сайынғы республикалық экологиялық акциялар өткізу арқылы Қазақстанның экологиялық балансын және су қоймалары мен өзендерінің био әртүрлілігін қалпына келтіруге үлкен үлес қосылатын болады.

Салауатты өмір салты, балалар мен білім алушы жасөспірімдер арасында алкогольді, темекі шегу мен нашақорлықты тұтынудың алдын алу және болдырмау мәселелері бойынша білімдерін кеңейту.

Нашақорлық пен басқа да зиянды заттарды тұтынатын балалар мен білім алушы жастар саны азаяды.

Балалар мен білім алушы жастар арасында құқық бұзушылықтар саны азаяды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қамту ұлғайтылатын болады.

“Менің Отаным - Қазақстан” атты республикалық экспедициялық жасақтар слеты жобасын іске асыруға балалар мен жастарды кеңінен тарту қамтамасыз етілетін болады.

Балалар-жасөспірімдер туризмі мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық кеңейтіледі.

Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығы – тұлғаның креативті ойлау қабілетін дамыту жағдайы

Техникалық шығармашылықты дамыту процесі балаларға қосымша білім берудің заманауи жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қосымша білім беруді ұйымдастырудың басты міндеті – баланы қоғамның, жеке тұлғаның және жұмыс берушінің мүдделеріне жауап беретін инженер немесе техникалық бейіндегі кез келген өзге маман болып шығатындай етіп тәрбиелеу. Елге инновациялық жұмысқа қабілетті жоғары деңгейлі кадрлар қажет және балаларды бұрынғыдай білімге, білік пен дағдыға ғана емес, шығармашылық қызметке де бағдарлау қажет, тек бір нәрсені істеуге үйретіп қана қоймай, кез келген жұмысқа шығармашылық тұрғыдан қарауға үйрету керек және түпкілікті мақсатқа жылжи отырып, жоғары деңгейге бағдарлану қажет.

Техникалық шығармашылықтың, шығармашылық еңбектің негіздерін игеру болашақ мамандарға кәсіби және әлеуметтік белсенділікті арттыруға көмектеседі, ал бұл өз кезегінде техникалық

саланың кәсіптері бойынша саналы түрде кәсіби өзіндік айқындалуға, еңбек өнімділігі мен оның сапасын арттыруға, Қазақстан Республикасы өндірісінің ғылыми-техникалық саласын дамытуды жылдамдатуға алып келеді.

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында 2,6 млн.



мектеп оқушысының ішінен 47 мыңнан астам бала ғылыми-техникалық бағыттағы бағдарламалар бойынша сабақ оқиды. Олардың ішінен 75 % (37 937 адам) ер балалар құрайды және 25 % ғана (11 965 адам) – қыз балалар. Балаларды техникалық

шығармашылықпен жалпы қамту 1,8%-ды құрайды.

Республикадағы техникалық шығармашылықтың 25 станциясы мен орталығы қосымша және жалпы орта білімнің жанасу нүктесі болып табылады және ол техникалық шығармашылық саласында білім алушылардың танымдық уәждемесін дамыту үшін елеулі мүмкіндіктерге ие.

Республиканың балаларға қосымша білім беру ұйымдарында бастапқы техникалық үлгілеу, авиа үлгілеу, кеме үлгілеу, авто үлгілеу, зымыран үлгілеу сияқты техникалық шығармашылық түрлері бойынша белгілі бір жұмыс тәжірибесі жинақталды.

Қосымша білім беру ұйымдарында техникалық шығармашылықтың дәстүрлі түрлерін дамытумен қатар қазіргі балалар мен жастар үшін өзекті жаңа бағыттар да дамуда. Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарының жоғары оқу орындарында «Квант», «Информатика», «Интеграл», Алматы қаласында «Жаңа технологиялар колледжіндегі «Заманауи технопарктер» техникалық шығармашылық үйірмелерінің ашылуы кең қолдау тапты.

2012 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары (2012 – 2016) бекітілді, мұнда балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту жөніндегі шаралар көзделді. Оқытудың жаңа технологиялары және интерактивті, инновациялық нысандар: балалардың интерактивті парктері (ғылым қалашықтары), технопарктері, балалардың мұражайлары, ғылыми үйірмелер және т.б. енгізілуі тиіс.

Жоспарға сәйкес 5 өңір айқындалды, мұнда Алматы, Павлодар, Өскемен, Жаңаөзен, Шымкент қалаларындағы оқушылар сарайының құрылымында балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивті парктер ашылады және шығармашылық орталықтарының, жас техниктер станцияларының 167 үйі «Робот техникасы» кешендерімен жаракталады.

«Астана қ. жаңа Оқушылар сарайы базасында ғылыми зертханалар құру» жобасы Астана қ. мектеп оқушыларын зерттеу процесіне тартуды көрнекі түрде жариялайды. Осы зертханаларда өнеркәсіп компанияларының тапсырысымен нақты ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орындалатын болады, бұл зертханалардың маңыздылығын және мектеп оқушылары тарапынан қызығушылықты арттырады.

Мектеп оқушылары арасында ғылымды танымал ететін Қазақстандағы бірінші жоба Астана қ. Оқушылар сарайының Ұлттық интерактивті паркі болды.

Ұлттық интерактивті парктің негізі мақсаты:

қоғамның, жеке тұлғаның және мемлекеттің өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сәйкес келу, қоғамға әлеуметтік жағынан бейімделуге, еңбек қызметін бастауға, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті республика азаматының жеке басын жан-жақты дамытуға дайындау.

Ұлттық интерактивті парктің міндеттері:

интерактивті технологиялардың арнайы құралдары: тренажерлер, интерактивті тапсырмалар, объектілерден жүйелерді конструкциялау, олардың қасиеттерін және үлгілерін зерттеу, виртуалды зертханалық жұмыстар көмегімен белсенді түрде оқытуды дамыту;

практикалық негізде білім беру процесін құруға мүмкіндік беретін шығармашылық оқыту тәсілі ретінде интерактивті технологиялардың қолданылуын кеңінен танымал ету.

Ұлттық интерактивті парк мектеп оқушыларының ерекше экспонаттар – интерактивті білім беру аттракциондарымен өзара іс-әрекеттер жасау барысында жаратылыстану заңдарымен және қағидаттарымен танысатын орын болып табылады.

Ұлттық интерактивті парктің негізгі кластерлерінің бірі «Ғылым және технология» болып табылады.

Астана қ. Оқушылар сарайы бейінді жоғары оқу орындары мен кәсіпорындардың талаптарын ескере отырып, қосымша және базалық



білім берудің жаңа білім беру бағдарламаларын, заманауи технологиялары мен әдістемелерін зерттеуді, әзірлеуді және бейімдеуді жүзеге асыратын эксперименталды педагогикалық жүйе болып табылады.

Оқушылар сарайының бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуінің мақсаты мен міндеттері педагогикалық қызметтің жалпы даму стратегиясын, негізгі қағидаттарын, балаларға арналған қосымша білім беру жұмыстарының негізгі мазмұнды желілерін қамтиды.

Ол нақты шара жүйесі – дидактикалық, бағдарламалық, әдістемелік материалдар әзірлеу және басып шығару; әртүрлі семинарлар, консультациялар, әдістемелік кеңестер өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жерде қосымша білім берудің нысаналы, авторлық, эксперименталдық білім берудің оқыту бағдарламалары әзірленеді.

ҰИП экспонаттарын бағдарламалық қамтамасыз ету білім алушыларға оқу пәндерінің виртуалды объектілерімен белсенді өзара іс-қимыл жасауға, үлгілерді басқаруға, олардан жүйе құрастыруға, компьютерлік үлгілерде тәжірибе жүргізуге, есептер шығаруға және осылар арқылы шығармашылық процесте білім алуға мүмкіндік береді.

Оқушылар сарайында «Биоскрининг», «Биотехнология», «Зерттеуші-географ», «Жас тарихшы», «Математика және логика» және т.б. сияқты 16 үйірме ретінде балалар бірлестігі құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биотехнология ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қатысуымен құрылған «NextBio» ғылыми-зерттеу үйірмесінің мақсаты жаратылыстану ғылымдарында балалардың ғылыми және практикалық қызметін дамыту үшін жағдайлар жасау, олардың ерекше қабілеттерін дамыту және олардың биология, биомедицина және биотехнология салаларында болашақ ғалым ретінде қалыптасуларына көмек көрсету болып табылады.

Үйірме Астана қ. Оқушылар сарайы базасында жұмыс істейді, мұнда ғылыми міндетті тұжырымдауға, зерттеу жүргізуге, оны көптеген ғалымдар алдында қорғауға және оның қорытындыларын ғылыми баспаларда жариялауға қабілетті биология мен биотехнологияның заманауи теориялық білімдері мен практикалық әдістерін меңгерген жас дарындардың болашақ ғалым ретінде қалыптасулары үшін барлық жағдайлар жасалған.

Зертхана ғалымның зерттеу жұмыстарын сапалы жүргізуі үшін қажетті танымал әлемдік өндірушілердің ең жаңа жабдықтарымен және өзге де аспаптарымен жарақталған.

Дәрістер мен практикалық сабақтарды ғалымдар мен студенттер жүргізеді.

«Бағдарламалау тілі» үйірмесінде балалар бағдарламалау тілімен танысады, әртүрлі және қызықты тақырыптарда практикалық тапсырмалардың бағдарламаларын жасауды үйренеді, қазіргі кезде танымал тәсілдерді игереді және бағдарламалаудың жаңа тиімді құралдарын меңгереді. Қосымша білім берудің инновациялық ресурсы ретінде Астана қ. «Оқушылар сарайындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Ұлттық интерактивті парк» балалар мен ата-аналардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды қаласының Балалар мен жасөспірімдер сарайы базасында Жас зерттеушілердің Орталық-Азия шағын ғылым академиясы табысты жұмыс істеуде. 30-дан астам балалар бірлестігінде жас медицина қызметкерлері, бағдарламашылар, техник-конструкторлар, физиктер мен математиктер білім алуда.

Бағдарламалау, информатика және ақпараттық технология, компьютерлік дизайн, медиадизайн және жобалау-зерттеу қызметі сияқты техникалық шығармашылықтың бағыттары даму үстінде.

Ауылдық мектептердің білім алушыларын журналистика мен компьютерлік дизайн негіздеріне қашықтықтан оқыту бойынша Павлодар қаласындағы Оқушылар сарайының “Юниор – экспресс” жобасы назар аударуға тұрарлықтай.

Қосымша білім беруге қойылатын, заманауи талаптарға жауап беретін, балалар үшін қосымша білім беруді ұйымдастыру Ақтөбе қалалық техникалық шығармашылық орталығы болып табылады.

Мақсаты: тәрбие алушылардың жеке басының өсуін қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін қалыптастыру, ақпараттық қоғам жағдайларында оларды қоғамдық және кәсіби өмірге толыққанды және тиімді қатысуға дайындау.

Міндеттері:

талантты жастарды айқындау және оларға өздерінің техникалық идеяларын іске асыру үшін мүмкіндік беру;

білім алушыларды кәсіби бағдарлау және жүйелі әлеуметтендіру арқылы әлеуметке қарсы құбылыстардың алдын алу;

білім алушыларды кәсіби бағдарлаудың интеграциялық жүйесін іске асыру;

жеке кәсіби бағдарды таңдауға көмектесу;

ғылыми және/немесе инженерлік жобалар жұмысына тарту;

білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Техникалық үйірмелердің 23-тен астам бағытын білім алушылар ұсынды: авиа үлгілеу, кеме үлгілеу, стендтік моделизм, зымыран үлгілеу, ғарыш үлгілеу, радиотехникалық, радиоспорт, бастапқы техникалық үлгілеу, трасстық моделизм, картинг, автоконструкторлық, техникалық дизайн және т.б.

«Робот техникасы» атты үйірме Орталықтағы балалардың техникалық шығармашылығының жаңа бағыттарының бірі болып табылады. Үйірменің негізгі міндеті білім алушыларға радиоэлектроника, бағдарламалау, робот техникасы негіздерін игеруге көмек көрсету болып табылады. «Робот техникасы» атты үйірме сабақтарында балалар әртүрлі қызмет саласындағы роботтарды бағдарламалауға үйренеді. Қарапайым тетіктерді зерделей отырып, балалар қолдарымен жұмыс істеуге үйренеді (ұсақ және нақты қозғалыстарды дамыту), қарапайым конструкторлық ойлауды, фантазиясын дамытады, сондай-ақ көптеген тетіктердің жұмыс істеу қағидағтарын игереді. Робот техникасы білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, шешім қабылдау кезінде өзара іс-қимыл, дербестік дағдыларын дамытады және олардың шығармашылық әлеуетін ашады.

Техникалық шығармашылық орталығының 106 үйірмесіне 1164 білім алушы қатысады.

Қалалық орталықтың шығармашылық ұжымы 2010 жылдан бастап 2014 жыл аралығында 350-ден астам іс-шараға қатысты, оның ішінде 51 – халықаралық конкурс.

Орталық тәрбиеленушілерінің мынадай сайыстарға қатысуы дәстүрлі болып табылады: Халықаралық робот техникасы бойынша балалар техникалық шығармашылығы фестивалі, Зымыран үлгілеу спорты бойынша жалпыресейлік С.П. Королев атындағы Кубок ашық сайысы, Қытай ұлттық авиа спорттық Fiesta, Зымыран үлгілеу спорты бойынша халықаралық сайыс, FAI «Байқоңыр кубогы», «Қорқыт – ата кубогы» Әлем Кубогының кезеңі және т.б.

2014 жылы Орталықтың 13 оқушысы әуе, зымыран, кеме үлгілеу бойынша спорт шеберінің кандидаты, 2 педагог әуе және кеме үлгілеу бойынша спорт шебері, 4 педагог әуе, зымыран, кеме үлгілеу бойынша спорт шеберінің кандидаты болды.

Павлодар балалар техникалық мектебінде әскери техника, әуе үлгілеу, кеме үлгілеу, робот техникасы және электроника, техникалық үлгілеу және сәулет, дизайн сияқты техникалық бағыт бойынша 6 үйірме жұмыс істейді.

Балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық шығармашылығын



дамытудың міндеттерін шешу үшін мынадай бағыттарды дамыту қажет:

1. Республикада техникалық шығармашылықты дамытудың шарты ретіндегі әлеуметтік әріптестік.

2. Техникалық шығармашылықты дамытуды ақпараттық-уәждемелік қамтамасыз ету. Республикада техникалық шығармашылыққа қызығушылық танытатын және онымен айналысатын балалар, жасөспірімдер, қоғамдастықтар қауымдастығын қалыптастырудың бірыңғай ақпараттық кеңістігінің жұмыс істеуі.

3. Техникалық шығармашылықты дамытудың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жетілдіру. Мамандандырылған үй-жайлармен және жабдықтармен жарақтандырылған өңірлік техникалық шығармашылық орталықтарын құру.

4. Техникалық шығармашылықтың мазмұнын жаңғырту. Қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, заманауи талаптарға жауап беретін жаңа бағдарламалар әзірлеу, жаңа бағыттар ашу.

5. Педагогика қызметкерлерін кадрлық даярлау. Техникалық бағыттағы педагогика кадрларын оқытудың, даярлаудың және қайта даярлаудың мақсатқа бағытталған және жоспарлы жүйесі.

Техникалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын іске асыру жақсы материалдық-техникалық базаны: станок жабдықтарының, зертханалық-техникалық жабдықтардың, бақылау-өлшеу аспаптарының және әртүрлі құралдардың, шығыс материалдары мен спорт-техникалық ғимараттарының болуын талап етеді. Бұдан басқа, балалар техникалық шығармашылығының ажырамас бөлігі - спорт-техникалық сайыстарға, көрмелерге, конкурстарға қатысу елеулі қаржы шығындарын талап етеді. Осыдан техникалық шығармашылықты дамыту талаптарының бірі кепілдендірілген қаржыландыру болып табылатыны анықталады.

Тағы да бір маңызды шарт – жаңа буын үшін, әсіресе жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушылары сияқты жас ерекшелік санаттары үшін мамандандырылған әдебиеттің, мерзімді басылымдардың, әдістемелік ұсынымдардың, нұсқаулықтар мен бағдарламалардың болуын болжайтын білім беру процесінің заманауи бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуі.

Алайда техникалық шығармашылықты дамытудың маңызды шарттарының бірі құзыретті кадрларды, бірінші кезекте балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық техникалық қызметін тікелей ұйымдастырушылар - қосымша білім беру педагогтерін таңдау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырмаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі әзірлеген Балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері осы және басқа міндеттерді шешуге арналған.

Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін табысты дамыту ұйымдық, бағдарламалық-әдістемелік, кадрлық, ғылыми, материалдық-техникалық сипаттағы көптеген міндеттерді шешеді және мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1. Балалар мен жастарды ғылыми-техникалық бағыттағы оқулармен жалпы қамту ұлғаяды.

2. Республикалық, халықаралық, өңірлік деңгейлердегі оқу-зерттеу конференцияларына, ғылыми-техникалық іс-шараларға қатысатын білім алушылар саны ұлғаяды.

3. Техникалық шығармашылық үйірмелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар саны ұлғаяды.

4. Республиканың барлық өңірлерінде «ғылыми қалашықтар», «технопарктер» және т.б. алаңдар базасында оқушылардың зерттеу дағдыларын ынталандырудың озық практикасы енгізіледі.

5. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында техникалық шығармашылық үйірмелерінің саны ұлғаяды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік есебінен ұлғаяды.

6. Астана қ. Оқушылар сарайында балалар мен жастардың техникалық ойлауын қалыптастыру үшін шынайылықпен толықтырылған Ғылым және техника мұражайы ашылатын болады.

9. «Экспо-2017» халықаралық көрмесі базасында қазақстандық инноваторлардың жетістіктері негізінде ғылыми технологиялардың тұрақты жұмыс істейтін көрмесімен бірге Балалар инновациялық технологиялар паркінің мүмкіндіктері мен ресурстары пайдаланылады.

Балалар мен жасөспірімдердің ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасында техникалық шығармашылықтың толыққанды жүйесі қалыптасады, оны дамытудың тетіктері іске қосылады.

Бейіналды даярлықты іске асыру құралы ретінде базалық және қосымша білім беруді интеграциялау

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі білім берудің мақсаты мен құндылығын жаңаша түсінумен, үздіксіз білім беру жүйесіне көшу қажеттігін ұғынумен, оқытудың заманауи құралдары

мен технологияларын қолданумен сипатталатын елеулі жаңаша кезең басталады. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін Үкімет «Бейіндік мектеп» атты бейіндік оқыту жүйесін құруды көздейтін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірледі және іске асыруда.

Жалпы білім беру мектептерінің жоғары сыныптарында қазақстандық білім беруді жаңғыртуға сәйкес бейіндік оқыту көзделуде. Еңбек нарығының нақты қажеттіліктерін, бейіндердің икемді жүйесін пысықтауды және бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беруді ұйымдастырумен мектептің жоғары деңгейін кооперациялауды ескере отырып, білім алушыларды жеке-дара оқытуға және әлеуметтендіруге бағдарланған жалпы білім беру мектептерінің жоғары сыныптарында мамандандырылған дайындық (бейіндік оқыту) жүйесін құру міндеті қойылуда.

Осы проблеманы шешу негізгі мектептің оқушыларына шамадан тыс оқу жүктемесін төмендетуге және сонымен бірге жоғары сынып оқушыларының жеке қабілеттері мен бейіндеріне сәйкес олардың толыққанды білім алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бейіндік оқытуды енгізумен қазірдің өзінде бар кемшіліктерді жоюдың әрі жалпы және кәсіби білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етудің нақты мүмкіндіктері туындады.

Бейіндік оқыту – оқыту құрылымындағы өзгерістер есебінен білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын саралау және даралау құралы, бұл жерде оқушылардың мүдделері, икемділіктері мен қабілеттері барынша толық ескеріледі, жоғары сынып оқушыларының білім алуды жалғастыруларына қатысты олардың кәсіби мүдделері мен ниеттеріне сәйкес оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Бейіндік оқытуға көшу мынадай негізгі мақсаттарды көздейді:

жалпы орта білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету;

оқушылардың жеке дара білім беру бағдарламаларын құрудың кең және икемді мүмкіндіктерімен бірге жоғары сынып оқушыларын оқытудың мазмұнын елеулі түрде саралау үшін жағдай жасау;

білім алушылардың қабілеттеріне, жеке дара мүмкіндіктеріне және қажеттіліктеріне сәйкес олардың түрлі санаттарына толыққанды білім беруге тең қолжетімділігін орнатуға ықпал ету;

білім алушыларды әлеуметтендірудің мүмкіндіктерін кеңейту, жалпы және кәсіби білім беру арасында сабақтастықты қамтамасыз ету, мектеп түлектерін жоғары кәсіби білім беру бағдарламаларын игеруге тиімді дайындау.

Бейіндік оқыту жүйесінің негізгі міндеттері:

білім алушылар мектепті аяқтаған соң өздерін айқындауды болжаған бейінді пәндер бойынша терең және мықты білім беру;

білім алушыларда дербес танымдық қызмет дағдыларын қалыптастыру, оларды түрлі деңгейдегі күрделі міндеттерді шешуге дайындау; білім алушыларға қандай да бір қызмет саласына байланысты көптеген проблемалар шеңберінде бағдар беру;

білім алушыларда ғылыми-зерттеу қызметіне деген уәждемені дамыту;

білім алушыларда ақпаратты енжар түрде қабылдамай, сыни және шығармашылық тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік беретін ойлау қабілетін қалыптастыру; өз пікіріне ие болу және оны кез келген жағдайда қорғай білу;

білім алушыларды өздері таңдаған жоғары оқу орындарына түсуде бәсекеге қабілетті етіп шығару.

Бейіндік оқыту – бұл кәсіби өзін-өзі айқындаудың құралы. Тиісінше, білім берудің мазмұны болашақ кәсіби білім беру мен болашақ кәсіби қызметке бағдарлануы тиіс. Бейіналды сыныптарда мынадай міндеттер шешілуде: оқу - "оқи білуге үйрену", бейіндік бағдарлану және жалпы даму міндеті.

Бейіналды даярлық – негізгі мектептің білім алушыларының таңдап отырған болашақтағы бейіндендірілген білім алу бағыттарына және кейіннен кәсіби қызметтің кең саласына қатысты (оның ішінде мектепте және білім алуды жалғастырудың өзге жолдарында білім алудың жоғары сатысында оқудың бейіні мен нақты білім алу орнын таңдауға да қатысты) өздігінен айқындалуға жәрдем көрсететін педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет жүйесі.

Бейіндік оқыту заманауи мектептің стратегиялық даму бағыты болып табылады. Мектеп оқушысын экономикалық рөлдердің жылдам ауысу мүмкіндіктерін игеруге мүмкіндігінше ертерек дайындау қажет. Оқушыларға мектеп партасынан бастап болашақта жеке бағыттағы мамандықтарды орындау ғана емес, бір қызмет түрінен екіншісіне икемделу қабілеті де талап етілетінін түсіну мүмкіндігін беру қажет.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту балаларға қосымша білім беру ұйымдарына жаңа перспективалар ашты, ең алдымен мектеп оқушыларын кәсіпкерлік қызметке, зерттеу жұмыстарына, құқықтық ағартуға, ақпараттық технологияларды игеруге және т.б. дайындау үшін бейіналды және бейіндік оқытуды іске асыру үшін кең мүмкіндіктерді пайдалануға ықпал етті.

Бейіндік оқыту тұжырымдамасын іске асыруда қосымша білім берудің рөлі қандай?

Педагог-практиктердің арасында екі танымал пікір бар. Бірінші – барлық қосымша білім беру қазірдің өзінде кәсіби бағдарланған, себебі қандай да бір қызмет саласында арнайы дағдыны игеру үшін жағдай жасалады, оның өзі өмір сүру үшін ақша табуға мүмкіндік беретін ең көп дегенде – кәсіп, ал ең кем дегенде – хобби. Екінші – Бейіндік оқыту тұжырымдамасы мектептің жоғары сатысына арналған, ендеше оны іске асыру жалпы білім берудің қызметіне жатады.

Бейіндік оқытудың тұжырымдамасын негізгі және қосымша білім берумен өзара іс-қимыл жасау арқылы ғана іске асыруға болады, бұл ретте орта, бастауыш және жоғары кәсіби білім беру, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау және т.б. ұйымдар тарапынан мүдделі әлеуметтік әріптестерді және достастықтарды тарта отырып, іске асыру керек.

Барлық қоғам өзінің даму құралы ретінде, болашақта өзінің тіршілік ету әрекетінің шарты ретінде осы проблеманы сапалы түрде шешуге жауапкершілікпен мүдделі болуы тиіс екені сөзсіз. Бірлескен күш-жігермен ғана әрбір мектеп оқушысының кәсіби өздігінен айқындалуына ықпал ететін бірыңғай білім беру кеңістігін құруға болады.

Балаларға қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдарының практикасында бейіндік қызметтің тұрақты бағыттары қалыптасты:

техникалық шығармашылық (техникалық-технологиялық бейін);

туристік-өлкетану қызметі (туристік-өлкетану бейіні);

ауылшаруашылық тәжірибесі және экологиялық тәрбие (ауылшаруашылық өндірісінің бейіні);

эстетикалық тәрбие және көркем шығармашылықпен айналысу (көркемдік-эстетикалық бейін);

дене шынықтыру және спорт (дене шынықтыру-спорт бейіні);

әскери-патриоттық тәрбие (әскери-техникалық бейін).

Бұл ретте қосымша білім беру мазмұны танымдық, атқарушылық, шығармашылық және коммуникативтік қызмет тәжірибесі сияқты әртүрлі әлеуметтік тәжірибенің жиынтығы ретінде қаралады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы бейіналды даярлықтың білім беру кеңістігінің негізгі қағидаттары:

1) біртұтастық қағидаты: біртектілік, алуантектілік, көптектілік. Біртектілік қосымша білім беруді ұйымдастырудың жалпы бағыттылығымен айқындалады (мысалы, экологиялық-биологиялық). Алуантектілік – білім берудің бір бағыты шеңберінде білім алушылардың таңдауына қарай әртүрлі, кейде тіпті қарама-қайшы элективті курстан өту мүмкіндігі («Экологиялық туризм» және

«Көгалдандырғыш»). Көптектілік – білім алушылардың курстарды игерудегі таңдауы және осы таңдауға байланысты өзгеруі мүмкін.

2) вариативтілік қағидаты: балалардың жасына, даму деңгейіне, жеке ерекшеліктеріне және мүдделеріне байланысты элективті курс бағдарламасының ішінде нұсқауларды әзірлеу; білім алушыларға білім алу бағытының, осындай бағытты таңдаудағы мүмкіндіктер спектрінің (білім алушылардың орынды және тепе-тең сұранымы бойынша) толыққанды, сапасы жағынан әртүрлі және тартымды нұсқаларын ұсыну барысында іске асырылады.

3) таңдау еркіндігі қағидаты: ақпарат көздеріне бай, дамудың көптеген мүмкіндіктеріне, ол үшін қазіргі сәтте анағұрлым маңызды болып табылатындарға жүгіну мүмкіндігіне ие балаларға қосымша білім беру ұйымдарында білім берудің бейіналды дайындық кеңістігіндегі жекелік. 89

4) белсенділік қағидаты: барлық қатысушылар үшін өзара іс-қимылды қолдауға жеткілікті эмоциялық және зияткерлік шиеленіс деңгейінің мүмкіндігі, тәрбиеленушінің әлемге сұрақ қою қатынасын ынталандыру және оның бейіналды оқыту процесінде туындаған сұрақтарына жауап беру үшін шығармашылық ізденіс. Белсенділік қағидаты әрбір баланы бейіналды дайындық барысында жаңа адамдармен, заттармен және құбылыстармен кездесу мүмкіндігімен; білім беру және кәсіби мүдденің туындау көздерімен қамтамасыз етеді.

5) білім беру мазмұнының сабақтастық қағидаты: сатылас (кезең-кезеңмен) және деңгейлес (білім берудің әртүрлі нысандары бойынша) бейіналды дайындықтың білім беру процесін құру. Қосымша білім берудің ұтқырлығы мен регламенттелген стандарттарының болмауы балалардың білім алуға деген мұқтаждықтарын қанағаттандыра отырып, білім беру кеңістігін толықтырады. Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру кеңістігін таңдау бойынша курстар бағдарламаларының негізгі міндеті – балалар қызығушылық танытатын білім саласын қозғайтын білім берудің мамандандырылуын (мысалы, экологиялық - биологиялық) қамтамасыз ету.

6) практикалық бағдарлану қағидаты: білім алушыларға әртүрлі білім беру бағыттарында (экология, биология, химия, география, медицина), балалар бірлестіктерінде, топтарында жұмыс істеу мүмкіндігін беру. Әртүрлі қызмет түрлері – білім беру, мәдени-сауықтық, зерттеу қызметтері үстем болып табылады.

Кәсіпалды және бастапқы кәсіби даярлық ерекше орын алады, олар мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: негізгі кәсіптермен және мамандықтармен (биолог, агроном, инженер, суретші және т.б.), олардың мазмұнымен және еңбек жағдайларымен, кәсіби сынама процесінде кәсіпті игерудің нысандарымен және мерзімдерімен танысу.

Аталған қағидаттар оқушылардың бейіналды оқытудың дербес үлгісін іске асыруларын, қажетті практикалық тәжірибе мен білім алуларын; танымдық уәждемелерін, қабілеттерін дамытуды, өз мүмкіндіктерін тануды қамтамасыз етулерін айқындайды.

Таңдау бойынша әрбір бағдарлама курсы игерудің стандарттарын белгілейді және қазіргі сәтте анағұрлым қызықты, өзекті қызмет түрін игерудің жолын өз бетінше таңдауға; оқушылар өзге білім беру жағдайларында ала алмайтын білім кеңістігін толтыруға мүмкіндік беретін жеке білім беру бағытын әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Қосымша білім беру ұйымдарының заманауи практикасында бейіндік оқытудың міндеттерін іске асырудың ұйымдық нысандары қалыптасты:

қосымша білім берудің бейіндік (авторлық) мектептері мен студиялары (музыкалық, көркем шығармашылық, хореографиялық, жоғары әскери училищелер базасындағы бейіндік мектептер (жас ұшқыштар мектебі және т.б.);

қосымша білім берудің бейіндік орталықтары: техникалық, экологиялық, туристік және т.б.;

әртүрлі типтегі білім беру ұйымдары мен ведомстволар базасындағы элективті (бейіндік) курстар.

Өсіп келе жатқан ұрпақты кәсіби дамытуға қойылатын жаңа талаптар елдегі кәсіби бағдарланудың қайта қаралуына алып келді, ол барлық қызмет жолында жауапты шешім қабылдай отырып, кәсіби мансабын дербес “құруға” ықпал етуі тиіс. Бүгінгі күні тұлға дамуының маңызды ішкі шарттарының бірі білімділік болып табылады. Білім алушылардың қазіргі заманғы өркениеттің деңгейіне қол жеткізу мүмкіндіктерін кеңейтуді білімділіктің негізгі көздерін пайдалана отырып, кәсіби түрде қамтамасыз етуге болады:

білім беру жүйесінің ұйымдарында оқыту;

қосымша білім беру;

өздігінен білім алу;

элеуметтік қызмет тәжірибесі.

Осы көздердің әрқайсысы өзінше бағалы және өзгелерімен бірдей тең құқыққа ие. Сондықтан, олардың біреуін негізгі, ал өзгелерін қосымша деп санауға болмайды. Осы кіші жүйелердің интеграциясы бүгінгі күні мүмкін ғана емес, қажетті де болып табылады, себебі білім берудің басты құнды бағыты өзгерді: оқушыларға сертификатта көрсетілетін нәтижені емес, табысқа қол жеткізуге кепілдік беру.

Адам үшін білім алудың мақсаты өмірде табысқа қол жеткізу үшін болашақта оған қажет болатын мүлік ретінде білім алу болып саналады, атап айтқанда: алған білімінің негізінде өзінің маңыздылығын толық түсіну, осы білімді қоғамда белгілі бір орынға

сәтті және пайдалы алмастыру, өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындау.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін оқушылар педагогтің көмегімен өздерінің одан арғы білім бағдарын қалыптастырады. Осы бағдардың өзі оқушыға стандарт, белгілі бір сәтке эталон, алдағы уақытта көтерілуі тиіс баспалдақ болып табылады.

Осындай бағдарды құру аталған кіші жүйелерді интеграциялау кезінде мүмкін болады.

Интеграция – бұл жаңа идея немесе объект параметрлерінде сандық немесе сапалық өзгерістерді болжайтын екі немесе бірнеше идеяның немесе объектінің өзара байланысы, өзара шарттылығы, өзара кіріктірілуі.

Бүгінгі күні жалпы және қосымша білім беру интеграциясы оқушылардың бейіналды даярлығын ұйымдастырудың тәсілі болып табылады. Бейіналды даярлық – негізгі мектептің жоғары сынып оқушыларының таңдап отырған болашақтағы бейіндендірілген білім алу бағыттарына және кейіннен кәсіби қызметтің кең саласына қатысты (оның ішінде мектепте және білім алуды жалғастырудың өзге жолдарында білім алудың жоғары сатысында оқудың бейіні мен нақты білім алу орнын таңдауға да қатысты) өздігінен айқындалуға жәрдем көрсететін педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет жүйесі.

Бейіналды даярлықтың мәні – таңдау, ақпараттық жұмыс, бейіндік бағдарлану бойынша курстарды ұйымдастыру арқылы оқушылардың өздігінен айқындалуына ықпал ететін білім беру кеңістігін құру.

Ғалымдар балаларға базалық және қосымша білім берудің өзара байланысының негізгі төрт жолын ұсынады:

қосымша білім берудің маңыздылығын мойындау және оның құқықтарын теңестіру (қосымша білім беру ұйымдарының базасында таңдау бойынша емтихан тапсыру, орта мектеп түлектерінің аттестатына жеке жетістіктері туралы қосымша парақ салу);

ұйымдастырушылық-педагогикалық нысандарды пайдалану, базалық және қосымша білім беруді интеграциялау (мектеп оқуы мен қосымша білім беру ұйымдарының базасындағы мектептердің нысандарын біріктіру);



дәстүрлі пән олимпиадаларын пәнаралықтармен толықтыру; мектептің балаларға қосымша білім берудің мүмкіндіктерін пайдалануы (мектепте өзін-өзі басқару органдары үшін көшбасшыларды бірлесіп даярлау).

Жалпы және қосымша білім беруді интеграциялау шеңберінде Жас техниктер станцияларында бейіналды даярлықтың мынадай бағыттары іске асырылуда:

бейіналды даярлық пен бейіндік оқытудағы әлеуметтік әріптестік; техникалық ойлауды қалыптастыруға арналған ойын технологиясы;

білім алушылардың білімдегі жетістіктерін жинақтап бағалау.

Бейіналды даярлық пен бейіндік оқытудағы әлеуметтік әріптестікті іске асыра отырып, Жас техниктер станциясы білім алушылардың сұраныстарын, отбасы мен жалпы білім беру ұйымдарының қажеттіктерін ескерумен өз қызметінің бағдарламасын әзірледі. Базалық және қосымша білім беруді интеграциялаудың негізгі нысаны бастауыш техникалық мектеп (БТМ) болып табылады. БТМ жұмысын іске асыруда Станцияның әлеуметтік әріптесі мектептер болып табылады.

Мақсаты – жасөспірімге кәсіп таңдауда бағдар беру, кәсіби өздігінен айқындалуы және жеке басын дамытуы үшін жағдай жасау. Мынадай міндеттерді шешу мақсатқа қол жеткізуге ықпал етеді:

ойлау белсенділігін, дербестігін, коммуникативтік қабілетін дамыту;

болашақ кәсібіне деген саналы қарым-қатынасты тәрбиелеу;

техникалық сауаттылықтың (құзыреттіліктің) бастапқы деңгейін қалыптастыру.

Негізгі мектеп түлектері арасында жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері мынадай пәндер бойынша тәлімгердің басшылығымен қосымша сабақтар ұйымдастыру қажет екенін көрсетті: математика бойынша – 72%; физика бойынша – 54%; химия бойынша – 56%; астрономия бойынша – 59%.

Осыған байланысты мынадай бейіндер қалыптасты:

технологиялық (ақпараттық технология);

технологиялық (жобалық технология);

жаратылыстану-математикалық;

индустриялық-технологиялық (әуе- және кеме үлгілеу);

индустриялық-технологиялық (техникалық үлгілерді құрастыру).

Бастауыш техникалық мектептегі пәндердің мазмұны оқушыларды қандай да бір болмасын бейін бағдарламаларын сәтті игеру үшін қажетті қызмет тәсілімен таныстырады және мектеп бағдарламасынан тыс материалдарды қамтиды.

БТМ білім беру процесі үш кезеңді: алдын ала, негізгі және қорытынды кезеңді қамтиды.

Алдын ала кезең оқушылардың қажеттіктеріне сәйкес бейіндік мектепте оқуларын жалғастыруын, таңдау бойынша курстар арқылы өз күштерін сынауын және т.б. саралауға мүмкіндік береді.

Бұл кезеңде мыналар жүзеге асырылады:

балаларға базалық және қосымша білім берудің муниципалдық және өңірлік жүйелерінің білім беру мүмкіндіктері туралы жасөспірімдерге хабар беру;

мектеп оқушыларының ата-аналарының пікірлерін, алдағы таңдаудың негізгі уәждерін, мүдделері мен икемділіктерін ескере отырып, олардың білім алуға сұраныстарын алдын ала диагностикалау.

Негізгі кезең мыналарды көздейді:

білім беру қызметінің жеке дара бағдарын таңдау туралы шешім қабылдау тәсілдерін оқыту;

бейіндік оқыту жағдайларында білім беру қызметінің қандай да бір бағыттарына бейімділік туралы болжамды құруға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық диагностикалау және өзін-өзі диагностикалау рәсімдерін ұйымдастыру;

негізгі қиындықтарды анықтау үшін жағдай жасалатын білім беру ахуалдарын, оқыту бейінін таңдау еркіндігі проблемасын талдау.

Қорытынды кезеңде:

“оқыту бейінін таңдау сынағасы”, мектеп оқушысының осы бейінде оқуға жекелеген мүдделілігінің сәйкестігі мен таңдалып отырған бейіннің талаптарына оның мүмкіндіктерінің сәйкес келуін болжайтын эвристикалық бағдарланған тапсырмалар сериясы іске асырылады;

жасалып отырған бейінді таңдауды тұжырымдауға, ранжирлеуге және көрнекі түрде, “сандық” түрде “ия” және “қарсы” деген аргументтердің арақатынасын салыстыруға мүмкіндік беретін баламалы таңдаудың «матрицалары» мен «схемалары» пайдаланылады. Бастауыш техникалық мектептегі сабақтар – бұл жаңа білім алудың жолы, ойлаудың өнімді әрекет ететін тәсілін дамытудың, дербес шығармашылық еңбектің дағдылары мен біліктерін қалыптастырудың мүмкіндіктері. Олимпиадаларға, конкурстарға қатысу, баяндамалар мен рефераттар дайындау, ТРИЗ конструкторлық бюросының жұмысына, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы алынатын ақпаратты қарапайым қабылдаудан бастап оқушылар біртіндеп өз ойларын дербес тұжырымдау және білдіру мүмкіндіктеріне, пікірталас жүргізу дағдыларына ие бола бастайды.

Қосымша білім жүйесіндегі адамгершілік-патриоттық тәрбие

Азаматтық және патриоттық тәрбиелеудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақты отандық мәдениетке бағдарлау, Отанға, оның мәдени-тарихи өткеніне қатысты құндылық қатынастарын қалыптастыру болып табылады. Балаларда өз отаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, оларды Конституцияны, мемлекеттік рәміздерді, туған тілін, халық дәстүрлерін, өз елінің тарихын, мәдениетін, табиғатын сыйлауға тәрбиелеу, белсенді азаматтық ұстанымы мен Қазақстан Республикасы азаматының танымын қалыптастыру маңызды.

Тәрбиелеудің осы бағытының басты нәтижесі жеке тұлғаның танымдық және азаматтық ұстанымын дамыту, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас қағидаты ретінде жақсылықты саналы түрде таңдау, өзін-өзі дамыту мен танымдық өзін-өзі жетілдіруге дайындық болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауында Жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі болып табылатын мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтар белгіленген.



«Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Осы құндылықтар қазақстандық қоғамға әрқашан жеңіске жетуге, елді нығайтуға, табыстарды көбейтуге көмектеседі.

Білім беру жүйесі ел, қоғам алдында патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеуге бағытталған. Қазақстанның барлық азаматтары өздері тұратын және жұмыс істейтін қоғамдастықта да патриотизм мен қазақстандық азаматтық идеясын дамытулары керек.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тамаша сөздері бар: "Біз өзіміз де, біздің санамыз бен дүниетанымымыз да өзгерді. Өзіміздің еңбегіміз ғана әл-ауқат көзі болатынын айтпай-ақ та түсіндік, ал мемлекет бұл үшін тиісті жағдайлар жасауы тиіс".

Әрбір адам өз еңбегімен өзіне қызмет етеді, бірақ бұл ретте ол отанға, туған халқына, әлемдік өркениетке пайда әкеледі. Яғни адам өз

мүддесі мен әл-ауқатына қызмет ету арқылы өз Отанына, жоғары идеалдарға және азаматтық борышына пайда әкеледі.

Заманауи білім беру жүйесінде патриотизмді қалыптастыру үшін барынша қолайлы жағдай балаларға қосымша білім беру ұйымдарында жасалған, себебі ондағы тәрбие-білім беру процесі практикалық бағытқа ие және оқыту, тәрбиелеу және дамыту бірлігі қағидатын іске асырады.

Қазіргі уақытта балаларға арналған қосымша білім берудің бағдарламаларын, оның ішінде әскери-патриоттық клубтардың бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырады, ол меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларға арналған қосымша білім алу құқықтарын тегін және шарттық негізде қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының барлық түрлерінің меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан қызметінің тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаларға сәйкес Балалар әскери-патриоттық клубы балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түріне жатады және заңды тұлға ретінде құрылуы мүмкін.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрі ретінде Балалар әскери-патриоттық клубы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

Меншік нысанына байланысты Балалар әскери-патриоттық клубы (заңды тұлға ретінде) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 919 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкес өз жарғысын әзірлейді.

Әскери-патриоттық клубтардың негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен практикаға қол жеткізу негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаны шығармашылық, рухани, тәндік мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;

3) құндылық пен саламатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау жолымен ақыл-ойды байыту;

4) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрін құрметтеуге, кез келген конституцияға қарсы және қоғамға қарсы көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) жеке тұлғаны белсенді азаматтық ұстаным тұрғысынан тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қарым-қатынасын қалыптастыру;

6) қоғам өміріне бейімделу;

7) бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру.

Әскери даңқ мұражайының, өлкетану бойынша балалар бірлестігінің, әскери-спорт лагерлерінің қызметімен байланысты қосымша білім беру педагогтері батырлық-тарихи, спорт, әскери-патриоттық, өлкетану, мәдени-тарихи, рухани-адамгершілік, азаматтық, әлеуметтік-патриоттық сияқты әртүрлі бағыттар бойынша білім алушыларды патриоттық тәрбиелеудің кең мүмкіндігіне ие.

Қосымша білім беру ұйымдарының жұмысында әскери-патриоттық клубтар жетекші орын алады. Жыл сайын олардың әлеуметтік-педагогикалық рөлі өсіп келеді. Жасөспірімдердің әскери өнерге, әскери мансапқа, армия тарихына қызығушылықтары, әдетте, саналы болып табылады. Балаларға қосымша білім берудің осындай ұйымдарына қажеттілік, әсіресе, ұл балалар арасында үнемі өсіп келеді.

Әскери-патриоттық клубтар – қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде борышын атқаруға дайындау бойынша жастармен жұмыс істеудің тиімді нысандарының бір түрі.

Қазіргі уақытта республикада 1979 әскери-патриоттық клуб бар, республика бойынша білім алушыларды қамту – 55281 (2,2 %). Астана, Алматы қалаларында, Алматы, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында әскери-патриоттық клубтар саны ұлғаюда.

"Ұлан" әскери-патриоттық клубы – Қазақстанда ең алғаш тіркелген әскери-патриоттық клуб, ол Қостанай облысының Лисаковск қ. Балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығы жанында 18 жыл жұмыс істейді. Оқыту курсынан 350 ер бала өтті. Курсанттардың 55%-ы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарында борыштарын атқарды. 7 ер бала қазіргі уақытта әскери оқу

орындарында оқиды. "Ұлан" клубының мүшелері Халықаралық жас патриоттар слетының, «Жас Ұлан» республикалық әскери-спорт ойындары финалының, Республикалық әскери-патриоттық бірлестіктер слетының, облыстық әскери-патриоттық клубтар слетының жеңімпаздары болып табылады.

1979 әскери-патриоттық клубтың 60 % астамы жалпы білім беру орта мектептерінің базасында сабақтан тыс уақытта жұмыс істейді. Олардың білім және тәрбие беру кеңістігінде әскери-теориялық және дене шынықтыру даярлығы үйлесімін тапқан, танымдық және физикалық даму мәселелері қатар шешіледі.

Әрбір клубтың белгілі бағыты болады. Әрбір клубтың қызметі білім алушылардың жеке дара психологиялық ерекшеліктерін, клубтың материалдық-техникалық жарақталуын, педагогтердің педагогикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, құрылған әскери-патриоттық тәрбие беру міндеттерін шешуге бағытталған.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының жүйесіндегі патриоттық клубтар мен бірлестіктер мектеп оқушыларын армиямен таныстыруды жүзеге асырады, балаларды тәртіпке, дисциплинаға үйретеді, әскери іс пен әскери қызмет, әскери іс-қимыл негіздерін зерделеуді, әскери техникамен танысуды ұйымдастырады, моральдік-психологиялық шынықтыру элементтерімен әскери ойындар өткізеді.

Әскери-патриоттық клубты құрудың **негізгі мақсаты** – мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу, балалар мен жастарды әскери-патриоттық және азаматтық тәрбиелеу.

Мынадай міндеттерді шешу жолымен мақсатқа қол жеткізіледі:

Отан мен туған өлкенің тарихы мен мәдениетін зерделеу;

патриоттық сезімді тәрбиелеу, өсіп келе жатқан ұрпақта Отанға деген адалдық, Отанға қызмет етуге дайындық және оны қорғау сезімдерін қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің үздік дәстүрлерін табыстау және дамыту;

жастар ортасында саяси және діни экстремизм көріністерінің алдын алу;

балаларды физикалық тұрғыдан дамыту, саламатты өмір салтының тартымдылығын арттыру;

әскери кәсіптер бойынша кәсіптік бағдарлау жұмыстары, офицер кәсібін танымал ету;

құқықтық білім негіздерін оқыту;

спорттың әскери-қолданбалы және әскери-спорттық түрлерін дамыту.

Республикада мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиелеудің мынадай бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1) *мемлекет пен қоғамның тарихы мен дәстүрлерінде тәрбиелеу:* ел тарихын зерделеу, Отан тәуелсіздігі үшін күресте құрбан болғандарға естелік орнату бойынша іс-шаралар (ескерткіштер мен белгісіз ескерткіштерге қорған болу; естелік вахталары; ескерткіштерге құрмет карауылдарын қою, гүл орнату; жауынгерлер жатқан жерлер мен өзге де естелік орындарында митингілер мен өзге патриоттық іс-шаралар өткізу), білім беру ұйымдарында мұражайлар, аллеялар, әскери даңқ көрмелерін ашу, экскурсиялар, ерлік сабақтарын өткізу, Ұлы Отан және өзге де соғыстардың ардагерлерімен, әскери ұрысқа қатысушылармен кездесулер өткізу; естелік күндерін мерекелеу, концерттер, көрмелер, викториналар, конкурстар ұйымдастыру, бейнефильмдер қарау және т.б.;

2) *әскери-спорт тәрбиесі:* ұрыс, әскери даңқ орындарында туристік слеттар мен жорықтар ұйымдастыру, ел тарихына, Қарулы күштердің, өзге құрылымдық ведомстволардың естелік күндеріне арналған спартакиадалар мен спорт сайыстарын ұйымдастыру және әскери-спорт ойындарына қатысу: қорғаныс-көпшілік айлықтарын және спорт-сауықтыру жұмыстарын, әскери-спорт эстафеталарын және мерекелер, Отан қорғаушылар күнін, полиция, ішкі әскер, құтқарушылар күнін өткізу;

3) *мектеп пен әскери ұжымның өзара байланысы мен өзара іс-қимылы арқылы тәрбиелеу:* әскери қызметшілердің мектеп оқушыларына арналған әскери-қолданбалы үйірмелер мен секцияларға қатысуы, қорғаныс-спорт лагерьлерін, әскери-дала жиындарын ұйымдастыру, әскери қызметшілермен, құқық қорғау органдарының қызметшілерімен кездесулер өткізу.

Отандық тарихтағы батырлық оқиғалар, елдің саясат, ғылым, әскери іс, мәдениет және спорт саласындағы үздік жетістіктері әлі де азаматтар үшін танымдық идеал сапасын сақтауда, бұл оқушыларды патриоттық тәрбиелеудің іс-шараларын өткізуге нақты алғышарттар жасайды.

Патриоттық тәрбиелеудің құрамдас бөлігінің бірі ретінде патриоттық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу тиісті нысандардың толық кешенін пайдалануды болжайды, ол негізгі үш топқа саралануы мүмкін.

Бірінші топ әртүрлі оқу пәндері, әсіресе гуманитарлық пәндер бойынша білім беру ұйымдарында, мамандандырылған факультеттерде, үйірмелерде, курстарда, секцияларда және т.б. жүзеге асырылатын патриоттық сипаттағы барынша кең және әртүрлі нысандарды; әңгімелесулерді, кештерді, «дөңгелек үстелдерді», ардагерлермен,

запастағы әскерилермен және әскери қызметшілермен кездесулерді; алғашқы әскери дайындықтың оқу-материалдық базасын жетілдіруді және т.б. қамтиды.

Екінші топтың алуан түрлілігі онша көп емес және ол көбінесе әскери және әскери-қолданбалы бағытпен сипатталады. Көбінесе практикалық сабақтар, жұмыстар, әртүрлі ойындар және т.б. түрінде өткізілетін осы нысандар, атап айтқанда, жасөспірімдер мен жастарды әскери өмірмен және қызметпен, қызмет ерекшелігімен және әскери қызметшілердің тұрмыс-тіршілігімен таныстыруды қамтиды (әскери-техникалық бірлестіктер, тактикалық оқу-жаттығулар, тактикалық-саптық оқу-жаттығулар, әскери-спорт ойындары, әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша секциялар және т.б.).

Үшінші топты әскери-патриоттық тәрбиенің анағұрлым перспективалы нысандары құрайды, оларға әскери-спорт сауықтыру лагерлері; әртүрлі бағыттағы патриоттық клубтар мен бірлестіктер сияқты нысандар жатады.

Олар әскери-патриоттық жұмыстың барлық бағытын қамтиды және бір жағынан, әскери-патриоттық тәрбиеге барынша көпшілік сипат беруге, екінші жағынан, көптеген оқушыларды қорғаныс-көпшілік жұмыстарында өзін-өзі басқаруға тартуға мүмкіндік береді.



Патриоттық тәрбиенің күтілетін нәтижесі:

Балалар мен жасөспірімдерде маңызды әлеуметтік мәні бар қасиеттер қалыптасады: азаматтық өркендеу, Отанға деген сүйіспеншілік, жауапкершілік, борыш сезімі, дәстүрге беріктік, тарихи және мәдени құндылықтарды сақтауға және жалғастыруға тырысу, қиындықтарды жеңуге дайындық, сондай-ақ Қарулы Күштерге, Отанға қызмет етуге дайындық.

Қосымша білім беру ұйымдарында жасөспірімдерді азаматтық-патриоттық тәрбиелеу құрылымы мыналарды қамтиды:

мыналарды қалыптастырумен байланысты тәрбие міндеттерінің кешені: патриот болудың қажеттігі; патриоттық дүниетаным мен патриоттық сезім; Қазақстанның Қарулы Күштерін және олардың әскери дәстүрлерін сыйлау, әскери істі зерделеуге қызығушылық; Отанды және оның ұлттық мүдделерін қарулы қорғауды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындау кезінде қажетті моральдік-

психологиялық қасиет; әскери іс негіздерін білу және оларды практикада қолдану; жасөспірімдердің қажетті физикалық қасиеттері;

ғылымның психологиялық-педагогикалық талаптарын ескере отырып, жүзеге асырылатын және алға қойылған тәрбие мақсаттарына сәйкес білім алушыларды қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз ететін тәрбие субъектісінің педагогикалық қызметі;

Отанды және оның ұлттық мүдделерін қарулы қорғауды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындауға дайын азамат идеалына сәйкес жүзеге асырылатын өзін-өзі жетілдіру бойынша жасөспірімдердің қызметін басқару.

Қосымша білім беру жүйесі ұйымдарында жасөспірімдерді патриоттық тәрбиелеудің сапасы мен нәтижелілігіне ықпал ететін факторлардың жиынтығы:

жеке-психологиялық (патриоттық сезім, дүниетанымдық және әскери-арнайы білім, эмоциялық сезіммен уайымдау, эмоциялық ерік тұрақтылығы);

әлеуметтік-психологиялық (педагогтер мен жасөспірімдер ұжымындағы моральдік-психологиялық атмосфера, оның оқу-тәрбие қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы);

материалдық-техникалық (қажетті материалдық-тұрмыстық жағдай, оқу-материалдық база, оқу-әдістемелік әдебиет қорын жасау);

педагогикалық (әскери-патриоттық бағыттағы бағдарламаларды іске асыратын қосымша білім беру педагогтерінің педагогикалық мәдениет деңгейі).

Балаларға қосымша білім берудің әскери-патриоттық мазмұндағы білім беру бағдарламалары мынадай бағыттардың кең ауқымын ұсынады:

патриоттық (балалар мен жастарды батырлық-патриоттық тәрбиелеу);

мұражайлық-экскурсиялық (әскери және еңбек даңқы орындары бойынша экскурсиялық бағдарлар);

іздеу (ұрыс орындарындағы іздеу жұмыстары);

әлеуметтік (балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру құралы ретінде оларды әскери-патриоттық тәрбиелеу, тіршілікті сақтау сабақтары);

әскери (әскери іс, теңіз ісі, әскери-теңіз шлюпкаларын желкенмен қаруландыру, юнга әліппесі, әскери-десанттық дайындық, қызметтік ит шаруашылығы, әскери/армиялық жекпе-жек, атыс);

тарихи (жауынгерлер тарихы, географиялық жаңалықтар тарихы).

Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталығы жыл сайын әскери-патриоттық бағыттағы республикалық іс-шаралар өткізеді.

2013 жылы Республикалық «Жас Ұлан» әскери-спорт ойындарының финалына облыстарда, Астана мен Алматы қалаларында өткізілген клуб командалары, іріктеу турларының жеңімпаздары қатысты. Ұйымдастырушылар мен төрелік алқа Қостанай, Павлодар, Ақмола облыстарының Әскери-патриоттық клуб ойындарына дайындығы жоғары деңгейде деп атап өтті.

2014 жылы Республикалық «Алау» әскери-спорт ойындарының финалына 16 әскери-патриоттық клуб қатысты, қатысушылардың жалпы

саны – 160 адам. Қарағанды, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарының әскери-патриоттық клубтары үздік нәтиже көрсетті.

2015 жылы Жамбыл қ. республикалық «Жас Ұлан» әскери-спорт ойындарының финалын өткізу жоспарланған.

«Алау», «Жас Ұлан» әскери-спорт ойындары - бұл:

– сайысқа қатысушыларды моральдік және физикалық тұрғыдан даярлау;

– жастарды әскери қызметке кәсіптік бағдарлау;

– өмірді, денсаулықты (өзінің және басқа адамдардың) сақтау дағдыларына үйрету;

– қауіпсіз өмір салтын және қауіпсіз тип жекелігін насихаттау;

– төтенше жағдайларды еңсеру бойынша оңтайлы шешімдер табу;

– ересектермен ұрпақтар арасында қарым-қатынас тапшылығының орнын толтыратын тең қарым-қатынас;

– өзіне, досына, командасына сену.

Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталығы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығын тойлау шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізді:

- «Салют, Жеңіс!» халықаралық конкурсына 750 білім алушы қатысты, конкурстың жеңімпаздары Астана қ., Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары қатысушыларының жұмысы болды.

- «Біздің Жеңіс!», «Жеңістің жанды лентасы», «Этих дней не смолкнет слава» республикалық сырттай конкурс номинацияларына 514 білім алушы қатысты.

- жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының және колледж педагогтері Отан қорғаушылар күніне арналған «Айбын. Ерлік. Өжеттік» республикалық сырттай педагогтер конкурсына қатысты.

Қосымша білім беру педагогі заманауи талаптарға сай болуы тиіс: білімді маман болуы керек, өзінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуі қажет. Осыған байланысты педагогикалық

қызметті табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке және кәсіби сапалардың жиынтығы ретінде оның педагогикалық мәдениетін арттырудың өткір міндеті тұр. Осы санаттағы педагогтің кәсіби қызметінің ерекшелігі, оның ішінде оның практикаға бағытталған бағдары біліктілікті арттыру процесін ұйымдастыруға және оның мазмұнына қойылатын ерекше тәсілді талап етеді.

Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталығы жыл сайын әскери-патриоттық клуб басшылары үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізеді.

Сонымен, 2014 жылы қосымша білім берудің әскери-патриоттық клубтарының 87 басшысы мен жалпы білім беру мектептерінің педагогтері үшін «Қосымша білім беру ұйымдары мен жалпы білім беру мектептеріндегі әскери-патриоттық тәрбие» тақырыбына арналған курстар ұйымдастырылды.

Әскери-патриоттық клубтардың басшылары мен педагогтері үшін «Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында функционалдық сауаттылықты ескере отырып, әскери-патриоттық тәрбие беру», «Жалпы білім беру мектептерінде әскери-патриоттық клуб қызметтерін ұйымдастыру» атты әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Қосымша білім беру педагогтері үшін балаларға қосымша білім берудің «Әдістемелік вернисаж» атты авторлық бағдарламалар конкурсы өтеді, ондағы номинациялардың бірі – әскери-патриоттық бағыттағы білім беру бағдарламалары.

Патриоттық тәрбиені қазақстандық қоғамда рухтылықты, азаматтық жауапкершілікті, әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру және дамыту бойынша жүйелі және мақсатқа бағытталған қызмет ретінде қарау қажет. Осы бағыттағы барлық жұмыс жүйесі республикалық және жергілікті атқарушы билік органдарының, білім беру, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және жалпы қоғамның тиімді өзара іс-қимылы негізінде құрылуы тиіс екенін түсіну қажет.

Жұмысты жоспарлау кезінде жауапкершілік сезімі, саналы таңдау жасауға қабілеттілік және Отан, қоғам, өз отбасы, өз игілігіне бағытталған шешімді өз бетінше қабылдау, өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделуге қабілетті және жаңа идеяларды қабылдау мүмкіндігі түрінде көрінетін, оң дүниетанымға ие азаматты тәрбиелеудің кешенді міндеттерін ескеру қажет.

Осы бағдарламаны іске асыруға қатысатын барлық ұйымдар өз қызметін білім алушылардың жеке басын дамытудың резервті мүмкіндіктерін ерте анықтау үшін жағдай жасайтын креативті заманауи тәрбие технологияларына, инновациялық әдістемелерге сүйене отырып, құрулары қажет.

Тәрбие процесін өзін Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасын сақтаудың ішкі қажеттілігіне және қоғамдық даму негіздерін білуге сүйене отырып, оң жаңартуларды жүзеге асыратын заманауи қоғам құрудың белсенді қатысушысы ретінде қабылдауға бағыттау қажет.

Ақпаратты енжар қабылдауды емес, әр азаматтың өз тағдыры, қауіпсіздігі және өз Отанының болашағы үшін жауапкершілікті белсенді тану және жеке қабылдау процесін талап ететін шаралар жүйесі қажет.

Патриоттық акциялар, слёттар, форумдар, митингілер, фестивальдер, Ұлы Отан соғысы мен оқшауланған соғыстардың ардагерлерімен кездесулер жастарда патриоттық пен азаматтылық сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Азаматтарды тәрбиелеуде мықты рухани-адамгершілік және ұйымдық әлеуетке ие қоғамдық бірлестіктер маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі күні өз елінің патриот азаматын тәрбиелеудегі маңызды кезең әлеуметтендіру процесіне елеулі ықпал ететін бос уақытты мазмұнды өткізу, сондай-ақ мінез-құлықтың оң үлгісін қалыптастыру болып табылады. Позитивті мысалдардың болуы жастарға әртүрлі қызметтерде елеулі нәтижелерге қол жеткізген тұлғаларға бағдарлана отырып, жеке дара өсу стратегиясын саналы түрде құруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні жастармен ұйымдық-көпшілік қана емес, ақпараттық-насихаттау жұмыстары да қажет болғандықтан, жергілікті ерекшеліктер мен ресурстарды, дәстүрлер мен ғылыми әлеуетті ескеруге мүмкіндік беретін патриоттық тәрбиенің кешенді бағдарламаларын барлық деңгейлерде (мектеп, аудан, қала, облыс) әзірлеу талап етіледі. Саяси сауаттылықты, жоғары мінез-құлық мәдениетін, рухани-адамгершілік қағидаттары мен өмір заңдылықтарын сақтаудың ішкі саналы қажеттіліктерін қалыптастыруға бағытталған жұмыс қажет.

Жастарға әртүрлі тәрбие қызметі нысандарының ықпал ету деңгейін зерттей отырып, әскери-патриоттық тәрбиенің рухани-адамгершілік, физикалық, идеологиялық және жеке тұлға үшін маңызы бар қызмет нысандарын жинақтайтын тұрақты өмір заңдылықтарын қалыптастыруға ықпалы зор екені сөзсіз.

Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық және әскери-спорт клубтарының қызметін әскери басқару органдарымен, дене шынықтыру және спорт басқармаларымен өзара іс-қимыл жасау барысында дұрыс ұйымдастыру патриоттық қозғалысты одан әрі дамытуға, салауатты өмір салтын белсенді насихаттауға, жастарды тәрбиелеудің жаңа нысандары мен әдістерін әзірлеуге және

қолданыстағыларын жетілдіруге, қоғамдағы түрлі қоғамға қарсы көріністермен күрес тиімділігіне ықпал етеді.

Білім алушылар әскери-спорттық және патриоттық клубтарға қатысу барысында жалпы әскери және әскери-техникалық даярлық пәндері бойынша білім мен практикалық дағдыға ие болады, моральдік-психологиялық сапаны, тәртіптілікті тәрбиелейді, әскери және техникалық білім мен білікті тереңірек игереді, өздерін тәндік тұрғыдан шынықтырады.

Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуді балалардың жеке дара және жас ерекшеліктерін, қазақстандық мектеп оқушыларын тәрбиелеудің қолданыстағы бағдарламаларын, отбасылық тәрбиенің тығыз өзара қарым-қатынасын және мектеп оқушыларына қосымша білім берудің қолданыстағы жүйесіндегі жасампаз идеяны міндетті түрде ескере отырып, мектепте білім берудің қолданыстағы жүйесінде рухани-адамгершілік, жоғары мәдениеттану, патриоттық және жасампаз идеяларда жүргізу қажет.

Міндеттерді шешудің заманауи нұсқаларының бірі өсіп келе жатқан ұрпақты азаматтық татулықты қолдау, ұлтаралық және конфессияаралық шиеленістерді, этникалық экстремизмді болдырмау, терроризм идеологиясына қарсы іс-қимыл жасау, армияда борышын өтеуге дайындау және т.б. процеске тартуға бағдарланған әскери-патриоттық бағыттағы балаларға қосымша білім беру бағдарламасы болуы тиіс.

Осылайша, қосымша білім беру ұйымдарының қызметі балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруге, олардың денсаулығын нығайтуға, жеке басын дамытуға, рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және эстетикалық тәрбие беруге ықпал етеді. Жаңа ұрпақтың рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы, балалар мен жастарды дербес өмірге дайындау — ел дамуының аса маңызды шарты.

Қосымша білім жүйесінде балалардың көркем эстетикалық тәрбиесін ұйымдастыру

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың тұлға ретінде өзіндік айқындалуын, шығармашылығын дамытуды, олардың қабілеттерін, қоғамдағы өмірге бейімделуін жетілдіруді, азаматтық өзіндік сананы, жалпы мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді [1].

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі көркемдік-эстетикалық бағыт көпшілік болып табылады, оның негізгі мақсаты өнер құралдарымен жүзеге асырылатын жеке тұлғаны тәрбиелеу. Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі көркемдік-эстетикалық тәрбие балаларды еңбекпен қамтудың және бос уақытын ұйымдастырудың әлеуметтік маңызды мәселелерін шешеді, жалпы білім берудің «кемшіліктерін» толықтырады, өнердің барынша әртүрлі салаларында оқушылардың шығармашылық және кәсіптік қызығушылықтарын дамытуға жағдайлар жасайды.

Қосымша білім беру өнердің қандай-да бір саласында кәсіптік-бағдарлық функцияларды орындамайтын жағдайларда, ол балалар мен жасөспірімдерді бос уақытын өткізу мәдениетіне үйретеді. Бос уақытты ұйымдастыру - білім беру практикасында ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мәдени мұралардың бірі. Оқушылардың өзінің әуестенетін бағытын таңдаудағы артықшылығы олардың жеке тұлғалық, азаматтық және ізгілік қасиеттерінің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Бүгінгі күні балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі көркемдік-эстетикалық бағыт әрқайсысы бейініне сәйкес білім беру ортасын қалыптастыратын оқу-тәрбиелеу орталықтарының жүйесі ретінде жұмыс істей алады және жұмыс істеуі тиіс. Балалар мен жасөспірімдердің көркемдік-эстетикалық тәрбиесі қосымша білім беру үшін аса өзекті болып табылатын көркемдік оқытуды негіз етіп алатын болса, табысты жүзеге асырылуы мүмкін. Көркемдік оқыту өнердің әралуан түрлерінде, практикалық көркемдік педагогиканың дәстүрлі әдістерінде қалыптасатын көркемдік-эстетикалық тәрбиенің жалпы заңдары мен қағидаттарына негізделеді.

Қазіргі кезеңде көркемдік білім берудің мақсаты: жалпы білім берудегі мәдениет пен өнердің жалпы деңгейін арттыру, көркемдік білім беру саласында маңызды, ажырамас бастапқы звено ретінде қалыптасқан көркемөнер мектебі, музыка мектебі, өнер мектебінің бірегей жүйесін сақтау және дамыту болып табылады.

Балалардың қосымша білім беруді ұйымдастыру – балалар музыка мектептері, өнер мектептері, балалар көркемөнер мектептері – тұтас болашақ кәсіби білім берудің іргетасы және қажетті базасы, кәсіби және әуесқой мәдениеттің негізі. Олардың шығармашылық қабілеттері, бейімділіктері, қызығушылықтары мен дарындары анықталады, музыка, бейнелеу, хореография, театр өнері және т.б. салалардағы дайындығының басым бағыты бойынша ерте кәсібиленуі жүреді.

Шығармашыл зиялыларды өсіру – балалар музыка мектептері, балалар көркемөнер және өнер мектептерінің жалғыз бағыты емес, бірақ негізгі бағыттарының бірі.

Балалар музыка, көркемөнер және өнер мектептерінде білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығымен бекітілген Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Үлгілік оқу бағдарламалары білім беру салаларын, тақырыптарын, оқу нысаналарын, оқу пәндерін, оларды игеру деңгейлерін, сабақтар түрлерін, ұсынылатын нысандар мен балалар өнер мектептеріндегі оқыту мен тәрбиелеу әдістерін зерделеудің мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Қосымша музыкалық білім бұқаралық білімдердің бірі болып табылады. Балаларға қосымша музыкалық білім берудің маңызды қағидаты баланың қызмет нысанасын (түрін), педагогті және бағытты ерікті түрде таңдап алуы болып табылады.

«Қосымша музыкалық білім беру» деп адамға әлемді көркемдік, образды танудағы шығармашылықтың тұрақты қажеттілігіне ие болуға, өзін барынша жетілдіруге, нысаналы, әлеуметтік, кәсіби, жеке тұлғалық тұрғыда өзін-өзі айқындауға мүмкіндік беретін негізгі білім беруден тыс уәжді білім беру түсініледі.

Ол үшін:

балалардың білім берудегі жеке тұлғалық қажеттіліктерін музыкалық дамыту үшін жағдайлар жасау;

әрбір баланың бағдарламаның білім беру аясын және оны игеру уақытын, педагогті еркін таңдауы үшін жағдайлар жасау;

баланың әртүрлі қызығушылықтарын, бейімділіктерін және қажеттіліктерін қанағаттандыратын нысананың көптеген түрлерін ұсыну;

жеке тұлғаның танымға және шығармашылыққа, өзін өзі жетілдіруіне және кәсіби өзіндік айқындалуына бейімделуін дамытуға ықпал ететін білім беру процесінің жеке тұлғалық әрекеттік сипатын қамтамасыз ету қажет.

Бүгінгі күні музыкалық білім:

қосымша музыкалық білім беру нысанында – оқушылар үйлеріндегі, мәдениет үйлеріндегі, демалыс орталықтарындағы, жалпы білім беру мектептеріндегі үйірме жұмысы, оларда екі жүз мыңнан астам бала сабақ алады;

балалар музыкалық мектептерінде, балалар өнер мектептеріндегі музыка бөлімдерінде, студияларда, колледждерде, жеке меншік мектептерде жүйелі бастапқы кәсіпалды дайындық нысанында жүзеге асырылады.

Үйірме жұмысы негізгі таңдап алынған мамандық бойынша ғана оқытуды көздейді. Балалар жеке бағдарламалар бойынша оқиды.

Бастапқы кәсіпалды даярлығын балалар республиканың 327 балалар музыка мектептерінде және өнер мектептерінің музыкалық бөлімшелерінде алады, оның ішінде 200 музыка мектебі 53 429 оқушыға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді.

Оларды әртүрлі музыкалық мамандықтар бойынша 80 мыңнан астам бала білім алады, оларға жеті мыңға жуық педагог сабақ береді. Педагогтердің 70 %-нан астамының жоғары білімі бар және өз мамандығы бойынша жұмыс істейді. Музыкамен айналысумен және музыкалық бағыттағы әртүрлі іс-шараларға қатысумен жалпы қамту бес жүз мыңнан астам баланы құрайды.

2013-2015 жылдары республикада қосымша 2013-2015 жылдары республикада қосымша білім беруді ұйымдастыру қызметінің талдауы музыкалық білім беру саласындағы бірқатар оң үрдістердің болуын растайды, ол білім беру бағдарламалары мазмұнының жаңаруына, шығармашылық оқу ұжымдарының сақталуына және дамуына, дарынды балаларды қолдау тетігінің қалыптасуына байланысты. Музыкалық қосымша білім беру жүйесінде практикалық қызметтің үлкен тәжірибесі жинақталған. Педагогикалық шеберліктің жоғары әлеуетін оқушылардың халықаралық және республикалық конкурстарға, орындау шеберлігі фестивальдеріне шығарып, табысқа ие болғандарынан көруге болады.

Қосымша музыкалық білім үшін аса маңызды оқиға жас музыканттар – балалар музыкалық мектептері мен өнер мектептері оқушыларының республикалық фестиваль-конкурсын жыл сайын өткізу болып табылады.

2012 жылы жас музыканттардың 46-республикалық фестиваль-конкурсына балалар музыка мектептерінің, өнер мектептерінің және мамандандырылған музыка мектептерінің халық музыкасы бөлімшелерінің (қазақ және орыс халық аспаптары) 881 оқушысы қатысты.

2013 жылы вокал өнері бойынша республикалық балалар фестивалі өткізілді. Конкурсқа балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің вокал бөлімшелерінің 94 оқушысы қатысты.

Композитор Мұқан Төлебаевтың 100-жылдығына арналған жас музыканттардың 47-республикалық фестиваль-конкурсына (2013 ж.) балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің фортепиано бөлімшелерінің, хор сыныптарының 488 оқушысы қатысты.

Жас музыканттардың 48-республикалық фестиваль-конкурсына (2014 ж.) республиканың балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің шекті-шертпелі, үрлеу және ұрмалы аспаптары сыныптары бойынша 377 оқушы қатысты.



2011 жылдан бастап 2015 жылға дейін балалар музыкалық мектептері үшін мына пәндер бойынша: «Қазақ музыка әдебиеті», «Хор сыныбы», «Сольфеджио», «Фортепиано», «Скрипка», «Домбыра», «Сазсырнай», «Қазақ халық аспаптарының оркестрі», «Жетіген», «Қобыз» «Қыл-қобыз», «Флейта», «Саксофон», «Әлемдік музыка әдебиеті» үлгілік оқу бағдарламалары, «Әлемдік музыка әдебиеті» пәні бойынша оқушыларға арналған оқу құралы, «ФРЕШ» балаларына арналған фортепиано шығармалары» электрондық оқу-әдістемелік құралы әзірленді.

2015-2020 жылдары 20-дан астап үлгілік оқу бағдарламалары, құралдар әзірленетін болады.

Қосымша музыкалық білім құбылып тұратын әлеуметтік жағдайларға және балалар мен ата-аналардың қызығушылықтарына әсер етеді. Мектептерде акустикалық гитара, электрлі гитара, синтезатор, джаз сыныптары және т.б. сияқты жаңа музыкалық бағыттар, мамандықтары ашылады.

Музыкалық-эстетикалық бағыт бойынша **оң жұмыс тәжірибесі** Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Алматы облыстарында, Астана және Алматы қалаларында жинақталды.

Мына облыстарда балалар музыкалық мектептерінің саны басым:

Батыс Қазақстан облысында 20 музыка мектебі жұмыс істейді, оның ішінде ауылдарда - 15 мектеп, оларда 4260 бала оқиды.

Оңтүстік Қазақстан облысында 19 музыка мектебі жұмыс істейді, оның ішінде ауылдарда - 9 мектеп, оларда 6855 бала оқиды.

Атырау облысында 19 музыка мектебі жұмыс істейді, оның ішінде ауылдарда - 13 мектеп, оларда 5081 бала оқиды.

Павлодар облысында көркемдік-эстетикалық бағыттағы қосымша біліммен қамтылған оқушылар саны Екібастұз қ. М.Глинки ат. балалар музыкалық мектебінің жаңа ғимаратының іске қосылуы есебінен ұлғайды. Мектеп Президент Н. Назарбаевтың тапсырмасымен,

жаңа технологиялар пайдаланыла отырып, салынды, республикада оған ұқсайтын мектеп жоқ, контингенті 650 бала.

6 ауданда музыка мектептері балалар өнер мектептеріне қайта ұйымдастырылған, тек Железин ауданында қамту 175-тен 307 балаға дейін ұлғайды.

Құрманғазы атындағы № 1 балалар музыка мектебі қала мен облыстың мәдени-білім беру орталығы болып табылады. 70 жылдың ішінде 3000-нан астам түлекті даярлады, олардың көпшілігі үшін музыка өмірлік жолына айналды.

Мұнда шығармашылық жұмыс пен өзін өзі жетілдіру үшін барлық жағдайлар жасалған, мектептің мәдени-ағарту қызметінің бірнеше бағытын атап көрсетуге болады:

концерттік-лекциялық қызмет (лекция-концерттер, музыка туралы әңгімелер, жоғары сынып оқушыларына арналған «Музыкалы қонақжай» қызықты кездесулер клубы);

атаулы күндер мен оқиғаларға концерттер ұйымдастырып, өткізу, олардың ішінде ерекше атап өтуді қажет ететіні: «Поклонимся великим тем годам», «Желтоқсан желі», «Весна в женских сердцах», «Наурыз думан», «Новогодний серпантин»;

қала балабақшаларының балалары мен жалпы білім беру мектептерінің оқушыларына арналған «Метаморфозы» музыкалық-сахналық факультативінің театрландырылған қойылымдар өткізуі. Репертуарға «Бремен музыканттары», «Қар патшайымы», «Кішкентай ханзада», «Доктор Айболит» сияқты мюзиклдер, «Колобок», «Волшебная свирель» музыкалық ертегілері және т.б. кірді.

Мектепте «Шалқыма», «Кербез» домбыра ансамбльдері, «Айдарай» вокалды ансамблі, «Рондо» гитаристер триосы, «Вдохновение» педагогикалық дуэті, «Сюрприз» фортепиано дуэті жұмыс істейді. Жоғары сынып оқушыларына арналған «Музыкалы қонақжай» қызықты кездесулер клубы ерекше танымал.

Әрбір музыка үйренуші өз қалауы бойынша қосымша пәндерді таңдай алады. Ол синтезаторда ойнауды үйрене алады, музыкалық-сахналық факультативінің, кішкентай балаларды шығармашылық дамыту үйірмесінің сабақтарына қатыса алады, музыка уақытының негіздерін, композицияны, музыкалық шығармалардың талдауын және музыка теориясын зерделей алады.

Жыл сайын «Сириус» жазғы мектеп жанындағы бейінді лагерь құрылады. 2015 жылы лагерь өз жұмысын 15 маусымда бастайды, 28 тамызда аяқтайды, жазғы демалыспен 745 бала қамтылатын болады.

«Сириус» мектеп жанындағы бейінді лагері жұмысының мазмұны: жобаларды іске асыру, қызметтің түрлі бағыттары бойынша

шығармашылық бірлестіктер жұмысын ұйымдастыру, мәдениет мекемелерімен өзара іс-қимыл жасау.

Жобалардың мақсаты баланың жеке тұлғасын дамыту, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытудың негізінде оның қабілеттерін ашу, толыққанды демалыс ұйымдастыру.

«Атадан Мұра» іздестіру-зерттеу жобасының 30 қатысушысының жоспарында «Әл-Аки» фольклорлық ансамблінің шығармашылығымен танысу, Иса Байзақов атындағы облыстық филармониясының қазақ ұлттық аспаптары оркестрінің дайындықтарына бару, Ж. Аймауытов атындағы қазақ драма театрының актерлерімен кездесу, қазақ халқының мұрасын зерделеу.

Кинолекторий нысанында «Музыка көкжиектері» зияткерлік-танымдық жобасы іске асырылатын болады. 40 білім алушы әлемдік балет, опера классиктерінің үлгілерімен танысады.

«Музыка және Уақыт» танымдық-зерттеу жобасына қатысушылар шығармашылық кездесулерде А.Чехов атындағы облыстық драма театрының артистерімен танысады, қолөнер шебері З. Худорожкомен танысады, Павлодар симфониялық оркестрінің дайындықтарына қатысады. Жоба қызметінің қорытындысы оқушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі болмақ.

«Созвездие мелодий» музыкалық-білім беру жобасының 15 қатысушысы фортепиано сыныбына оқытудың бастапқы кезеңіндегі слух бойынша таңдау дағдыларын дамыту үшін қажетті дәрістермен, тәсілдермен танысады. Фортепиано сыныбында таңдау мен аранжировка дағдыларына кезең-кезеңімен оқыту бағдарламасы әзірленді. Жоба үстіндегі жұмыстың қорытындысы оқушылар дайындаған концерт болмақ.

«Фантазёры» музыкалық-сахналық жобасының шеңберінде А.Чехов атындағы облыстық драма театрының актеры А.А.Репинмен, И.Байзақов атындағы облыстық филармонияның әншісі О.Н.Скориковамен, шығармашылық кездесулер ұйымдастырылатын болады, «Ешкі, жеті лақ және қасқыр туралы» музыкалық спектакльдің қойылымы жүзеге асырылатын болады.

«Сказочная лаборатория» музыкалық-білім беру жобасының авторлары білім алушыларды ертегілер сюжеттеріне жазылған музыкалық шығармалармен таныстырады. Балеттер, мюзиклдер, балалар музыкалық фильмдерін көру ұйымдастырылатын болады. Жобаның нәтижесі балалар шығармашылық жұмыстарының альбомдарын жасау, "Щелкунчик" ертегісі бойынша музыкалық-театрлық қойылым болады.

№1 БММ білім алушыларының концерттік практикасын өткізу үшін Павлодар қаласының он жалпы білім беру мектебімен шарттар

жасалған. Жазғы уақытта концерттік іс-шаралармен 1700 мектеп оқушысын қамту жоспарланған.

Балалардың жан-жақты қабілеттерін дамыту, балалар шығармашылығының жаңа резервтерін ашу Павлодар қ. Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебінің педагогтерінің міндеті болып табылады.

Қазақстандағы білім беру реформаларының процесі көркемөнер білімін де қозғайды.

«Қосымша көркемдік білім беру» деп адамға әлемді көркемдік, образды танып-білудегі шығармашылықтың тұрақты қажеттілігіне ие болуға, өзін барынша жетілдіруге, нысаналы, әлеуметтік, кәсіби, жеке тұлғалық тұрғыда өзін-өзі айқындауға мүмкіндік беретін негізгі білім алудан тыс мақсатты білім беру түсініледі. Ол үшін:

балалардың білім берудегі жеке тұлғалық қажеттіліктерін көркемдік-эстетикалық дамыту үшін жағдайлар жасау;

әрбір баланың білім беру саласын, бағдарламаны және оны игеру уақытын, педагогті еркін таңдауы үшін жағдайлар жасау;

баланың әртүрлі қызығушылықтарын, бейімділіктерін және қажеттіліктерін қанағаттандыратын нысананың көптеген түрлерін ұсыну;

жеке тұлғаның танымға және шығармашылыққа, өзін өзі жетілдіруіне және кәсіби өзіндік айқындалуына бейімделуін дамытуға ықпал ететін білім беру процесінің жеке тұлғалық-әрекеттік сипатын қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі кезеңде көркемдік білім берудің мақсаты: жалпы білім берудегі мәдениет пен өнердің жалпы деңгейін арттыру, көркемдік білім беру саласында маңызды, ажырамас бастапқы звено ретінде қалыптасқан көркемөнер мектебі бірегей жүйесін сақтау және дамыту болып табылады.

Балалар көркемөнер мектептері мен Балалар өнер мектептерінің көркемөнер бөлімшелеріне кіретін балаларға қосымша білім беру жүйесі оқыту мен тәрбиелеу үшін маңызды мүмкіндіктер ұсынады. Көркемөнер мектептерінің негізгі міндеті – көптеген балаларға бастапқы көркемдік білім беру және аса қабілетті де дарынды оқушыларды мәдениет пен өнердің жоғары оқу орындарына түсуге дайындау.

Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта 30 көркемөнер мектебі және 95 Балалар өнер мектептері жанындағы көркемөнер бөлімшелері бар, оларда шамамен 28 мың бала оқиды.

Көркемөнер мектептерінде және Балалар өнер мектептерінің көркемөнер бөлімшелерінде көркемдік оқыту мен тәрбиелеудегі жүйелі тәсіл «Сурет», «Кескіндеу», «Композиция», «Мүсіндеу», «Өнерлер

тарихы» сияқты пәндерді оқыту процесінде, сондай-ақ қосымша пәндерді енгізу, «Дизайн негіздері», «Компьютерлік графика», «Керамика» және т.б. жекелеген пәндер бойынша оқу жүктемесін араластыру есебінен жүзеге асырылады. Бастапқы көркемдік білім берудегі табысты жұмыстың маңызды шарты оқушылардың жас ерекшелік және жеке ерекшеліктерін ескеру болып табылады, бұл білімді, біліктер мен дағдыларды игеру процесінің заңдылықтарында көрінеді.

Оқытудың негізі шығармашылық дамыту мен оқытуды бірлігі болып табылады. Кез келген оқу-тәрбиелеу жұмысы балаларды шығармашылық дамытумен қалай да байланысты болуы тиіс, ал кез келген шығармашылық тапсырмада оқу-тәрбиелеу міндеттері шешілуі тиіс.

Көркемөнер мектебінде оқыту дайындық сыныптарына және 4-жазғы негізі мектепке бөлінеді. БКМ дайындық сыныптарында бейнелеу өнерінің практикалық сабақтарының негізгі мақсаты – оларды әрі қарай оқытудың мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Оқу бағдарламасын табысты игерген жағдайда дайындық сыныптарында оқытудың нәтижелері бойынша оқушылар көркемөнер мектебінің 1-негізгі сыныбына қабылданады. «Балаларды ерте көркемдік-эстетикалық дамыту» білім беру бағдарламасы балалар көркемөнер мектебіне жас ерекшелігі 6 жастан басталатын балаларды қабылдауға бағытталған және бейнелеу өнері (1 сағат) және мүсіндеу (1 сағат) сияқты 2 пәннен тұратын сабақтарды қамтиды. Балалармен ерте кезеңде жұмыс істеу мектебінің міндеті: мектепке дейінгі жастағы балаларды ерте көркемдік-эстетикалық дамыту үшін жағдайлар жасау; балалардың бейнелеу қызметіне қызығушылығын қалыптастыру және дамыту арқылы одан әрі жұмыс істеу үшін жеке контингент дайындау.

120 мыңға жуық бала Оқушылар сарайларының, үйлерінің, Республиканың шығармашылық орталықтарының және Аула клубтарының, Демалыс орталықтарының үйірмелерінде, студияларында көркемдік шығармашылықпен айналысады. Оқушылардың көптеген бөлігі бейнелеу өнерімен және сәндік-қолданбалы шығармашылықпен айналысады. Дизайн, компьютерлік графика сияқты бағыттар азырақ дамыған.

Бұдан басқа, елдің барлық дерлік жалпы білім беру мектептерінде көркемдік шығармашылық үйірмелері, клубтары жұмыс істейді, оларда 130 мыңнан астам оқушы қамтылған.

Жазда қала сыртындағы көркемдік-эстетикалық бағыттағы үйірмелерге 100 мыңнан астам оқушы қатысады.

Республиканың қосымша білім беру ұйымдарының сәндік-қолданбалы өнерінің үйірмелерінде, сыныптарында халық шығармашылығымен танысу, жұмыс технологиясымен және қазақ халық бұйымдарын дайындаумен танысу бойынша балалармен жұмыс жүргізіледі.

Республикада балалардың көркемдік білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалады: жалпы білім беру мектептерінде, аула клубтарында, ауылдар мен аудан орталықтарында көркемөнер үйірмелері ашылады. Ауылдық жерлерде көркемдік білім беру ұйымдарының 35% жұмыс істейді.

Республикада «Балаларды ерте көркемдік-эстетикалық дамыту» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингентінің ұлғаю үрдісі байқалады. Әртүрлі алаңдарда мектептердің көрме қызметі жандандырылды.

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасында көркемдік білім беруді жетілдіру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде.

2013 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы мынадай іс-шараларды жүргізді.

«Ұрпақтар мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз» көркемдік және халық қолданбалы шығармашылығының республикалық көрмесі (2013 ж.) білім алушыларды көркем мәдениетке және тарихи мұраға тарту, заманауи сәндік-қолданбалы өнерде халық дәстүрлерін сақтау мен дамыту бойынша балалар мен жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау мақсатында өткізілді, көрмеге 600-ден астам жұмыс шығарылды.

«Әлем мәдениетінің жауһарлары балалардың көзімен» балалар суреттерінің республикалық конкурсы (2013 ж.) баланың жеке тұлғасының шығармашылық әлеуетін дамыту, өсіп келе жатқан ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастыру, бейнелеу өнері саласындағы дарынды, талантты балаларды анықтау және қолдау мақсатында ұйымдастырылды, 189 білім алушы қатысты.

«Еңбек адамын ардақтайық!» балалар суреттерінің республикалық конкурсы жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары оқушыларының арасында өткізілді (2014 ж.), мақсаты – білім алушылардың бойында Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың дәстүрлі құндылықтарын сақтау мен дамытуға деген лайықты еліктеуші, оң көзқарасты жағымды образды қалыптастыру. Конкурсқа Қазақстан Республикасының жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 11 жастан 18 жасқа дейінгі білім алушылары қатысты, 294 білім алушы қамтылды.

«Аяз атаның жаңа жылдық түнгі хикаялары» комикстердің республикалық сырттай конкурсы жалпы білім беру мектептері, колледждері мен қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткізілді. 106 бала қатысты.

«Қазақстан – менің алтын бесігім» балалар суреттерінің республикалық сырттай конкурсы жалпы білім беру мектептері, колледждері мен қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткізілді (2015 ж.). Конкурсқа барлығы 230 жұмыс түсті.

Конкурс өсіп келе жатқан ұрпақты Қазақстан халқының мәдени және рухани құндылықтарына тарту, балаларға патриоттық және эстетикалық тәрбие беру, білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау мақсатында өткізілді. Жыл сайын республиканың көркемөнер мектептерінің оқушылары халықаралық, ресейлік, республикалық, қалалық көркемөнер көрмелерінің дипломанттары болып табылады.

Жас суретшілердің жұмыстары Үндістанға, Кореяға, Болгарияға, Испанияға, Ресейге халықаралық конкурстарға жіберіледі. Көркемөнер бағытындағы халықаралық, республикалық, облыстық іс-шараларға 80 мың оқушы қатысады. 200-ден астам бала жыл сайын Халықаралық конкурстардың жеңімпаздарына айналады.

2013 жылы «Киіз өнері», «Ағаштан ою», «Кілем тоқу» пәндері бойынша сәндік-қолданбалы өнер бойынша бағдарламалар әзірленді.

2014 жылы мынадай әдістемелік өнімдер: "Композиция" пәні бойынша оқу құралы, "Кескіндеу" пәні бойынша педагогтерге арналған құрал, "Сурет", "Графика", "Қолданбалы композиция" пәндері бойынша әдістемелік нұсқаулықтар әзірленді.

Көркемдік қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін Республикалық қосымша білім беру орталығы жыл сайын біліктілікті арттыру курстарын, авторлық және модификацияланған бағдарламалар конкурстарын өткізеді.

Мына облыстарда көркемдік білім беруді дамытудың оң үрдістері байқалады:

Ақтөбе облысында 7 көркемөнер мектебі жұмыс істейді, оларда 2020 бала оқиды.

Ақтөбе қ. Қалалық көркемөнер лицейіндегі балалардың көркемдік-эстетикалық және әлеуметтік-мәдени дамуы үшін қолайлы жағдайлар.

Барлық бағыт бойынша лицейдің қызметі білім беру процесін жетілдіруге, оқытудың табыстылығы мен тиімділігіне, уақыт талабына сай болуға тырысуға бағытталған.

2014-2015 оқу жылында 888 бала оқиды. 2013-2014 жылы 103 бала бітіріп шықты.

2012 жылы Қалалық көркемөнер лицейіне ЮНЕСКО клубының мәртебесі берілді.

Оқушылар «Подводная картина» халықаралық көрмесі, «АРТ-самғау» жас суретшілердің халықаралық фестиваль-конкурсы, Халықаралық ұлттық жастар дельфий ойындары сияқты көптеген танымал республикалық және халықаралық марапаттауларға ие болған.

Алматы қаласында Ә.Қастеев атындағы бейнелеу өнері мен техникалық дизайн мектебі жұмыс істейді.

Әбілхан Қастеев атындағы бейнелеу өнері және техникалық дизайн мектебі (Ә. Қастеев атындағы БӨТДМ) 1981 жылы Алматы балалар көркемсурет мектебі (АБКМ) ретінде құрылды, ол Алматыдағы балаларға бастауыш көркемдік білім беретін алғашқы мамандандырылған оқу ғимараты.

2005 жылы желтоқсанда мектеп Әбілхан Қастеев атындағы Алматы бейнелеу өнері және техникалық дизайн мектебіне өзгертілді. Ә. Қастеев атындағы БӨТДМ 1564 бала оқиды, оның ішінде - 5 білім алушының мүгедектігі бар, 4-уі жетім балалар.

2006 жылы мектептің педагогикалық ұжымы Қазақстан Республикасының көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің көркемөнер бөлімшелеріне арналған негізгі көркемсурет пәндері бойынша 7 үлгілік оқу бағдарламасын дайындады.

Мектеп оқушылары – бейнелеу өнері бойынша «Мой Казахстан» (ҚР Мемлекеттік Орталық мемлекеттік мұражайы), «Мир литературных образов и художник» (Алматы қ. әкімдігі және «Конгресс духовного согласия» халықаралық қоғамдық қоры) т.б. сынды қалалық, республикалық және халықаралық фестивальдер мен байқаулардың тұрақты қатысушылары мен жеңімпаздары.

Мектептің ерекше мақтанышы – ол ЮНЕСКО жобасының Бүкіләлемдік «Рисуют дети мира» альбомдық сериясына қатысуы. Осы жоба аясында 2003 жылдан бері БӨТДМ «Дети рисуют мир. Казахстан» республикалық байқауы жеңімпаздарының жұмыстары кіретін әсерлі альбом шығаруды ұйымдастырады, «Дети рисуют мир. Центральная Азия» және «Дети рисуют мир. Тюрксой» кітаптар топтамасы шығарылған.

2005 жылғы ақпанда Париждегі Бүкіләлемдік ЮНЕСКО клубтары қауымдастығының шешімімен мектепке ЮНЕСКО-ның Бірінші қазақстандық клубы мәртебесі берілді.

2015 жылы мектеп осы маңызды оқиғаның 10-жылдығын халықаралық ғылыми-практикалық коллоквиум өткізумен атап өтті. Оның қатысушылары ЮНЕСКО-ның көркемдік білім беру бойынша өңірлік сарапшылары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, Орталық Азия, Австрия, Оңтүстік Корея, Вьетнам, АҚШ, Ресей, Беларусь, Украина

өкілдері болды.

ЮНЕСКО клубы мәртебесіндегі мектеп балалардың шығармашылығын көпшілікке танымал ету мен халықаралық мәдени және білім берумен алмасу бойынша үлкен жұмыс жүргізеді, балалар көркем шығармашылық халықаралық фестивальдерге қатысады, Белоруссия, Ресей, Корея Республикасы, Чехиямен тығыз әріптестік байланыстарды ұстап тұрады.

Міндетті жазғы пленэр-практика аясында мектеп оқушылары басқа халықтардың мәдениетімен танысатын, сәулеттік және табиғи көрікті жерлердің этюдтары мен суреттерін орындайтын әртүрлі елдерге пленэрге шығады.

Сұлу әлемге тарту, өнерге деген махаббатты сіңдіру, балалар жүрегіне қайырымдылық негіздерін орнату – бұл директорлары – Қазақстан Республикасының құрметті білім беру қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы кеуде белгісінің иегері Есенова Ханзада Әзімханқызының басшылығымен өз жұмысын қалыптастыратын педагогикалық ұжымның ұстанымдары.

Ақмола облысында 2 көркемсурет мектебі жұмыс істейді, онда 616 бала оқиды.

Көкшетау балалар көркемсурет мектебі өзінің шығармашылық жолын 1979 жылы бастады. Мектепте 400-ден астам оқушы білім алады. Мектеп түлектерінің көбі өз өмірлерін суретші кәсібімен байланыстырды. көркемсурет мектебінде алынған білім өмір жолы мен мамандықты таңдауда негіз қалаушы факторға айналды.

2004 жылдан бастап Көкшетау қ. Балалар көркемсурет мектебінде нашар еститін балаларға арналған мамандандырылған сынып жұмыс істейді.

2008 жылы мамандандырылған сыныптың алғашқы түлектері шығарылды. Төрт бітіруші балалар көркемсурет мектебін үздік бітіру туралы куәлік алды.

2004 - 2014 жылдар аралығында балалар көркемсурет мектебін нашар еститін, сондай-ақ тірек-қимыл аппараты бойынша мүгедек 33 бала бітіріп шықты.

Мектептің педагогикалық ұжымының мақсаты балалар әлемді бейнелеу өнері арқылы танитын шығармашылық орта құру есебінен тәрбиелеу мен оқыту болып табылады.

Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі баланың жеке тұлғасы, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтары тәрбиелеу және білім беру процесінің басты назарында болуы тиіс, оның мәні жекелеген функцияларды түзетуде емес, балаға деген біртұтас көзқарасты іске асыруда, дербес әрі толыққанды өмір сүруі үшін қажетті тәндік және психикалық мүмкіндіктерін дамытуда.

Педагог Н.А. Булгакованың «Нашар еститін балаларды арттерапиялық технологиялар элементтері арқылы бейнелеу өнеріне оқыту» авторлық бағдарламасы «Әдістемелік вернисаж» әдістемелік идеялардың республикалық байқауында «Қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары» номинациясында Бас жүлдеге лайықты болды.

Мектеп өз тәрбиеленушілерінің байқаулардағы жетістіктерімен мақтан тұтады: Қазақстан жастарының Ұлттық Дельфий ойындары, Халықаралық «Нова Загора - 2014» жастар бейнелеу өнері көрмесі, Жапониядағы Халықаралық «Foodwaste» ЮНЕП байқауы, Ресей-Калининград форумы аясында «Экология души» балалар бейнелеу шығармашылығы байқауы, Жапониядағы Халықаралық «КАНАГАВА БИЕННАЛЕ» балалар сурет көрмесі.

2015 жылы «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты Көкшетау балалар көркемсурет мектебінің «Балалар көркемсурет мектебі жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбы бойынша тәжірибе жұмысын жинақтады.

Республиканың 127 балалар өнер мектебінде 58429 бала оқиды, олар республикадағы балаларға қосымша білім беру ұйымдарының жалпы санының 27 %-ын құрайды. 72 мектеп ауылдық жерлерде жұмыс істейді, 16 – жеке меншік.

Жылдан жылға білім алушылар санының өсуі балалар өнер мектептеріне деген сұраныстың артқанын көрсетеді. 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейін өнер мектептерінде білім алушылардың жалпы саны 13 %-ға ұлғайды.

Балалар өнер мектебі қосымша білім беру ұйымы ретінде көркемдік білім беру және эстетикалық тәрбиелеу саласында азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған.

Қазіргі өнер мектебінің миссиясы өзіндік айқындалуға, әлеуметтік құзыреттілікке қол жеткізуге, сондай-ақ мектеп оқушыларының өнердің алуан түрлерін игеруі кезінде поликөркемдік дамуына ықпал ететін білім беру кеңістігін құру болып табылады.

Қосымша білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезеңі көбіне инновациялық даму режиміне бағдарланған, ол:

білім беру процесіне оқушыларды көркемдік-шығармашылық дамытудың инновациялық технологияларын және қосымша білім беру қызметтерін кеңейту арқылы поликөркемдік білім беру қағидаттарын енгізуден;

қосымша білім берудің инновациялық ұйымдарын ашудан;

көркемдік білім беру саласында жаңа білім беру жобаларын әзірлеуден көрінеді.

Балалар көркемсурет мектептері мен өнер мектептерінің көркемсурет бөлімшелерінің оқыту мақсаты жеке тұлғаны жан-жақты шығармашылық дамытуды және өзін өзі жетілдіруді, білім алушылардың мәдени деңгейін арттыру үшін қазіргі заманғы білім беру ортасын құру болып табылады.

Қызметтің негізгі бағыттары:

бастапқы көркемдік және эстетикалық білім беру деңгейінде өнердің алуан түрлері бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру;

жеке тұлғаны дамыту және таным мен көркемдік шығармашылыққа бейімдеу;

білім алушы жеке тұлғалардың жалпы мәдениетін қалыптастыру;

жеке тұлғаның кәсіби бағдарлану проблемасын шешу;

көркемдік бағыттағы (музыка, хореография, бейнелеу, сәндік-қолданбалы, эстетикалық және т.б.) білім беру бағдарламаларын іске асыру.

Жалпы көркемдік-эстетикалық білім берумен және тәрбиелеумен қатар балалар өнер мектебі болашақ музыканттарды, суретшілерді, балет артистерін кәсіптік оқытудың бастапқы кезеңі функциясын орындайды.



Өнер мектептерінде білім берудің негізгі мазмұны – практикалық-бағдарлық, әрекеттік. Оқушы іздену жағдайында өзі дербес әрекет етеді, еңбек, табиғат объектілерімен, мәдени ескерткіштермен өзара іс-қимылдан білім алады, балаға білімді өзі игеріп алуы қажет жағдайлар да туындайды. Мұндай білім – тек қана шығармашылық білім, себебі балаға өз жолын табуға ықпал етеді. Осындай жолмен алынған білім жеке тұлға тұрғысынан өте маңызды.

Балалар өнер мектептерінде оқушылардың концерттік және конкурстық қызметіне үлкен мән беріледі. Республикада мектепте бар барлық мамандықтар бойынша конкурстар мен фестивальдер, балалар көркемөнер шығармашылығының көрмелері, музыкалық-теориялық цикл пәндері бойынша олимпиадалар өткізіледі.

Балалар өнер мектептерінде оқушыларды шығармашылық қызметке оқыту дүниетанымды, эстетикалық көзқарас пен көркемдік талғамды нысаналы түрде қалыптастыру проблемасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осының бәрі жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға әсер етеді, оны өздігінен білім алу және өзін өзі дамыту деңгейіне шығаруға көмектеседі. Тек

осындай көзқарас болғанда ғана одан әрі үздіксіз өзін өзі жетілдіру міндетін шешуге қабілетті, құзыретті шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға болады.

2013-2015 ж.ж. Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы республикалық деңгейдегі іс-шараларды өткізді.

Шәкен Аймановтың 100 жылдығына арналған республикалық балалар өнер (кино) фестивалі (2014 ж.) балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдайлар жасау, конкурс номинацияларын көптеп таңдау арқылы бейнефильмдердің жас операторлары мен режиссерларының шеберлігін арттыру, балалардың шығармашылық қабілеттері мен белсенділігін дамыту және балалар мен жасөспірімдерді бірлескен шығармашылық үшін біріктіру мақсатында ұйымдастырылды.

Фестивальге республика киностудияларының балалар шығармашылық ұйымдарының үздік фильмдерінің 12-16 жас аралығындағы авторлары (облыстық конкурстардың жеңімпаздары) қатысты. Қатысқандардың жалпы саны – 80 адам.

Республикалық балалар өнер фестивалі (театр) (2015 ж.) өсіп келе жатқан ұрпаққа рухани-ізгілік, эстетикалық тәрбие беру факторы ретінде балалар театры шығармашылығын қолдау және дамыту, жеке тұлғаны үйлесімді дамыту, өзін өзі көрсете білуге, әлемді эстетикалық және обзарды тануға деген бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Республикалық балалар өнер (театр) фестивалінде республиканың 16 театр ұжымы қатысты. Қатысқандардың жалпы саны – 128.



2013 жылы «Театр», «Қуыршақтар театры», «Кино өнері», «Киім дизайны», «Хореография», «Цирк» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары, балаларға қосымша білім беру жүйесінің балалар көркемөнер мектептері мен өнер мектептерінің көркемөнер бөлімшелерінің әдістемелік қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқамалық-әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Балалар өнер мектебі қосымша білім беру ұйымы ретінде көркемдік білім беру және эстетикалық тәрбиелеу саласында азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Қазіргі өнер мектебінің миссиясы өзіндік айқындалуға, әлеуметтік құзыреттілікке қол жеткізуге, сондай-ақ мектеп

оқушыларының өнердің алуан түрлерін игеруі кезінде поликөркемдік дамуына ықпал ететін білім беру кеңістігін құру болып табылады.

Республиканың балалар көркемөнер мектептері белгілі бір жұмыс тәжірибесін жинақтады:

Қарағанды қаласының өнер мектебі №2 ЮНЕСКО клубы – өнердің көркемдік, музыкалық, хореографиялық, музыка-театрлық және цирк түрлеріндегі жас таланттарды дамытуды қамтамасыз ететін бірегей инновациялық білім беру ұйымы. 2014 жылы мектеп қаланың өнер мектептері арасындағы рейтингіде екінші орынға ие болды.

2011 жылы мектеп Халықаралық ЮНЕСКО қауымдастығының белсенді мүшесіне айналды. Халықаралық ЮНЕСКО қауымдастығына кірудің міндетті шарты инновациялық жобаны қорғау болды. Аталған жағдайда Қосымша білім берудің ресурстық орталығы арқылы негізгі жалпы және қосымша білім беруді біріктіру жобасы қорғалатын болады.

№2 өнер мектебінде мына эстетикалық бағыттар бойынша оқытуды жүзеге асыратын, балаларды өнерге табысты оқыту үшін барлық жағдайлар жасалған:

1) музыкалық – бұл домбыра, қобыз, фортепиано, баян, флейта, саксофон, скрипка, хор, эстрада және халық әндері сыныптары. Мектеп педагогтерінің шығармашылық белсенділігін дамытудың жоғары дәрежесіне орай білім алушылар әртүрлі конкурстар мен фестивальдерге қатысып, жүлдегерлер атанып келеді.

2) көркемсурет бөлімшесінің білім алушылары жүйелі түрде республикалық пленэрлерге шыға алады, онда тұтас еліміздің жас суретшілері жиналады, бірнеше рет халықаралық конкурстардың жүлдегерлері атанды.

3) театр бөлімшесі, мұнда сабақтарды К.С.Станиславский атындағы Қарағанды облыстық театрының жетекші актерлары жүргізеді.

4) эстрада-цирк бөлімшесі – Қарағанды облысында бірегей.

Мектеп базасында «Салют» балалар сауықтыру орталығы (БСО) жұмыс істейді. «Сары-Арқа Әуендері», орыс халық аспаптар оркестрі, «Арнау» хореографиялық ансамблі, вокалдық ансамбльдер, «Меруерт», «Весёлые нотки» хор ұжымдары, цирк бөлімшесінің тәрбиеленушілері республикалық, облыстық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаттары болып табылады.

Мектеп педагогтерінің негізгі мақсаты – білім алушылардың жеке қабілеттерін ашу және жетілдіру, өнердің алуан түрінің өзара әрекеті жағдайында оларды шығармашылық дамыту, бастауыш мектептің әрбір баласын өнер кешеніне сіңдіре отырып және орта буын мен жоғары буында факультативтік курсты таңдау құқығын бере отырып, кәсіби

деңгейде бастапқы эстетикалық білім беру.

2010 жылы педагогикалық ұжым Өнер мектебі базасында Ресурстық қосымша білім беру орталығын (РҚБО) ашу туралы шешім қабылдады.

РҚБО жұмысын мониторингілеу процесінде мынадай оң нәтижелер анықталды:

білім алушыларда эмоциялық-жекебастылық тұрғыда алаңдаушылық, өзіне өзі сенбеушілік, белгілі бір балалар ұжымында болғанда өзін ыңғайсыз сезіну сияқты проблемалардың жоқтығы. Білім алушыларда дау-дамайсыз қатынас дағдылары, қоршаған әлемге, адамдарға, өзіне оң көзқараспен қарау дағдысы қалыптасқан;

оқушылардың оқу жылы ішінде мектеп пен қаланың концерттік қызметіне қатысуы.

Осының бәрі білім алушылардың бойында сұлу әлемді қабылдауын, өнердің әдемі тілін бағалауын, өз күштерін көркемсурет шығармашылығы саласында сынап көруге тырысуын қалыптастыруға ықпал етеді.

РҚБО-ның көркемдік-эстетикалық бағыттағы нәтижелілігінің басты көрсеткіші шығармашылық конкурстарға қатысу және жеңімпаз атану болып табылады.

РҚБО-ның даму перспективалары:

білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес өнердің театр, вокал-хор түрлері бойынша білім беру қызметін кеңейту;

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы білім беру мектептерінің білім алушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын жандандыру. Бұл жағдайда, жоғары сынып оқушыларын оқыту жалпы білім беру мектептерінің оқу жоспарларының вариативті компонентіне кірмей, сабақтан тыс уақытта қосымша білім беру нысанында жүреді;

облыстың қосымша білім беру ұйымдарында оқытушылар мен тәрбиеленушілер үшін on-line режимінде интерактивті сабақтар мен шебер-кластар әзірлеп, өткізу.

Өнер мектебі Қарағанды қ. мен Қарағанды облысының білім беру және мәдени-ағарту кеңістігінде үйлесімді орын тапты, қосымша білім берудің жетекші ұйымдарының біріне айналды. Мектептің қызметі республикадағы қосымша білім берудің қалыптасқан көпсатылы жүйесін сақтауға мүмкіндік береді.

Білім беру жинақталған білімді жас ұрпаққа беруге және білімнің әртүрлі салаларында олардың өзіндік ғылыми зерттеулерімен өз ұстанымдарын нығайтуға бағытталған, «Қазақстан – 2050» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі деп танылды.

Адамның қазіргі еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі

негізінен оның жаңа технологияларды игеру білігіне және еңбектің әртүрлі жағдайларына шапшаң бейімделу қабілетіне байланысты. Дәл осылай болғандықтан қазіргі білім беруде құзыреттілік тәсілі идеясы пайда болды.

Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданының Шығармашылық үйі педагогикалық ұжымының оқыту мен тәрбиелеудегі құзыреттілік тәсілі арқылы баланың жеке тұлғасын ізгілік тәрбиелеуді қалыптастыру жөніндегі тәжірибесін ұсынамыз.

Шемонаиха ауылы Шығармашылық үйінің басты мақсаты – тәрбиеленушілер жеке тұлғасының үйлесімді әрі жан-жақты шығармашылық дамуы үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасау.

Педагогикалық ұжымның міндеттерінің бірі білім беру процесіне жасөспірімдерге қандай да бір қызмет саласында белгілі бір білімдерді, біліктерді және дағдыларды игеріп қана қоймай, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін де дамытуға көмектесетін әдістер мен тәсілдерді енгізу болып табылады.

Шығармашылық үйінің педагогикалық ұжымы, ең алдымен, баланың жеке тұлғасын дамыту факторы ретінде білім берудің мазмұнын мойындаудан бастау алады. Бұл қағидат білім беру жүйесінің элементі ретінде білім беру процесінің бағдарламалық қамтамасыз етілуінің, сабақ өткізу орнының мәнін түсіну үшін, қызметті ұйымдастыру тәсілдерін (педагогикалық технологиялар) айқындау үшін маңызды. Құзыреттілік тәсіл технологияларын қолдану педагогтерді мына талаптарды орындауға міндеттейді: әңгімелесудегі ашықтық, әрекеттік-шығармашылық мінез, баланың жеке дамуын қолдауға бағытталу, балаға қажетті кеңістікті, дербес шешімдер қабылдау еркіндігін, шығармашылықты, зерделеу мазмұны мен тәсілдерін және мінез-құлықты таңдап алууды ұсыну.

«Шығармашылық үйі» КМҚК балаларға қосымша білім берудің негізін балалардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған білім беру блогы құрайды. Балалар өздерінің қажеттіліктеріне сай келетін жұмыс бағытын таңдап алады және бір жылдың ішінде білім алушылар бірнеше үйірмелерге, студияларға, секцияларға баруға құқылы. Шығармашылық үйінің педагогтері үшін қандай да бір салада табысқа жету үшін маңызды қасиеттер тобының болуы тұрғысынан әрбір бала ерекше. Бала білімнің кең спектрінде өз таңдауын жасай отырып, құзыретті бола алады.

Шығармашылық үйінің білім беру процесіне құзыреттілік тәсілін енгізу білім алушылардың жеке бейімділіктері мен қызығушылықтарына орай олардың құзыреттіліктерін анықтауға және қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс оқыту әдістерін өзгертті. Жетекші

дидактикалық құрал жобалар әдісін пайдалану болды.

Қазіргі уақытта Шығармашылық үйіндегі жобалау қызметі оқу процесін әдістемелік дамытудың перспективалы құралы, себебі ол құзыреттердің ең алуан түрлерін, сондай-ақ құзыреттіліктің толық жиынтығы – функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

Жобалармен жұмыс жасау оқушыларды көп нәрсеге үйретеді. Бұл белсенді ойлау қызметі, танымдық және әлеуметтік белсенділікті дамыту, оқуға деген қызығушылық, ой өрісін кеңейту және білімді саналы түрде алу және пайдалану. Шығармашылық үйінің тәрбиеленушілері проблеманы шешуге, ақпарат жинау және өңдеу дағдыларын, зерттеу қызметінің біліктері мен дағдыларын алуға үйренеді, білімді қолдануды, талқылауды және өз ойын білдіруді үйренеді.

Шығармашылық үйі тәрбиеленушілерінің үздік жобалары «Марш парков» халықаралық жобасында, «Dance Life» аула билерінің республикалық сырттай конкурсында, «Мой Пушкин», «Радуга», «Шығыс жұлдыздары», «Ғажап бұл әлем» балалар шығармашылығының облыстық конкурстарында жүлделі орындарға ие болды.

Жобалау қызметі тікелей білім мен ақпарат көзіне қарағанда, көбінесе «тәлімгерге» айналған педагогтердің ұстанымын да өзгертті.

Педагогикалық ұжым әрбір тәрбиеленушіге білім алу траекториясын құруға мүмкіндік беретін ашық білім беру кеңістігін құра алды. Білім алушылардың білім алудағы қажеттіліктерін үйірмелер, секциялар, клубтар қамтамасыз етеді. Шығармашылық үйінің қосымша білім беруінің мазмұны мынадай бағыттарды ұстанады: бастапқы техникалық үлгілеу, «Сиқырлы қылқалам», туристік-өлкетану, театр-драмалық, лингвистикалық, спорттық, шахмат-шашки бағыты, автомобиль клубы, қолданбалы өнер, хореография, сәулет дизайны, вокал студиясы және музыкалық аспаптарда ойнау, жақын орналасқан ауылдарда мектептердің жанынан техникалық шығармашылық бастапқы техникалық үлгілеу, сәулет дизайны студиялары ашылған.

Педагогтердің авторлық білім беру бағдарламаларының әзірлемелері әрбір баланың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, Шығармашылық үйінің оқу-тәрбиелеу процесінде құзыреттілік моделін пайдалану оқу-тәрбиелеу процесін басқаруға, педагогтердің қызметіне өзгерістер енгізді.

Педагогикалық ұжым қызметінің мақсаты білім алушылардың өз жоспарларын айқындауы, әдеттегі және әдеттегіден тыс жағдайларда

шешімдер қабылдай білу сияқты біліктерді игеруі болып табылады.

Сапалы білім беру – бұл балаға таңдау еркіндігін, өзін өзі айқындау және кез келген жағдайда тиімді әрекет ету құқығын қамтамасыз ететін білім. Қосымша білім беру педагогтерінің бейінді оқу бағдарламалары бойынша жұмысы оқушыларға өзінің шығармашылық, эстетикалық дамуы үшін кез келген бағытты таңдап алуына мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламаларының маңызды сипаттамаларына олардың «ашықтығы», балалардың жеке бағдарланумен, жеке мүдделерімен және сұраныстарымен байланысты мазмұны мен технологияларының ішкі жылжымалылығы жатады. Көркемдік білім беру бағдарламалары оқушылардың жалпы және эстетикалық мәдениетін, өнердің таңдап алынған түрлеріндегі көркемдік қабілеттері мен бейімділіктерін дамытуға бағытталған. Бағдарламалар шығармашылық өзіндік айқындалу, шығармашылық импровизация мүмкіндіктерін көздей отырып, айқын көрінетін креативті сипатқа ие.

Қосымша білім берудің қазіргі практикасында барынша кеңінен ұсынылған бірнеше бағдарлама бекіді: музыкалық шығармашылық бағдарламалары, театр шығармашылығы бағдарламалары, хореографиялық шығармашылық, бейнелеу және сәндік-қолданбалы шығармашылық бағдарламалары. Көркемдік бағыттағы барлық бағдарламаларды біріктіруші сипаттама олардың көпдеңгейлілігі, балалардың әртүрлі танымдық, әлеуетті бағыты бар оқушыларға бағытталу және балалардың өміршеңдігін ұйымдастыру болып табылады.

Павлодар облысы Екібастұз қ. «Қайнар» білім беру-демалу кешеніндегі театр шығармашылығы бағдарламасын іске асыру тәжірибесін ұсынамыз.

«Маска» студиясы 15 жыл бойы облыстағы театр қозғалысы үшін бастапқы алаң болып табылады. Жыл сайын студияда әртүрлі жастағы топтарда 50 бала оқиды. Жұмыс істеп келе жатқан уақытында театр ұжымы 60-тан астам театр қойылымы қойылды.

Студияда мүмкіндіктері шектеулі балалар да айналысады. Сабақтар мен дайындықтар үстіндегі қызмет түрлерін жиі ауыстыру, физкультминуттар, бірнеше рет қайталау – проблемалы балалармен жұмыс істеудегі міндетті элементтер болып табылады. Ата-аналар мен әлеуметтік қызметкерлер театр сабақтарының тәрбиелеушілердің жалпы дамуы мен эмоциялық жай-күйіне оң әсер беретінін атап айтады.

«Маска» театр студиясының тәрбиеленушілері «Роза ветров» халықаралық конкурсының, «Қазақстанның жас таланттары» балалар театр ұжымдарының республикалық фестиваль-конкурсының,

«Шаңырақ көктемi» театр ұжымдарының облыстық конкурсының жеңімпаздары болып табылады.

Студиядағы барлық шығармашылық қызмет балалардың қызығушылықтарына сәйкес келеді, мұнда «педагог-тәрбиеленуші», «тәрбиеленуші-тәрбиеленуші» жүйесінде ізгілік, өзара сенім білдірушілік қатынастар орнаған, студияға қатысушылардың мүдделеріне сәйкес келетін репертуар мен жаңа технологиялар пайдаланылады. Театрдағы сабақтар оқушыларды тәрбиелеу мен дамытудың, функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тамаша тәсілі болып табылады.

Спектакль мен рөлді жасап шығару процесі дамыту, белсенді көркемдік қызметке қосылу құралы ретінде және тиісінше адамды өзгертеді. Тәрбиеленуші фонограммалар, жарық партитурасын дайындаудағы, реквизитті, костюмдерді таңдау мен дайындаудағы, спектакльді безендірудегі дағдыларға үйренеді.

Спектакль – қатысушылардың жеке қызығушылықтарын дамыту тәсілі. Сонымен қатар спектакль – нақты әрі әлеуметтік мақсатқа бағытталған ұжымдық шығарма. Көркемдік қызмет процесінде жеке және ұжымдық, жеке және қоғамдық бірігу жүреді.

Балалар театр ұжымының көркемдік бірлестік ретіндегі ерекшеліктері қандай?

Дербес ұжым ерікті негізде құрылған. Оның барлық қатысушылары театр шығармашылығына, қарым-қатынастағы қажеттілікке, бірлескен жұмысқа деген өзара қызығушылыққа ғана байланысты. Негізі мақсат өзіндік шығармашылық әлеуетті іске асыруға, өзін-өзі көрсетуге, ізгілік-эстетикалық рухани дамуға, өнерге араласуға ұмтылу болып табылады. Бұл мақсаттар басты педагогикалық мақсат – жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға бағынатын болғандықтан ұжымның жалпы міндеттері деп аталуы мүмкін.

Шығармашыл ұжымның жалпы қолжетімділігі. Бұл – кез келген бала білім алу мен қабілеттері деңгейіне қарамастан көркемдік қызметтегі өз қажеттіліктерін іске асыру мүмкіндігін ала алатын бірден бір ұйым.

Балалар театр ұжымы адам іс-қимылының негізгі түрлері: танымдық, даму, коммуникативтік және көркемдік-шығармашылық түрлері синтезделген бірлестікті білдіреді. Ол бір уақытта оқу-тәрбиелік және көркемдік-практикалық болып табылады. Бұдан басқа, ол рекреациялық ұжым, себебі оған қатысу тәрбиеленушілердің демалысы мен ойын-сауығының нысаны.

Балалар театр ұжымының маңызды ерекшелігі жас ерекшелік және әлеуметтік құрамның әртүрлілігі болып табылады, бұл оларды басқаруды күрделендіреді және қатысушылардың қызығушылығын

ілгерілетуде үнемі назар аудару қажеттігін негіздейді.

Дербес шығармашылық жағдайында балалар театр ұжымы басшысының рөлі ерекше. Ол ұжым үшін толық жауапкершілікте болады, өмірі сол ұжыммен байланысты болады.

Осылайша, ұжымға қатысушылардың барлық осы жақтары өзара тығыз байланысты, педагогикаға бағдарланған және тиісті дәрежеде ұйымдастырылуы тиіс.

Оқушыларды үйірмелерде, студияларда, секцияларда шығармашылық қызметке оқыту дүниетанымды, эстетикалық көзқарасты және көркемдік талғамды қалыптастыруға нысаналы түрде әсер ету проблемасының маңызды ажырамас бөлігі болып табылады. Осының бәрі жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға әсер етеді, оны өздігінен білім алу және өзін-өзі дамыту деңгейіне шығуға көмектеседі. Тек осындай көзқарас болғанда ғана алдағы уақытта үздіксіз өзін өзі жетілдіру міндетін шешуге қабілетті құзыретті шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға болады.

235 бала Шығыс Қазақстан облысы Семей қ. дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған балет мектебінде білім алады.

Балет мектебі хореография пәндеріне оқытудың бастапқы сатысы болып табылады. Бастапқы кәсіби хореографиялық білімнің негізінде: классикалық, халықтық-сахналық, бал билері, ырғақ, актерлік шеберлік, сахна практикасы, театр және балет тарихы, музыкалық сауаттылық сияқты арнайы пәндер мен арнайы курстар жатыр.

Балет мектебінің репертуарында 120 би қойылымы, балеттер: «Звездные танцы Вселенной», «Дюймовочка», «Отанның шуағы» және таптырмас талғамымен, жеңілдігімен, әсемдігімен, кәсібилігімен ерекшеленетін басқа да қойылымдар бар.

Мектептің педагогтері жетекші шетел және отандық хореография мамандарының тәжірибесін қолданумен өздерінің кәсіби деңгейлерін үнемі арттырып отырады. Халықаралық мәдени орталықтармен, оқу орындарымен ынтымақтастық шығармашылық кездесулер, академиялық театрлардың жетекші артистерінің шебер-кластарын өткізуге мүмкіндік береді.

Тәрбиеленушілер педагогтерінің жетекшілік етуімен хореографияда жоғары нәтижелер көрсетеді. Мектеп көптеген халықаралық конкурстар мен фестивальдердің лауреаттары және дипломанттары болып табылады.

Мектептің педагогикалық және оқу ұжымдары балет өнерін насихаттау бойынша үлкен жұмыс жүргізеді. 2014-2015 жылдары облыстың 60-тан астам концерттері мен шебер-кластарына қатысты.

Балет мектебінің ұжымы жыл сайын қайырымдылық

концерттерін өткізеді. 2014 жылы алынған қаражат балалар үйлері мен Шығыс Қазақстан облысының өңірлеріндегі төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге бағытталды.

Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған балет мектебінің педагогикалық ұжымы балалар хореографиялық ұжымын құрды, ол:

1) қатысушыларды жеке тұлғаның рухани қажеттіліктерін, олардың ішкі жан-дүниесін, эстетикалық талғамын, ізгілік-мінез-құлықтық мәдениетін көтеретін және байытатын ұйымдасқан шығармашылыққа тартудың өзіндік нысанына;

2) олардың өмір сүру, өзін өзі орнықтыру, өзін өзі көрсету және өзін өзі жетілдіру аясына;

3) өзара түсіністікті және ақпарат алу мен беруді, тәжірибе алуды, эмоциялық-адамгершілік қарым-қатынасты, құндылықтар мен бағалауды қамтамасыз ететін диалогқа деген жеке тұлғаның табиғи қажеттілігі іске асатын қарым-қатынас саласына;

4) тәндік және көркемдік-эстетикалық даму саласына, әрбір бала кез келген сыртқы агрессиядан қорғаныс тапқан, жолдастық өзара түсіністік, бірге қайғырушылық, көмек пен қолдауға ие болған қорғалушылық пен қолдау кепілдігіне;

5) қоғамның моделіне, жеке тұлғаның қоғаммен өзара іс-қимылы, әлеуметтік рөлдерді игеру, өмір сүруді ұйымдастырудың демократиялық нысандарының тәжірибесін жинақтаудың негізгі базасына;

б) ұжымдық қызмет пен ұжымдық қатынастар жүйесінде іске асырылатын әлеуметтік-адамгершілік нормалар мен құндылықтардың жеткізушісіне және рухани, адамдардың құндылыққа бағытталған бірлігіне айналды.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік мәдени кеңістігін, рухани-ізгілік тәрбиесін және құндылық бағдарын қалыптастыру үшін өнердің тәрбиелеушілік әлеуетін іске асыру үшін жағдайлар жасау маңызды. Бұл бағыттың тиімділігі көбіне көркемдік-эстетикалық процестің барлық субъектілерінің өзара іс-қимылы мен өзара ынтымақтастығына байланысты болады, себебі қазіргі көркемдік-эстетикалық қызметтің ерекшеліктерінің бірі негізгі және қосымша білім берудің аясында ғылыми әзірлемелердің, аумақтардың мәдени әлеуетінің, педагогикалық және психологиялық аспектілердің жұмыс істеуі.

Жоғарыда аталған ұстанымдардың шешімі, балалардың көркемдік-эстетикалық білім беруді жаңғырту:

бірыңғай көркемдік-эстетикалық білім беру кеңістігін қалыптастыруға;

жалпы және қосымша білім беру жүйелерінің, мекемелердің,

ұйымдардың, шығармашылық одақтардың, мәдениет пен ғылым қайраткерлерінің балаларға көркемдік-эстетикалық білім беру жүйесін дамытуға оңтайлы өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;

«қосымша білім беруді ұйымдастыру – мектеп – Техникалық және кәсіптік білім – ЖОО» үздіксіз көркемдік-эстетикалық білім беру жүйесін құруға;

өсіп келе жатқан ұрпаққа көркемдік-эстетикалық білім берудің бағыттарының әртүрлі салаларын таңдау еркіндігін мен оларға қолжетімділігін қамтамасыз етуге, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін өзіндік жетілдірудегі қажеттілігін қанағаттандыруға;

көркемдік-эстетикалық білім берудің сұраныстағы жүйесін, сыртқы әлеуметтік-экономикалық әсерлерге төзімділікті қамтамасыз етуге;

көркемдік-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары жүйесін сақтау және жаңғыртуға;

балаларды көркемдік-эстетикалық оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде жұмыс істейтін қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға;

аумақтардың көркемдік мұрасы мен мәдени дәстүрлерінің рухани-адамгершілік әлеуетін белсендендіруге, ізгілік қағидаттар мен жеке тұлға мен қоғамның идеалдарын қалыптастырудың құралы ретінде өнердің тәрбиелеу әлеуетін іске асыруға;

өнер құралдарымен өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиелілік деңгейін арттыруға, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жеке тұлғаның азаматтық көзқарасының қалыптасуына және өзін өзі жетілдіруіне жағдайлар жасауға;

білім беру бағдарламаларын өнер мәдениеті саласында іске асыратын қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жетілдіруге;

заманауи медиақұралдар мен медиатехнологияларды пайдалана отырып, өнердің дәстүрлі және қазіргі заманғы түрлерін біріктірудің негізінде көпшілік коммуникацияларды дамытуды ескере отырып, көркемдік-эстетикалық білім берудің мазмұны мен технологияларын жаңартуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазіргі білім беру идеологиясы өзінің шығармашылық әлеуетін әлеммен, табиғатпен, қоғаммен өзара әрекетте іске асыратын адам – жоғары құндылыққа бағдарланады. Осыған байланысты оқытуда субъективті тәсілді іске асыру қажет, оның шеңберінде әрбір бала өзінің мектептегі және мектептен тыс өмірін белсенді түрде таңдап алу және дербес құрастыру құқығына ие болады.

Мектеп оқушысының құзыреттілігі мектептегі дәстүрлі сабақтарда ғана қалыптастырылмайтынын ескеретін болсақ, алған қойылған мақсатқа қол жеткізуге болады. Мектеп оқушысын дамытудың жаңа бағытын балаларға қосымша білім беру жүйесі қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік стандарттар шегіндегі негізгі толық білім; қосымша білім – шығармашылықтың қандай да бір бағытында жеке білім алу қажеттіліктері мен қызығушылықтарды ескеру.

Қосымша білім беру саласында білім беру нысандарының көпсатылы жүйесі қалыптасты, олардың әрқайсысының жеке ерекше функционалдық бағыты бар: үйірмелер, оқу факультативтері мен практикумдар, элективті курстар, студия, клуб, ғылыми қоғам, шағын ғылым академиясы, кәсіптік мектептер (музыкалық, спорттық, көркемсурет және т.б.).

Қосымша білім беруді жеке табиғи қасиеттер мен қабілеттердің, уәждер мен құндылық бағдарлардың негізінде нақты іспен айналысатын адамдардың «бір-бірлеп өңдеу» процесі ретінде қарастыруға болады.

Көпшілікке таныстыру нысанында (көрмелер, фестивальдер, конференциялар, жарыстар және т.с.с.) қосымша білім берудің нәтижелері әртүрлі атақтар (дипломант, лауреат, чемпион, біліктілік разрядтары және спорт шебері атақтары және т.с.с.) беру арқылы бағаланады.

Қосымша білім беру педагогтерінің көптеген бөлігі – бұл ғылымның, өндірістің, спорттың, туризмнің, өнердің және т.б. нақты салаларындағы кәсіпқойлар.

Балалардың қосымша білімі – балаға мыналарға мүмкіндік беретін мақсатқа бағытталған процесс:

- әлеуетті шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту;
- өз мүдделерін айқындау;
- мектеп бағдарламасы шегінен тыс өзінің білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- әлеуметтік тәжірибе;
- өз қатарластарымен және үлкендермен өзара іс-қимылға үйрену;

табыс жағдайын сезіну;
алғашқы кәсіптік дағдыларды алу;
кәсіп таңдауда айқындалу.

Қосымша білім беру жүйесінің мақсаты – жеке тұлғаны таным мен шығармашылыққа ынталандыруды дамыту, қоғамның әлеуметтік сұранысына сәйкес қосымша бағдарламалар мен қызметтерді іске асыру.

Балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру кезінде мынадай басымдықты қағидаттарға сүйенеді:

баланың қызметтің түрлері мен салаларын еркін таңдап алуы;
баланың жекебасты қызығушылығына, қажеттіліктеріне, қабілеттеріне бағдарлану;

баланың өзіндік айқындалуы мен өзін өзі жетілдіруінде еркіндік беру мүмкіндігі;

оқытудың, тәрбиелеудің, дамытудың біртұтастығы;
білім беру процесінің практикалық-қызметтік негізі.

Аталған қағидаттар балаларға қосымша білім берудің негізін құрайды, ол гуманистік педагогиканың: адамның бірегейлігі мен өзіндік бағасын, оның өзін өзі жетілдіру құқығын тану, педагог пен баланың жеке тұлғалық-теңқұқылық ұстанымы, оның мүдделеріне бағдарлану, оның бойынан құрметтеуге лайық жеке тұлғаны көре білу сияқты басты қағидаттарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларында қосымша білім беру:

баланың құқығын іске асыруға, балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған оң өзгерістерге;

отбасының әлеуметтік-экономикалық қорғалушылығына;
балалар мен жасөспірімдердің арасында әлеуметке қарсы құбылыстардың алдын алудың тиімділігін арттыруға;

саламатты өмір салтын қалыптастыруға;
мемлекеттік кепілдіктердің негізінде балаларға қосымша білім алуда қолжетімділікті, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге;

қосымша білім берудің білім беру оқу бағдарламалары бойынша білім алатын балалардың үлес салмағын ұлғайтуға;

мемлекет тарапынан қолдау мен көмек көрсетілген, білім мен шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында дарынды балалардың үлесін ұлғайтуға;

қалалық және ауылдық жерлерде қосымша білім беру ұйымдарының санын ұлғайтуға;

қазіргі заманғы заңнамалық базаны, нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді құруға, балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың тетіктерін әзірлеуге **ықпал етуге бағытталған.**

Мына қағидаттардың негізінде балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңарту қажет:

балаларға қосымша білім берудің қолжетімділігі және тегін болуы;

білім беру процесін ізгілендіру, демократияландыру;

балаларды даралау, жас ерекшелік қызығушылықтарын ескеру;

балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;

отбасымен байланыс, отбасының мәдени-білім беру мүдделеріне бағытталу;

ұлттық-мәдени дәстүрлерді сақтау және дамыту;

отансүйгіш азаматты тәрбиелеуде білім беруге құндылықпен қарау;

жалпы және қосымша білім берудің өзара іс-қимылы;

білім берудің ашықтығы және полисалалығы, басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсаттарына негізгі үш міндетті шешу арқылы қол жеткізуге болады.

1. Балаларға қосымша білім беруді дамытуға жағдайлар жасау (балаларға қосымша білім беру жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, балаларға қосымша білім беру жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету, өзін өзі басқару жағдайындағы қосымша білім беру).

2. Балалардың кәсіби бағдарлануы мен өзіндік айқындалуының құралы ретінде қосымша білім берудің сапасы мен үздіксіздігі.

3. Мемлекеттік-қоғамдық басқаруды, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының, бизнестің және азаматтық қоғамдастықтың әлеуметтік әріптестігін дамыту.

Осылайша, әлеуметтік тапсырысты іске асыра отырып, балаларға қосымша білім беру, мүмкіндіктер мен ресурстарды біріктіре отырып, ведомстволық, аумақтық бағыныстылығына қарамастан, әртүрлі салалардың, аялардың субъектілерімен белсенді және тікелей өзара іс-қимылда дамуы тиіс.

Қолданылған әдебиет

1. ҚР «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
3. Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж.17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары».
5. Асмолов А.Г. Стратегия и методология социокультурной модернизации образования, ФГАУ "ФИРО", Москва, 2011
6. Березина В.А. Развитие дополнительного образования детей в системе российского образования: Учебно-методическое пособие. Москва: Диалог культур, 2007.
7. Бруднов А.К. О становлении и развитии системы дополнительного образования детей // От внешкольной работы – к дополнительному образованию детей: Сб. нормативных документов и нормативных материалов для дополнительного образования детей – М., 2000.
8. Буйлова Л.Н. «Актуализация роли дополнительного образования детей в современной образовательной политике РФ» // Актуальные задачи педагогики: материалы междунар. заоч. науч. конф. (г. Чита, декабрь 2011 г.). Чита: Издательство «Молодой ученый», 2011.
9. Дополнительное образование: опыт и перспективы развития / Под науч. ред. С.В. Сальцевой. - М., 1997.
10. Евладова Е. Б., Логинова Л. Г., Михайлова Н.Н. Дополнительное образование детей. М.: ВЛАДОС, 2002.
11. Золотарева А.В. «Современные проблемы дополнительного образования детей» –Учебное пособие, Ярославль, 2014г.
12. Ксембаева С.К. Из истории развития внешкольной работы в Республике Казахстан. Всероссийская научно-практическая конференция «История образования и просвещения в сибире и казахстане, посвященная 180-летию Л.Н.Толстого» - Омск, 1980.
13. Морозова Н.А. Дополнительное образование – многоуровневая система в непрерывном образовании /Н.А.Морозова – М.:МГУП, 2001.

14. Сущенко Т.А. Организация учебного процесса во внешкольных учреждениях: учеб. пособие. 2-е изд., испр. и доп. СПб.: Лань, 2008.

15. Сембаев А., История развития советской школы в Казахстане, А.-А., 1962.

Введение

Сегодня образованность человека определяется не столько специальными знаниями, сколько его разносторонним развитием как личности, ориентирующейся в традициях отечественной и мировой культуры, в современной системе ценностей, способной к активной социальной адаптации в обществе и самостоятельному жизненному выбору, к самообразованию и самосовершенствованию.

Образовательный процесс в школе должен быть направлен не только на передачу определенных знаний, умений и навыков, но и на разноплановое развитие ребенка, раскрытие его творческих возможностей, способностей и таких качеств личности, как инициативность, самостоятельность, фантазия, самобытность, то есть всего того, что относится к индивидуальности человека. Практика показывает, что все эти требования к уровню образованности человека не могут быть удовлетворены только базовым образованием: оно все больше нуждается в неформальном дополнительном образовании. Современная школа, если она действительно хочет обеспечить подрастающему поколению новое качество образования, должна построить принципиально иную функциональную модель своей деятельности, базирующуюся на принципе полноты образования. Последнее означает, что в общеобразовательной школе базовое (общее) и дополнительное образование детей могут и должны стать равноправными, взаимодополняющими друг друга компонентами и тем самым создать целостное образовательное пространство. Целостное – значит, интегрированное, комплексное, создающее возможность для полноценного развития ребенка во всем богатстве его запросов и интересов.

По большому счету основное и дополнительное образование изначально не должны существовать друг без друга, так как по отдельности они односторонни и неполноценны. Как целостен отдельный ребенок во всем многообразии его потребностей и способностей, так и образование обязано быть комплексным, обеспечивающим полноценное развитие ребенка во всем богатстве его запросов и интересов.

Для того чтобы дополнительное образование могло в полной мере реализовать заложенный в нем потенциал, необходима четкая и слаженная работа всей педагогической системы. Поэтому педагогам так важно знать и понимать проблемы друг друга - тех, кто связан с предметным обучением в школе, и тех, кто профессионально занимается дополнительным образованием детей. Только их взаимопомощь и совместные продуманные действия могут стать

основой для создания единого образовательного пространства, как на уровне отдельной школы, так и целого города, региона, страны.

Дополнительное образование детей является частью общего среднего образования, призванной подготовить их к осознанному построению своей профессиональной и социальной деятельности через удовлетворение индивидуально- групповых образовательных потребностей с учетом стратегии подготовки нового поколения к участию в производстве и культурной жизни страны.

Дополнительное образование является сегодня актуальным полноценным и необходимым компонентом системы непрерывного образования.

Организации дополнительного образования детей наиболее приближены к запросам детей и гибко реагируют на новые образовательные потребности.

Взгляд на данную проблему представлен в статье видного ученого А.Г. Асмолова, в которой говорится, что в культуре различают три вида связей между поколениями. Это связь в традиционных культурах, когда знания передаются через традиции предков. Второй вид – когда опыт поколений передается «через инструкцию взрослого, стоящего над ребенком». Главная форма подобного образования – монолог, столь характерный для нашей массовой школы. Есть иной вид связи – через детскую субкультуру и культуру взрослых. Сотворчество взрослого (педагога) и детей, их партнерство рождает особый спектр отношений, задает определенную специфику образования. С этой точки зрения высвечивается совершенно уникальная роль дополнительного образования (5).

По определению ЮНЕСКО термином "дополнительное образование детей" характеризуется сфера неформального образования, связанная с индивидуальным развитием ребенка в культуре, которую он выбирает сам в соответствии со своими желаниями и потребностями.

Дополнительное образование встраивается в структуру любой деятельности, в которую включен ребенок, может предшествовать стандартизированным видам деятельности, а может следовать за ними.

Структурно дополнительное образование вписывается в систему общего среднего образования, также в сферу образовательно-культурного досуга, сближает и дополняет эти системы.

Современное дополнительное образование – это вариативное образование, которое может дополнять обозначенные области по-разному:

- 1) расширять предметные знания;
- 2) добавлять новые компоненты;

3) увеличивать знания личности, оснащая его новыми средствами познания, труда и общения;

4) усиливать мотивацию образовательной деятельности, давая возможность полнее проявить себя.

По своему «местоположению» в системе образования дополнительное образование детей находится за пределами государственного образовательного стандарта, включая изучение тех областей культуры и науки, которые не представлены в школьных программах.

Основное предназначение дополнительного образования – удовлетворять постоянно изменяющиеся индивидуальные социокультурные и образовательные потребности детей.

Дополнительное образование является сегодня актуальным полноценным и необходимым компонентом системы непрерывного образования.

Дополнительное образование детей в системе непрерывного образования направлено на формирование и развитие творческих способностей детей, удовлетворение их индивидуальных потребностей в интеллектуальном, нравственном, физическом совершенствовании, а также организацию их свободного времени.

Для выполнения вышеуказанных задач дополнительного образования необходимо:

4) обеспечить государственные гарантии доступности и равных возможностей получения обучающимися дополнительного образования через введение нормативного финансирования дополнительного образования детей в общеобразовательных школах и организациях дополнительного образования;

5) создать современную инфраструктуру и укрепить материально-техническую базу системы дополнительного образования детей;

